



Марал
Зейнел-Ғабиқызы

Жақсының аты өшпес

Издательство
“Северный Казахстан”



Марал
Зейнел-Ғабиқызы

Жақсының аты өшпес

Петропавл қаласы
2011 жыл

УДК 070
ББК 76.01
3 41

Марал Зейнел-Ғабиқызы
“Жақсының аты өшпес”
Петропавл қ., 2011 - 248 б.

Таралымы: 250 дана

Көркемдік редакторы - Айбар Оспанов
Фотоиллюстрация - Айдын Оспанов

ISBN 978-601-7247-27-0

Бұл кітап аяулы әкем, ҚСРО Жазушылар Одағының мүшесі Зейнел-Ғаби Иманбаевтың тоқсан жыл толуына арналған. Пайғамбар жасында дүниеден өткенге дейін саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнап, талай көркем шығармалар жазып еліне мирас етті. Жазғанынан жазары көп еді, тағдырдың жазуынан озу жоқ. Оның қалған ғұмыры артында қалған ұрпақтары мен жақсы шығармаларында жалғасады. Ол келер уақытпен ілесіп өзінің кейіпкерлерімен ілгері кете бермек.

ISBN 978-601-7247-27-0

УДК 070
ББК 76.01

© Марал Зейнел-Ғабиқызы, 2011

Жазушы
Зейнел-Ғаби Иманбаевтың
өмірі мен шығармашылығы



Жаңа кітапқа сәт сапар!

Жазушы Зейнел-Ғаби Иманбаевтың есімі тек қана біздің облысқа ғана емес бүкіл Республикаға мәлім. Ол 1941 жылы Баян орта мектебін бітіргеннен кейін денсаулығына байланысты әрі қарай оқи алмайды. Бірақ өмірге құштарлығы мен табиғи талабы күшті жас жігіт өздігінен оқып білімін көтереді, үнемі іздену, талаптану үстінде болады. Шығармашылық жұмысты өлең жазудан бастайды. Алғашқы өлеңдері 1940 жылы облыстық «Ленин туы» газетінде жарық көреді. Бұл кезде ол әлі 16 жаста ғана еді. Тұңғыш әңгімесі — «Қанатты өмір» 1953 жылы республикалық «Әдебиет және искусство» журналында жарияланады. Содан былай қарай облыстық, республикалық газет, журналдарда әңгімелері, очерктері, повестері, үнемі жарияланып тұрады. Оның алғашқы әңгімелер жинағы «Бастама» Қазақстан мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан 1959 жылы басылып шықты. Одан кейін «Сырымбет» (1960), «Арлан» (1961), «Дала көктемі» (1962), «Жирен сақал» (1963), «Кішкене малшы» (1964), «Кең аймақ» (1965), «Жас шыбықтар» (1966), «Солмайтын гүл» (1968), «Нажағайлы түнде» (1970.), «Кіреуке мерген» (1973), «Айналайын адамдар» (1975), «Қыран түлегі» (1977), «Дала әңгімелері» (1979), «Құстар қайтып оралғанда» (1981), «Ауыл түтіні» (1985), тағы басқа жинақтары шықты.

Жазушының тақырып шеңбері де ауқымды. Ол өзінің әңгіме, очерк, повестерінде ауыл өмірін, тың және тыңайған жерлерді игеру кезіндегі адамдардың қажырлы еңбегін, Ұлы Отан соғысы кезіндегі тылдағы қиындықтар, әр түрлі мамандық иелері жайлы сөз қозғайды. Зейнел-Ғаби Иманбаев балаларға арналған көптеген әңгіме, повестердің авторы. Оның балаларға арнап жазған туындылары өте қызықты болып келеді, олар жас жеткіншектерді бірден баурап алады. Зекең 1987 жылы ұзаққа созылған аурудан не бары 63 жасында дүние салды.

Соның өзінде оның артында мол мұра қалды. Өкінішті жазушының сол мол мұрасы соңғы жылдары ешқайда қайта жарияланбай, ұмытыла бастады. Мысалы қазіргі жастар оның шығармаларын білмейді.

Осы кемшілікті жазушының қызы Марал Зейнел-Ғабиқызы түзетіп отыр. Ол әкесінің бірсыпыра шығармаларын жинап



«Жақсының аты өшпес» атты кітап құрастырып баспаға ұсынып отыр.

Кітап төрт бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімінде жазушының өмірбаяны және ол туралы бірнеше автордың естеліктері мен мақалалары берілген. Екінші бөлімінде жазушының бірнеше әңгімелері, киносценарий мен сахнаға арналған шығармасы орын алған. Үшінші бөлімде суреттер, жазушының ата-тегінің шежіресі мен ұрпақтарының тізімі, құжаттарының ксерокөшірмелері топтасқан. Төртінші бөлім жазушы шығармаларының библиографиялық көрсеткіштерінен тұрады.

Жазушының өмірі мен шығармашылығы туралы 63 автордың мақалалары кітапта орын алған.

Ал Зекеңнің шығармаларының осы кітапқа енген библиографиясын қарап отырсаңыз, оның еңбекқорлығына таң қаласыз. Шынында ол аз ғұмырының өзінде 27 кітап, әр түрлі журналдарға 72 мақала, очерк, әңгіме, облыстық, республикалық газеттерде 770 еңбегін жариялапты. Одан басқа қазақ календарында онға жуық мақаласы басылыпты. Бұл адам таңқаларлық еңбек емес пе?! Бір айта кететін жайт, өмірінің жылдары жазушы көп ауырды. Соның өзінде соңғы күндеріне дейін жазуын тоқтатпаған. Бұл жерде оны мәпелеп күтіп, жазуына жағдай жасаған оның жан жары Кәмеш Байқасқызының еңбегі зор екенін айту парыз.

Ал, осы кітапты құрастырып жарыққа шығарып отырған жазушының қызы Маралға айтар алғысымыз шексіз. Ол өзі де бірнеше өлеңдер жинағын шығарған елімізге белгілі ақын. Еңбегің жемісті болып, шығармашылығың арта берсін дейміз Марал қарындасымызға. Мына шығып бара жатқан кітапқа сәт сапар тілейміз!

*Қайролла Мұқанов, Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі, өлкетанушы*



ЗЕЙНЕЛ-ҒАБИ ИМАНБАЕВ /1924-1987/

1924 жылы 2-ші қаңтар күні Солтүстік Қазақстан облысының Преснов ауданына қарасты (қазіргі Шал ақын ауданы) Ортақкөл ауылында туған. 1941 жылы Баян орта мектебін бітіреді де, денсаулығына байланысты, одан әрі қарай оқуын жалғастыра алмайды. Колхозда есепші болып істейді. Бірақ өздігінен оқып білімін көтереді, үнемі іздену, талаптану үстінде болады. Өлең жазады. Алғашқы өлеңдері облыстық «Ленин туы» газетінде /1940/ жарық көреді. З.-Ғ. Иманбаевтың тұңғыш әңгімесі — «Қанатты өмір» 1953 жылы республикалық «Әдебиет және искусство» /қазіргі «Жұлдыз»/ журналында басылады. Содан былай қарай облыстық, республикалық газет-журналдарда әңгімелері, очерктері, повестері үнемі жарияланып тұрады. Жазушы Зейнел-Ғаби Иманбаев 22-ші қараша 1960 жылы Кеңес үкіметі Жазушылар Одағына мүшелікке қабылданды, әдеби псевдонимі — Қаражігітов. Алғашқы әңгімелер жинағы — «Бастама» деген атпен Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан 1959 жылы басылып шықты. Одан кейін «Сырымбет» /1960/, «Арлан» /1961/, «Дала көктемі» /1962/, «Жирен сақал» /1963/, «Кішкене малшы» /1964/, «Кең аймақ» /1965/, «Жас шыбықтар» /1966/, «Солмайтын гүл» /1968/, «Нажағайлы түнде» /1970./, «Кіреуке мерген» /1973/, «Айналайын, адамдар» /1975/, «Қыран түлегі» /1977/, «Дала әңгімелері» /1979/, «Құстар қайтып оралғанда» /1981/ Алма-Аты «Жалын», «Ауыл түтіні» /1985/, «Солмайтын гүл» /1988/ атты повестері, әңгімелері мен очерктері жеке кітап болып басылып шықты.

Зейнел-Ғаби Иманбаев өмірден оқыған жазушы. Әр қаламгер өмір сырына өз көзімен қарап, содан өзінше ой түйетіні белгілі. Осы тұрғыда нағыз шындықтан жаза баспауға тырысатын Зейнел-Ғаби Иманбаевтың тақырып шеңбері де ауқымды. Ол өзінің әңгіме, очерк, повестерінде ауыл өмірін, тың және тыңайған жерлерді игеру кезіндегі адамдардың қажырлы еңбегін, Ұлы Отан соғысы кезіндегі тылдағы ауыртпалық, қиындықтар, әр түрлі мамандық иелері жайлы сөз қозғайды.



Зейнел-Ғаби Иманбаев өмірдегі елеусіз құбылыстардың өзінен тартымды әңгіме тудырып, тереңнен ой толғай білетін, тілге бай сөзге тапқыр жазушы.

Зейнел-Ғаби Иманбаев балаларға арналып жазылған көптеген әңгіме, повестердің авторы. Шығармаларының негізгі тақырыбы — туған жердің тамаша табиғаты, бала бойындағы кіршіксіз таза сезім, олардың аңқау да адал көңілдерінен туындап жатқан жайттар. Жазушы қай тақырыпта болмасын жас буынды Отанды сүйеге, туған жер табиғатын қорғауға, батылдыққа, ержүректікке, еңбекте табанды болуға шақырады, достық, кішіпейілдік, тапқырлық, батылдық жайлы сөз болады.

Зейнел-Ғаби Иманбаев «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін» медалімен, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Грамотасымен, «Тың жерлерді игергені үшін», «Ерлік еңбегі үшін», «В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіне», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы жеңісінің отыз жылдығы», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы жеңісінің қырық жылдығы» медальдарымен наградталған.

1987 жылы ұзаққа созылған аурудан қайтыс болды.

Естеліктер, ой-пікірлер



*Марал Зейнел-Ғабиқызы - журналист,
Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, дәрігер.*

Әкем туралы сыр шертемін

Әкем марқұм «бұл көктемді көрген де бар, көрмеген де бар» деп көктем келгенде қуанып та, мұңайып та қалушы еді... Өйткені оны ойландыратын да, өкіндіретін де жәйлар бар еді. Өзінің қатарластарының көбінен кешегі Отан соғысы айырды. Өзі болса солармен қатар соғыса да алмады, «елім, жерім» деп соққан жұдырықтай жүрегіне соғысқа қатыса алмағаны тастай батты. Бірақ денсаулығының нашарлығына қарамастан елде еңбек етті, сөйтіп жеңіске өз үлесін қосты. Оның айғағы соғыстан соң әкем «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезіндегі еңбегі үшін» медалімен үкімет тарапынан марапатталғаны.

КСРО Жазушылар одағының 1960 жылдан мүшесі, қазақ жазушысы, менің асыл әкем Зейнел-Ғаби Иманбаевтың өмірінің өзі де ерлікке пара-пар еді ғой. Ол туралы аз айтылып, аз жазылған жоқ. «Сөзде-сыйқыр, өлеңде-даналық бар» деп, Мұхамет пайғамбардың хадистерінде жазылған екен. Шынында да жазушылық, ақындық үлкен талғампаздықты, ой ұшқырлығын, жан-дүние байлығын, адами асыл қасиеттерді, таным мен нанымның тереңдігін, сөз құдіретін түсіне білу мен қатар, міндетті түрде, ананың сүтімен, атаның күшімен бойға біткен табиғи талантты қажет етеді. Жазушы күйбең тіршілік пен күйкі өмірдің ұсақ-түйегіне аса мән бермейді, оны қоғамдағы қайшылықтар, өмірдегі жақсы мен жаман, ащы мен тұщы, қоршаған ортаның сәулесі мол жақтары мен көлеңкелі жақтары толғандырады, ойландырады, адамгершілік тұрғыдан баға беруге тырысады, жақсылыққа барар жол іздейді, оқырмандармен ой бөліседі. Жазушы күн сайын сыйқырлы сөз әлемінде шарқ ұрып мыңдаған сұрақтарға жауап іздейді, ой маржанын тізеді.

Әкем әдебиет көгінде самғап шырқап кетпесе де, қырандай қалқып еркін ұшты, оның жазған еңбектерінің қайсын алсаң да, өскелең ұрпақты биік адамгершілік қасиеттерге баулиды: Отанды сүю, үлкенді сыйлау, кішіні құрмет тұту, ананы ардақтау, сондай-ақ ел ішінде кездесетін маскүнемдік, еріншектік, боқтампаздық, өтірікшілік, жағымпаздықты



әшкерелеп, аулақ болуды насихаттайды. Ол өте еңбексүйгіш, қажырлы, қайратты, ақкөңіл, жайдары, жарқын мінезді, қалжыңқой, жомарт жан болатын. Еңбексүйгіштігінің, өмірді өте сүйгендігінің арқасында талай жыл төсек тауқыметін тартып жатып өмірден түңілмеген, көп оқыған, көп жазған. Ақыры еңбегі жанып, 17 кітабы Алматы баспаларынан бірінен соң бірі жарық көрді. Ауылда, Ортақкөлде отырып поштамен жіберген еңбектері кітап болып оралғанда, қатты қуанатын. Біз де әкемізбен бірге қуанып, шаттанып, мақтанып, ерекше бір күй кешетінбіз. Әруақыт мен оны табысымен құттықтап, тағы да жақсы шығармалар жазуына тілектестік білдіретінмін. Әкем мақтанбайтын, өзін барынша қарапайым ұстауға тырысатын, бірақ басқа адамдарға ұқсамайтыны бәрі-бір көрініп тұратын. Ол ешқашан ешкімді сыртынан ғайбаттамайтын, ешуақытта ешкімге жалынбайтын, ештеңе сұрап бармайтын, туған жерін атамекенін сағпайтын. Оған ертеректе жас жазушы есебінде облыс орталығына немесе Алматыға көш, келіп қызмет істе, білімінді көтер деген шақырулар келетін, бірақ «атамекенімді, қос шалқар көлдерімді, ормандар мен шалғындарымды, еңбектеніп салған қонысымды қалай тастаймын, туған-туыс, ағайын мен ауылдастарымды қалай қиып кетемін. Осында тудым, осында өлмекпін» — деуші еді қайран әкем. Ол өзін туған жердің бөлінбейтін бөлшегіңдей көретін еді. Сырқаттанып жүргенде «қалаға көшсеңіз жақсы болар еді» дегенімде, «ешқайда бармаймын» деп қатты ренжіп қалды, көп ұзамай қайтыс болып, Иманбай атам мен Айткүл әжемнің жанына жерлеген болатынбыз.

Әкем қайтқаннан кейін ауылдың адамдары жетімсіреп, ортасы ойсырап, орыны бос, әзіл-қалжыңы естілмей, бастары қосылғанда көпке дейін «шіркін, Зекең болса әлде бір қызық әңгіме айтып, жұрттың көңілін бір көтеріп тастар еді» деп, іздеп сағынып отыратын. Әкем тамаша суреткер болатын. Оның жазған кітаптарының кейіпкерлері — өзімен қоян-қолтық өмір сүрген қарапайым ауылдастары. Шығармаларын оқып отырып аты басқаша болса да жазбай танып, тура өзін көргендей әсер аласың, ақкөңіл ауылдастарымды, өткен ата-әжелерімді сағынамын. Адамның мінез-құлқын, өзіне ғана тән жақсы-жаман әдеттерін қолмен қойғандай қаз қалпында көрсете білуші еді. Табиғат құбылыстарын: қарлы дала, үскірік боран, найзағайлы түн, орман-тоғай, желдің суыры-



лып соғуын, көктем суреттерін, аңдарды, төрт түлік малды сипаттау ол үшін мүлде қиын емес болатын, өйткені ол барлық құбылыстарды байқап тұратын. Ал жазудан қолы босаса аңшылықпен, балық аулаумен, бағбандықпен айналысатын. Мерген болатын, аудандық «Аңшылар қоғамына», мүше болып, күзде ондатр терілерін үкіметке тапсыратын. Құс атқанды ұнататын. Бірде маған үйректің кептерін тіккізді. Өзі ағаштан ойып екі үйрек жасады, ал мен олардың сыртын матамен қаптап, көз, қанаттарын жіппен тіктім, оларды көлге апарып, жіпке байлап, ашық айдынга жібереді де, өзі қамыстың ішінде тығылып отырады, сосын үйрекше дыбыстайды. Ал аспандағы үйректер көлдегі «үйректерге» қонбай қоймайды. Әкем үйге олжасыз оралмайтын.

Ол балаларын өте жақсы көретін. Бізге «оқыңдар, жоғары білім алыңдар, жақсы болыңдар» деп қысқа күнде қырық айтатын. Мен он жылдық мектепті бітірген соң журналистік оқуға түскім келді, мектепте шет тілін дұрыс оқытпай, оқуға түсу мүмкін болмады. Ауылда жұмыс істедім. Оқымай қала ма деп әкем қатты қайғырып жүрді. Институтқа түскенімде шексіз қуанды. Оқып жүргенде ауылға автобус жүрмейді, жиырма бес шақырым жерге қысы-жазы ат жегіп алып баратын. Қайран әкем, «мен сендер үшін қиындық көрдім» деп айтқан емес. Әкеміздің арқасында он баланың жетеуі жоғары білім алды, біреуі — орта мамандық алды. Отбасынан алған тәрбие, өнеге, біліміміздің арқасында елімізге адал еңбек етіп, Аллаға шүкір жүріп жатырмыз.

«Тегінде бар-тек жатпас» дегендей балаларының бәрі өнерге жақын, шетінен әнші, күйші, биші, өлең жазады, «әкелерің аруақ қонған адам еді, әкелеріңе тартқан екенсіңдер» деген еді бір үлкен кісі, дұрыс та шығар.

Әкемнің қолжазбаларын оқып отырып, ол кісінің жарық дүниеде нені жоғары қойғанын бірден түсінуге болады. Ол — еңбек. Эпиграммаларының бәрі еңбек жайлы «жақсы өмір сүру — жақсы еңбек ету» - Лобачевскийдің сөзі. Шығармасының кейіпкері Садуақас Мұстафин «еңбек етуден артық бақыт жоқ» дейді. Сондай-ақ әкем «Сүйген халқымның кәдесіне асар шығармалар жазсам, халқыма өз жүрегімді жарып шыққан сөзімді жеткізсем... Осы мақсат төңірегінде үзбей еңбектеніп, тынбай талаптанып келемін» деп ағынан жары-



лып, толғанып сыр шерткен еді, өзінің 1962 жылы 29-ші шілдеде облыстық теледидардан берген сұқбатында. Жүздеген кітап оқып, оларды ой елегінен өткізіп, әдебиетші болудың қыр-сырын үйреніп, одан қалса өмірден үйреніп, шаршамай еңбек етудің арқасында, табандылығының арқасында артына жүздеген әсерлі әңгімелер мен очерктер, повестер мен пьесалар, суреттемелер мен новеллалар қалдырды. Оның тақырыптары әр алуан еді, соның бірі-ауыл мәдениеті, ауылдың әлеуметтік деңгейі болатын. Жазушының 1962 жылы жазған «Ауылдарымызды мәдениетті етейік» деген көлемді мақаласы «Ленин туы» газеті мен «Мәдениет және тұрмыс» журналында жарық көрген, бүгін де өзінің қажеттілігін, өткірлігін жоғалтпаған 2003-2005 жылдарын Қазақстан үкіметі мен елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Ауыл жылы» деп жариялап, ауылға үлкен бетбұрыс жасап жатқан шақта, сол қырық жыл бұрын жазылған мақаланың үндесіп жатқаны таң қаларлық дүние еді. Бұл мақалада жазушы тұрғын үй, ауылды көгалдандыру, радио-телехабарлармен қамтамасыз ету, көң-қоқыстан тазалау, клуб, кітапхана, дәрігерлік қосындар, кітап дүкендерін ашу, көркемөнерпаздар үйірмелерін ұйымдастыру. Көкөністер өсіріп, балалардың денсаулығын жақсартуға ат салысу мәселелері тілге тиек етілген. «Мен ауыл тұрғынымын. Өзімнің құтты мекенімді құрмет тұтамын. Оның күн санап өмір талабына сай қарыштап өсуіне, көркейуіне шамаман келгенше үлесімді қосуға ынталымын» деп шын жанашырлық білдірген.

Әкем өнер жолының оңайға түспегенін айтып отыратын. Жазушылық өнерді меңгеру жолында көптеген кедергілер мен жайсыздықтар да кездеспей қалған емес. Өз сөзі «халық бақыты үшін арманда кеткен ардагерлерді тірілтіп шығару міндетім сияқты болады да тұрады». Алдына осындай нұрлы мақсат қойып көп еңбек етті. Ол 1921 жылы Кеңес үкіметін орнату жолында құрбан болған күрескер жерлесіміз Құрманғали Бошатаев туралы деректі повесть жазбақшы болып, көнекөз қариялардан деректер жыйнады. Шығарма сол қалпы болған оқиға негізінде жазылды. Аз ғана байлар Құрманғалиды бір түнде жоқ қылып жібергенмен, оның қайғылы қазасы туралы ел ішінде білетін кісілер болған. Өлтіріп, мүрдесін белгісіз соқыр құдыққа тастағанын біреу білмесе де, біреу біл-



ген. Құрманғалиды Бекі Төребаев бастаған кулактар түнде жойып, «біз білмейміз, Спасовкадағы атаманға жібергенбіз, солар Қызылжарға жіберіпті» деп алдаусыратқан. Әкемнің деректі повесі жарық көрмеді, оның орнына «Қыран түлегі» атты көркем әдебиет дүниеге келді. Жеке адамдардың жалған намысы әкемнің нұрлы мақсатына бөгет болды, елі үшін опат болған жерлесіміз Құрманғали Бошатаев аруағының алдында кешірілмейтін күнә болды деп есептеймін. Осы повестің негізінде жазылған «Ауыл жігіті» деген бір актілі пьесасын өткен ғасырдың жетпісінші жылдары Есіл ауданында халық театры сахналады, одан кейін Талдықорған облысындағы «Ақсу» халық театры сахнаға шығарды.

Жазушының алға қойған мақсаттарының бірі — тағы бір аяулы жерлесіміз, ақын, ағартушы Баймағамбет Ізтөлин туралы жазу, оны келер ұрпаққа аманат етіп қалтыру болатын. 1980 жылы көп ізденіп, көп толғанып «Баймағамбет Ізтөлин» атты 2 актілі, 4 көріністі драма жазды. Азамат соғысынан кейін ақын Баймағамбет Ізтөлиннің елде кеңес үкіметін орнатуға, сауатсыздықты жоюға ат салысқанын, тап тартысына қатысып, елді еркіндікке, теңдікке, бостандыққа шақырғанын, күрес жолында қаза болғанын баяндап қана қоймай, оның мән-мағынасын аша түседі.

Тарихты өзгертуге, оны қайта жазуға, бұрмалауға болмайды, оны бәріміз жақсы білеміз. Әкемнің тарихи тақырыптарға жазған шығармалары сол кездегі адамдардың өмірін, қам-қарекеттерін, арман-мақсаттарын шынайы көрсетеді, оның әр кітабы ел мен жер, нағыз еңбекші халық туралы таусылмайтын, соңы жоқ жыр сияқты. Әдебиет дегеніңіз телегей теңіз болса, әкем оған өз үлесін-тамшылаған маңдай терін қосып кетті. Ол әруақыт өткенді ұмытпай, бүгінге қуанып, ертеңгі күнге үлкен үмітпен қарады. Оның тарихи тақырыпқа жазған драмаларының бірі «Шопан қызы», одан кейін «Қос қайың» атты пьесасына Ұлы отан соғысы кезіндегі ауылдың тауқыметі таудай өмірі арқау болған. Ауыз толтырып айта-тын еңбегі «Далам менің» — киносценаріі шын мәнінде тың туралы толғау. Әкемнің осы драмалық шығармаларын көпшілік әлі оқып, танысқан емес, кітап болып шығып, сахна төрінен көрсетіліп жатса тамаша болар еді. Өсіп жатқан ұрпаққа өткенді білу өте қажет. Тарихымызды тек деректі



фильмдерден ғана емес, көркем әдебиет арқылы да тануға болады. Әкем туған елдің қиын-қыстау кезеңдерін, ащысы мен тұщысын зерделеп, жүрегінен өткізіп, келер ұрпаққа аманат етіп кеткендей. Ол қырық жыл коммунистік партияға мүше болды, Кеңес одағы жетпіс жыл өмір сүрсе, әкем алпыс үш жыл өмір сүрді. Оның шығармаларында Кеңес үкіметі кезіндегі ел-жұрттың хал-ахуалдары, тіршілік-тынысы, мұрат-мүдделері көрініс тапқан.

Жазушы, азамат ретінде ол өз борышын, өз міндетін адал атқарып кетті. Ақын Жамбылды Сталинді көп жырлады деп кінәлағандар бар. Сол сияқты менің әкемді де өресіз, ақылсыз адамдар ғана кеңестік өмірді суреттеді деп кінәлауы мүмкін. Ол өз заманының тамаша суреткері болатын.

Жазушы үшін сөз бостандығы ауадай қажет. Қазіргі жеке ел болып, қазақ тілі жаңа биіктерге көтерілген кезде тірі болса, оның елге берері әлі көп еді. Әкем жас кезінен кітапты қаппен әкеліп оқитын, көп оқып, көп білуге тырысқан адам. Үлкен адамдардан әр нәрсені сұрап біліп жататын. Ел аузынан жинағандары да аз емес еді, іске жаратпақшы дүниелері де бар еді. Ол Сегіз сері, Қожаберген жырау, Шал ақын мұраларын жинады. Оның 1987 жылы жазып алған Сегіз серінің Мақпал қызға шығарған елу үш шумақ өлеңі бар. Ол өзіміздің Балта Керей Тұрсынбай батыр туралы деректер жинаған еді, жаза алмай кетті.

Айта кетейін, Балта Керей Тұрсынбай батыр он сегізінші ғасырда өмір сүрген Орта Жүздің атақты батыры, Абылай ханның тұстасы. Жоңғар және қытай-маньчжур шапқыншылығы кезінде қазақ жасақтарының қолын бастаған. Ол туралы Шоқан Уалихановтың 1961 жылы шыққан 5 томдығының 1-томында басылған, одан «Қазақ совет энциклопедиясының» 11 томының 191 бетінде басылған. Әкем іздеп жүріп оған мынандай деректер қосты: Балта Керей Тұрсынбай батыр Соколовка мен Казанка аралығында кедей отбасында 1708 жылы дүниеге келген. Ұзақ та мағыналы өмір сүрген, 1811 жылы қайтыс болып, Челябинь облысы, Итиль ауданы, Итиль орман шаруашылығы орналасқан жерге жерленген, тастан қаланған зираты бар деп әкем жазып кеткен. Тірі кезінде зиратына баруды да көздеген.

Оның қай шығармасын алсаң да адамның адамгершілік



қасиеттерін, жақсы мінезін, көңіл-күйін, бет-бейнесін өте шебер суреттейді, сол адамды көріп отырғандай күй кешесін. Табиғатты, оның түрлі құбылыстарын көз алдына тартады. Жазушының шын шеберлігі оның шындықты бұрмаламай қаз — қалпында көрсете білуінде. Соғыстан кейінгі және тың игеру кезіндегі ауыл өмірін білгіңіз келсе әкемнің шығармаларынан табасыздар. Оның барлық шығармалары алдымен өзіміздің облыстық газет — «Солтүстік Қазақстан» газетіне басылатын. Сонау 1940 жылдан қайтыс болғанға дейін облыстық газеттің шығуына ат салысқан еңбегі ұлан-ғайыр. 1960 жылы 10-шы сәуірде «Ленин туы» газеті жабылды, сол күні соңғы саны шыққан болатын, әкем қатты назаланып: «Аса қадірлі, әр адамның жүрегіне жылы, 45 жыл бойы халыққа шамшырақ болған қарт газет, қайтып көріскенше хош бола тұр. Сенің алғашқы саныңды көре алғамын жоқ, соңғыңды сақтап қоярмын» — тебіреніп жазып қойды. Ал араға 3 жыл салып 1966 жылы 1-ші қаңтарда «Ленин туы» қайта шыққанда әкемнің қуанышында шек жоқ болды.

Ажал айтып келмейді, әкемізден аяқ астынан айрылып, сең соққан балықтай есеңгіреген кезіміз әлі естен кетпейді. Ол күнде дене шынықтырумен айналысатын, ешқандай жаман әдеті болмаған. Денсаулығын барынша сақтауға тырысушы еді. «Құланның қасынуына мылтықтың басуы» дәл келгендей дәрінің әсерінен көз жұмды. Ауылдың өріндегі бейітіне барып дұға оқып қайтамыз. Біз үшін ол — асыл әке, балаларының шынайы досы. Оның ақ дидары, жарқын бейнесі әруақыт жүрегімізде.

«Өмір де өлең сияқты ұзақтығымен емес мағыналылығымен бағаланады» демекші, әкем ұзақ өмір сүрмесе де артына айтуға ауыз толатындай із тастап кетті. Оның бір қысқа әңгімесі бір атқа бергісіз.

Осы бір әке туралы толғауымды әкемнің өз сөзімен аяқтағым келеді, «Мен өзімнің сүйікті кейіпкерлеріммен бірге ілгерілеп кете бермекпін...». Ел аман, жұрт тиыш болса жылдар өткен сайын ол келер айлар мен жылдарға өз кейіпкерлерімен қол ұстасып ілгері кете береді, кете береді... Ия, жазушы еңбектері - ұрпақ мұрасы, ел байлығы. Қазақ халқы «жақсының аты, ақынның хаты өлмейді» деп текке айтпаған. Өнер өлмек емес.

02.2009



Сапар Дүйсенов - соғыс ардагері, зейнеткер.

Зейнел-Ғаби менің ағам еді

Бірге тумасақ та, руымыз бір — Керей, ой-пікіріміз — бір, туған жеріміз — бір, ағалы-інілі адамдар болатынбыз. Арамыздан қыл өтпейтін дос болдық, бір-бірімізді әруақыт іздеп, сәті түссе кездесіп, қатты қуанатынбыз.

Мен 1944 жылы Отан соғысынан жаралы болып елге қайтқан уақыттан бастап Зейнел-Ғаби ағаммен үзбей қарым қатынас жасадым. Шын мәнінде ол менен екі жас үлкен болатын. Ортақкөл ауылына жиі барып тұрдым. Ол ауылда менің бөлелерім Жамық атайдың балалары: Ермұқан, Әкім, Әбдір тағы басқалары тұратын, сонымен қатар қайын атам Қапаш Құрманбаев және оның балалары сол ауылдың кеңшар орталығында тұратын болғандықтан да жиі баратынмын. Зекең екеуіміз әңгімелесіп, өткен-кеткенді тілге тиек етіп ұзақ отыратынбыз. Оның үстіне 1962 жылы мен қазіргі Шал ақын, бұрынғы Октябрь ауданы Марьевкаға аудандық прокурор болып бардым, сонда 1968 жылға дейін қызмет істедім.

Менің тағы есімде қалған бір оқиға — 1952 жылы Қызылжарда тұратын немере ағасы Серкей молланың жалғыз ұлы әскерде қаза тауып, Зейнел-Ғабидың аға-жеңгесіне тоқтау айтып жазған жоқтау өлеңі естіген жанның сай-сүйегін сырқыратып, орны толмас қазаға дүйім жұртты шын жылатқаны. Сол уақытта ол жиырма сегізде ғана болатын, қатты ауырып төсек тартып жатқан, жоқтау өлеңді хатпен жібергенде қала халқы Баянның қырқына жиналып дұға оқып жатқан, отырған ел-жұрт қайғырып, қайысып, жылап отырып сол жоқтауды тыңдаған болатын...

Ол өте бауырмал, кісіге жақын, қайырымды адам еді. Ауылда бір кісінің басына қиындық түссе соның жанынан табылатын. Біреу өліп, біреу туып немесе зейнетке шығып жатса — баршасы көмек сұрайтын, көмек беруден бас тартпайтын. Барлық іс қағаздарын жасап беретін. Тіпті ауылда біреу ауырып қалса да соған келіп кеңес алатын, не істеу керек, қайда, қандай дәрігерге көріну керек екендігін сұрайтын.

Аңшылықты, бағбандықты, балық аулауды ұнататын. Бірде барсам ауылдың жанында Ортақкөл деген айдын көл бар,



содан балық аулап әкелген екен, жеңгем Кәмеш тамаша ғып қуырып алдымызға қойды. Дәмі естен кетпейді.

Кейін қызмет бабымен Мамлют ауданына, сосын Қызылжар қаласына ауыстым, бірақ Зейнел-Ғабимен жиі кездесіп, сұхбаттасып тұрдым. Әр кездесуім мен үшін үлкен қуаныш, мереке, жан жадыратын бір сәт, қас қағым ғұмыр болатын. Ол қайтыс болғаннан бері талай жыл өтсе де, қимастық сезіммен сағына еске аламын. Оның жазғандарын қайталап оқып отырамын, әруақыт сөзінің байлығына, шеберлігіне таң қаламын.

Қызылжар қаласы, 2011



Қайролла Мұқанов - журналист, өлкетанушы.

Жазушының жан жары

Зейнел-Ғаби Иманбаев жасынан өте зирек, оқуға алғыр болған. Сол кезден бастап қолынан кітап түспеген, сыныптан тыс әдеби кітаптарды көп оқыған, өлең жазуға талпынған. Өттең, ол жетінші сыныпты бітірген жылы соғыс басталып кетіп, әрі қарай оқуын жалғастыра алмай қалған. Бірақ өз бетімен оқып, толықтыра берген.

Бірге оқып, бірге өскен замандастары соғысқа кетіп жатқанда ол да майданға баруды армандайды. Бірақ денсаулығы күрт төмендеп, дәрігерлер оны әскерге жарамсыз деп тапты.

Зейнел-Ғаби өзінің осындай ауыр халіне мойымай өмір үшін күреседі. Ол төсек тартып жатса да, көп оқиды, қолынан қағаз қаламын тастамайды.

Әрине, ол Н. Островскийдің 1936 жылы қазақ тілінде латын әріптерімен басылып шыққан «Құрыш қалай шынықты» кітабын оқыған. Осы кітап оның аурудан түңілмей, өмір үшін қайраттанып күресуіне демеуші болған. Сочи қаласында санаторийда жүргенде сол қаладағы Н. Островскийдің мұражайына әдейі барып, оның өмір жолымен, шығармашылығымен толығырақ танысады. Мұражайдың директорына өзінің осы Н. Островскийдің кітабын оқып ауыр науқастан жазылып шыққанын әңгімелеп береді. Сол қазақ тілінде шыққан кітапты елге оралған соң мұражайға салып жіберді. Мұражай директоры кітапты алғанын білдіріп, рахметін айтып жазушыға хат жолдайды.

Зейнел-Ғабиді өлімнен аман алып қалған бір жағынан осы айтылған жәйттер болса, екінші жағынан оның сүйген жары Кәмаш Байқасқызы еді. Зейнел-Ғаби мен Кәмаш 1944 жылдың 3-ші қарашасында қосылып, жас отау тіккен болатын. Олар бір ауылда өскендіктен бірін-бірі жақсы білетін. Сондықтан олар шын мәнінде бірін-бірі сүйіп қосылған.

Міне, осылай, бір жағынан өзінің өмірге құштарлығы мен сол үшін асқан жігерлілікпен күресуінің, екінші жағынан жан жары Кәмаштың қамқорлылығының арқасында Зекең ауыр



наукасты жеңіп, денсаулығын түзеп алады.

Бұрын облыстық, аудандық газеттерге шағын мақалалар ғана жазып келсе, енді әңгіме, очерктер жаза бастайды.

Оның жазушылық талантын сол кездегі облыстық партия комитетінің хатшысы, көрнекті, қоғам қайраткері Илияс Омаров жоғары бағалап, республикалық жас жазушылар съезіне делегат етіп жіберткізеді. Сол 1959 жылы Зейнел-Ғабидің тұңғыш әңгімелер жинағы «Бастама» деген атпен жеке кітап болып шықты. Осыдан кейін оның әңгімелері мен повестерінің жинақтары жыл сайын дерлік шығып тұрды.

Жазушының тақырып шеңбері ауқымды. Оның әңгімелерінен елуінші жылдардағы қазақ ауылының тынымсыз тірлігін көреміз. Тың және тыңайған жерді игеру кезіндегі адамдардың қажырлы еңбегі, кейбіреулердің бойында кездесіп қалатын өзіншілдік, мансапқорлық сияқты жағымсыз қасиеттер де суреттеледі.

Зекең аңшылық, саятшылық өнерді ұнатқан, өзі де талай осы іспен айналысқан. Сондықтан да өзінің бір сыпыра әңгімелерінде «Қарт аңшының әңгімелері», «Арлан», «Бұлан», «Алғыр қара», т.б. аңшылықтың қызығы мен қиындығын әсерлі көрсете алған.

Зейнел-Ғаби Иманбаевтың балаларға арналған әңгімелерінің өзі бір төбе. Ол өмірдегі елеусіз құбылыстардың өзінен тартымды әңгіме тудырып, тереңнен ой толғай білетін, тілге бай, сөзге тапқыр жазушы. Оның кейіпкерлері ой қуған арманшыл, еңбекқор балдырғандар. Бала бойындағы кіршіксіз таза сезімді, олардың аңқау да адал көңілдерінен туындап жатқан жайттарды суреттеген кезде ұтымды штрихтарды дөп басып, дәл қолданады. Бұған оның «Сары шымшық», «Барылдауық», «Майлыаяқ», «Тракторшы бала», «Шіл», «Көжек», «Қызыл галстук», т.б. әңгімелері дәлел бола алады.

Жазушының осындай сапалы да мол шығармалар жазып, оларды жарыққа шығаруында жан жары Кәмаштың еңбегі де зор. Ол екеуі 43 жыл бірге тату-тәтті өмір сүрді, бір-бірін сыйлап, қолдап отырды. Кәмаш дімкас жұбайының жазуына жағдай жасап, үй ішінің бар жұмысын өз мойнына алды. Зекең оның бұл еңбегін қатты бағалады. Оның шаршағанын



көріп, кейде өзі де көмектесуге тырысатын. Бірақ Кәмаш апай оны үй ішіндегі жұмыстарға араластырмайтын. Сен өз жұмысыңды істе, жазуыңды жаз дейтін.

— 1983 жылғы мамыр айында, — деп еске алады Марал Зейнел-Ғабиқызы, — мен Баку қаласында дәрігерлердің мамандығын жетілдіру курсына оқып жүргенде шешем Кәмаш мертігіп, оған ауруханада шұғыл операция жасапты. Сол кезде қатты қорыққан әкем маған «Анық жетім болып сорлап қалдық қой. Бір күнде шашым ағарып кетті. Біздің халіміз осындай мүшкіл болды, тек ақырын қайырлы етсін» деп күйзеліп жазған еді. Әкесінің жұбайынсыз көңілі келмейтінін Маралдың мына сөздері де дәлелдей түседі: «Әкем апамды — ол біздің жарық күніміз дейтін. Ол тіпті апамсыз шай да ішпейтін».

Көп жылдар бойы ауыр сырқаттан зардап шеккен Зекең 1987 жылғы 17-ші қазанда қайтыс болды. Жұбайы Кәмаш пен балалары оның мұрасын жұртшылыққа таныстыруға көп еңбек сіңірді. 1994 жылы жазушының 70 жылдығына орай Приишим орта мектебінде оған арналған әдеби мұражай ашылды. Ашылу рәсіміне Алматыдан, Қызылжардан, бүкіл облыстан көптеген ақындар, жазушылар, ғалымдар, оқырмандар қатысты.

Жазушы дүниеден өткелі 16 жылдан асты. Балаларының барлығы ержетіп, әрқайсысы әр жерде жүріп жатыр. Ал оның жары Кәмаш апай осы күнге дейін сол баяғы Зекеңнің өзі салғызған Приишимка (Повозочное) селосындағы үйінде. Қалада тұратын балалары қанша шақырса да: «Мен Зейнел-Ғабидің шаңырағын жауып кете алмаймын» — оларды шығарып салады.

*«Солтүстік Қазақстан» газеті
01.01.2004*



*Ніл Адғамұлы Болатбаев -
дербес зейнеткер, қоғам қайраткері.*

Ізетті інім еді

Шүкір, ырғайлы Есіл өңірі тума таланттардан кенде емес. Аттары әлемге әйгілі жазушыларымыз да, ғалымдарымыз да баршылық. Ғабит Мүсірепов пен Ғалым Малдыбаевтың тоқсан жылдығын, ұлы Мағжан ақынның ғасырлық тойларын атап өткеніміз күні кеше сияқты, енді, міне тағы бір мерейтойдың табалдырығында тұрмыз.

Зейнел-Ғаби Иманбаевтың шығармашылығы ғана емес, өзі де таныс, араласқан жазушы болғандықтан той қарсаңында ол туралы өз лебізімді білдіргенді жөн көрдім.

Қызмет бабы мен мансабы да, тағдырлары да әрқилы адамдармен таныстырып, табыстырғаны рас. Ал халқымыздың ақын-жазушыларды алақанға салып, әспеттейтіні, олардың әр қадамына көз тігіп отыратыны белгілі. Азды көпті шығармасын оқыған жас талаптың өзін көзбен көргенше, ауызба-ауыз тілдескенше асығатынымыз бекер емес.

Мен өңіріміздегі белгілі адамдардың бәрімен, солардың ішінде Қызылжар топырағынан шыққан ақын-жазушылармен жиі араластым. Елуінші жылдардың бас кезінде қазіргідей бөлшектелмеген Преснов ауданында аудандық партия комитетінің екінші хатшысы болатынымын. Қызметтің денін ат үстінде өткізіп, шаруашылықтарды күн құрғатпай аралап, істің басы қасында жүреміз. Бірде «Баян» колхозына жолым түсті. Сол кезде жазушының туған ауылы «Ортақкөл» осы колхоздың бір бригадасы болатын. Зейнел-Ғабимен мені алғаш таныстырған колхоз басқармасының төрағасы Сексенбай Тұралин еді. Сол тұста кітабы шыға қоймаса да, облыстық газетте әңгімелері, мақала, очерктері жиі жарық көріп тұратын. Тұрмыстың түзелуге бет алған тұсы. Бірнеше жыл төсек тартып жатып, сырқатының беті бері қараған соң, колхоз шаруасына араласыпты, ұмытпасам, бригадада есепші екен. Ағымдағы шаруа барысын да, халықтың көңіл күйін де, ел ішіндегі әңгімелерді де жақсы білетінін, көкірегі ояу, зерделі жігіт екендігін аңғардым. Ел тұрмысына үңілу, естігенді зерделей жүру, ізденген үстіне іздену — қолына қалам



ұстап, ақ қағазға жазып отыратындардың бәріне керек қасиет қой.

Зейнел-Ғаби Иманбаевпен содан былай байланысымыз, қарым-қатынасымыз үзілген жоқ. Зымырап өтіп жатқан уақыт ай десеңші, арамыздағы ағалық-інілік ізетіміз, санап отырсам, отыз жылдан астам уақытқа созылыпты. Бәрінен де өткен күнде белгі бары, із қалғаны қуантады. Көп кешікпей Зейнел-Ғабидің тұңғыш әңгімелер жинағы «Бастама» Алматыда басылып шықты. Бұған дейін мен Зекеңді жаныма ертіп алып, болашағы бар қаламгер ретінде облыстық партия комитетінің сол кездегі насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі Махат Рымжановпен, сәл кейінірек облыстық партия комитетінің хатшысы, аяулы азамат Ілияс Омаровпен таныстырдым. Олар да талантты танып, демегенін, қолдау көрсеткенін айтуым керек. Қол ұшын берген, жазушылығына жол ашқан азаматтарды Зекеңнің өзі де аузынан тастамай айта жүретін. Ауызекі әңгімеге тосылмай, арқалана сөйлейтін мінезі бар еді ғой. Сонымен бірге кішілік, кісілік қалпын да қатаң сақтайтын. Мен ол кісінің біреудің үстінен арыз шағым айтқанын естіген емеспін. Тұрмыстың ауырлығына да мойымады. Керісінше өзі білетін, араласқан азаматтардың жақсылығын асырып, осылар туралы қалам тартсам деп жүрмін деп ой бөлісетін. Ол жерлестерінің, туған ауылының атын бір кісідей-ақ қағазға түсіріп, перзенттік парызын орындап үлгерген қаламгер.

Қазір менің үйімде Зейнел-Ғабидың қолтаңбасын өзі жазып сыйлаған төрт кітабы қымбат жәдігердей сақталуда. Ара-тұра көз жүгіртіп шығып, сол кездегі ауыл адамдарын, ауыл тіршілігін, уақыт қалыбын еске түсіремін. Оңашада кітап, ойлы шығарма таптырмайтын сырлас, дос қой. Әңгімелерінің басын қосқан сондай кітаптарының бірі — «Кіреуке мергеннің» ішкі мұқабасына «Аса құрметті Ніке! Жарыққа шыққан кітап — үлкен болсын, кіші болсын — дүниеге келген тіршілік иесі іспетті. Сондықтан дағды бойынша осы жинағымды сыйлауды парыз көрдім»-депті.

Баспадан он жеті кітабын шығарған Зекең ауыл тақырыбынан айнымаған. Өйткені ол түрлі ұсыныстарға қарамастан туған топырағынан табан аудармаған қаламгер. Туған өңірі, жерлестері, ауыл тынысы оның шығармашылығына



сарқылмас нәр беріп, әрдайым шабыт құсын биік ұшырып отырды десем, шындыққа қиянат бола қоймас.

Сергеев аудандық партия комитетінде бірінші хатшы болған жылдарымда Зейнел-Ғабимен байланысымыз тіпті жиілей түсті. Осы кезде ол республикамызға танылған жазушы еді. «Айналайын, адамдар» кітабында бір очеркін маған арнапты. Жетпісінші жылдары Зейнел-Ғаби Иманбаев деректі очерктерді бұрқырата жазып, олары жинақ болып шыққанша республикалық, облыстық газеттерден бірінен соң бірі жарық көріп жататын. Жалпы алғанда Зекең қолынан қаламын түсірмеген еңбеккер, қажырлы жазушы еді. Қарап отырсам, кітаптары бір ғана «Жазушы» баспасынан емес, басқа баспалардан да жарық көріпті. Мұның өзі оның жазушылық өресінің кендігін дәлелдесе керек. Шынайы өмірді арқау еткен шығарманың оқырманы көп, ғұмыры ұзақ. Зекең қаламынан туған туындылар солардың санатында.

Жақсының аты өшпейді. Зекең өзі арамызда болмаса да, оның шығармашылық мұрасы бүгінгі және келер ұрпақтармен бірге жасайды. Жазушының 70 жылдығын атап өтуіміз де оған деген халық құрметінің айғағы.



Бақыт Мұстафин - жазушы, журналист.

Ауыл жыршысы

Солтүстік Қазақстан өңірінің қымбат қазыналары, бетке ұстар беделі, айшықты белгілері жайлы әңгіме бола қалса ежелден қалыптасып халық ұғымында берік орныққан асыл арқау бар. «Е, ол бір ғажап жәннат жер ғой, табиғаты қандай тамылжып тұрса адамдары да сондай ғаламат. Ол бір тұнып тұрған таланттар елі» деп тамсана таңданатындар да көп. Ия, өткеніміз бен бүгінімізге көз жіберсек расында да біздің жерді көк мұнар қалың ну орман, шабыт шалқытар дархан дала даңқына айналған таланттардың алтын бесігі деп айтуға әбден болады.

Соңғы бірер жылдың еншісі қандай еңселі танылды десеңізші. Алдымен Сәбит Мұқановтың, одан кейін Ғабит Мүсіреповтың, Мағжан Жұмабаевтың мерейтойлары біздің асыл топырақта дүрілдеп өтті. Ғалым Малдыбаевтың, Сафуан Шаймерденовтың, Ермек Қонарбаевтың мүшелді мерекелері де халық жүрегінде тамаша салтанатымен, жарасты сәнімен, ең бастысы сөз өнерінің асқақ құдіретін, қаламгер талантын паш еткен рухани байлығымен жақсы әсер қалдырғаны сөзсіз. Алдымызда тағы бір атаулы той тұр. Ұлы орыс жазушысы, біздің жерлесіміз Иван Шуховтың туғанына тоқсан жыл толады. Қазір облыс жұртшылығы осы мерекеге әзірленіп жатыр.

Осынау мерекелер шоғырында бүгіндері тағы бір жұлдыз жанды. Облысымыздың әдебиет сүйген қалың қауымы белгілі жазушы Зейнел-Ғаби Иманбаевтың туғанына 70 жыл толуын атап отыр. Кеше ғана өзімізбен сырлы сұхбат құрып бірге жүрген, оқырман достарын жыл сайын дерлік жаңа кітабымен қуантып шығармашылық еңбектің үлгісін көрсетіп, өмірді өзгеше ыстық жүрекпен сүйе білген Зекең жетпістің биік белесінен бізге биязы күлімсіреп, қоңыр даусымен жылы лепті үн қатып тұрған тәрізді. Ол бүгін біздің ортамызда, ол бүгін бізге өз кітаптарының беттерінен сөз арнап, нұрлы әңгімеге шақырады, оқырман жұртына құшағын айқара ашып, аңсап ұмтылады.

Жазушыға тағдыр сыйлаған бақыт міне осы. «Өлді деуге



бола ма ойландаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған» деп ұлы Абай ғибрат еткен дана сөзді осы тұста тағы бір қайталасақ мерейтой иесінің талантына тағзым етудің бір пернесі деп ұққан дұрыс. Зекең артына қалдырған асыл сөздері — өлмес мұралары, оның кітаптары бүгін бізді толғандырады, құнарлы ойға бөлейді, жігер-күшке кенелтеді, мына қиын заманда адаспауға, адамгершілікті жоғалтпауға, туған жерді, туған халықты сүйе білуге үйретеді. Заман демекші, сәнінен сабыты сұғыңқы, зерінен зары зор мына қиямет-қайымы құрсаулы қысталаңда той-думанды дүрілдетіп, даңғаза дабылдатудың оң қисыны келмейтін-ақ сияқты. Бірақ, халқымыз қандай қан қырғын, зобалаң-запыран замандарда да жақсы қасиеттерін жоғалтқан жоқ, асылдарының даңқын көтерді, ерлігін жырға қосты, еліне істеген жақсылығын жарасымды салтпен атап өтуді, дала дәстүрімен дастархан жаюды ұмытпады. Бүгінде сол дәстүр жаңадан жаңғырып, жалғасын тауып халық құрметіне лайық таланттардың мерейін асырып жатса одан әбестік, асылық көрмей, орынды да орнықты өткізілуіне себептік жасаған, қуанған абыройлы сияқты. Өйткені нарықтың экономикасын ойлай отырып, рухани байлықты да асыл мұрат тұтқан абзал.

Бүгіндері халық құрметі арналып отырған қаламгер Зейнел-Ғаби Иманбаев қазақ әдебиетінде өзіндік айшықты қолтаңбасы бар дарынды таланттардың бірі еді. Ол 1924 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, қазіргі Сергеев ауданына қарасты Ортақкөл ауылында туды. Жасынан ауруға шалдығып, сырқатты өмірдің тауқыметін ғұмыр бойы азаппен кешкен Зейнел-Ғаби балалық, жастық шақтың қызығына да армансыз құлаш ұра алмады. Орта мектепті құрбы-кұрдастарымен қатар құлындай ойнақ салып жүріп бітіре алмаған өндіріс жас төсек тартып, аурумен алысып жатқанның өзінде өмірге ғашық көзбен, құштар көңілмен ұмтылып, білім бұлағынан сусындауын тоқтатқан жоқ. Ол қалың-қалың кітаптарды түн баласында тынбай оқып, көкірегін қазынаға толтыра берді. Кітап оқуға құштарлық жазуға құштарлықты оятты, қолына қалам алдырды. Алғашқы әңгімелерін жазды, талмай түзетін редакцияларға жолдап жатты. Тынымсыз еңбек, сарылған ізденіс қашанда өз жемісін берері анық. Болашақ жазушының алғашқы әңгімесі «Қанатты



өмір» елуінші жылдардың соңында «Жұлдыз» журналында жарық көрді. Бұл — Зекеңнің шын мәніндегі құтты қадамы болды. Тырнақалды туындының жарық көруі оның өз қаламының қуатына сенімін нығайтып, шығармашылық шабытына қанат байлады. Осыдан кейін-ақ Зейнел-Ғаби Иманбаевтың әңгімелері, очерктері, суреттемелері облыстық, республикалық газет-журналдарда үздіксіз басылып тұрды. Әрине шығармашылық жолдың қилы-қилы қалтарыстары болатыны сөзсіз. Жазушының қаламынан шыққан дүниелердің біразы оқырман жүрегін баурап, ойлаған тұстан деп түсіп жатса, кейбіреулері олқы соққаны да бар. 1959 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінің 3-ші санында Зекеңнің көп кітаптарының редакторы болған белгілі жазушы Асқар Лекеров мынадай әңгімеден үзінді келтіреді. Онда Зекең былай депті: «Менде мектептен алған білім жоққа тән ғой, оның орнына әдебиетке деген зор сүйіспеншілік, құмарлық бар. Бұл жерде мен «жазғандарымның барлығы алтын еді, бағаламады» деген пікірден аулақпын. Менде кемшілік болуы табиғи нәрсе ғой. Сол сияқты жазушы жолы оңай жол деп ойламаймын. Сондықтан көрген «соққыларымды» көңілге ауыр алмай, іздене бердім. Ақыры менен де болмашы өнер шығатынына көзім жеткендеймін. Бұл қарапайым қатардағы колхозшы үшін зор қуаныш, есепсіз бақыт деп білемін. Денсаулығым нашар болса да, әдебиет жолы мен үшін ауыр деп, кері қайтар жол емес». Ия, бұл сөздерде жазушының жүрек тереңінен шыққан жан сыры жатыр. Ол өзі таңдаған жолдан айнымайтынын, бұл сапарда қандай қиындық көрсе де жасымай нар қайратпен құрсана білетініне серт еткендей болады.

Зейнел-Ғаби Иманбаевтың өмірі мен шығармашылық жолына баға берер болсақ оның Николай Островскийдің үлгісі мен өнегесіне қатты еліктеп, «халқыма қайткенде қызмет қылсам» деген асыл арманды мақсат еткені аңғарылады. Ол иықтан батпандай басып, еңсесін серпілтпеген сырқат зілін ересен қайратпен жеңе біліп шығармашылық ерлік жасады. 17 кітабын баспадан шығарып, оқырмандарына ұсынды. Ғұмыр бойы ауырумен алысып өткен адамның мұншама әдеби туындыны өмірге әкелуін нағыз ерлік, мына тәтті өмірді шексіз сүйген қаламгердің шығармашылық ерлігі деп бағалаған орынды.

Жерлес қаламгердің әңгімелерінің алғашқы. жинағы



«Бастама» деген атпен 1959 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрді. Осы жылы күзде мен университетті бітірген соң «Ленин туы» газетінің редакциясына әдеби қызметкер болып орналасқан едім. Қала дүкендеріне жерлесіміздің тұңғыш кітабы түсті дегенді естіп, «Бастаманы» бір-бірден сатып алдық. Облыстық кітапханада оқырмандар конференциясын өткізіп, мен «Бастама» туралы баяндама жасаған едім. Қала жастары, студенттер, оқушылар кітапханаға жиналып, әңгімелер жинағы жайлы пікірлер, ойлар айтысып, жүрекке сондай жылы әсер қалдырған қызықты кешті сырлы сұхбатпен өткізген болатынбыз. Менің жазушы Зейнел-Ғаби Иманбаевпен таныстығым міне осы кештен басталды. Оның ауыл өмірінен алып жазылған шағын әңгімелері жанымызды баурап, ойларымызды тербетті. Біз әдеби өмірдің табалдырығын еркін аттап, дүниеге талантты қаламгердің келгенін анық аңғардық. Міне сол естен кетпес кештен басталған таныстық достыққа ұласты. Зекеңнің өмірінің соңғы сәттеріне дейін хат жазысып, хабарласып, байланысып тұрдық.

Зекең денсаулығына байланысты көп бейнет көрген адам. Өз бақытына қарай ол өмірде жүрегі мейірімге, көңілі қамқорлыққа толы жанашыр жандарды көп жолықтырды. Алғашқы әңгімелер жинағын әзірлеп баспаға тапсырған кезде сол кездегі облыстық партия комитетінің хатшысы, белгілі қоғам қайраткері, көрнекті әдебиетші Ілияс Омаров көп көмек көрсетті, кітаптың жарыққа шығуын ұдайы қадағалап отырды. Зекең кешірімі мол, жаны жайсаң Ілияс ағаның аялы алақаны аурудан қажыған жүрегіне жылу құятынын әрдайым толқып еске алушы еді. «Жазушы» баспасының редакторы Асқар Лекеров Зекеңнің әрбір қолжазбасын зер сала оқып, ықыласпен қабылдап, достық қамқорлығын аяған жоқ. Ал, облыстық «Ленин туы» газетінің редакциясында қызмет істеген журналистердің қайсымен болсын жақсы қарым-қатынаста болды. Ол жаңа қолжазбаларының барлығын ортақ редакцияға жолдап тұрды. Жазушы өзі тұрған Ортақкөл ауылы, «Приишим» кеңшары, аудан өмірінен, еңбек адамдарының тұрмысынан суреттемелер, очерктер, мақалалар жазып, олары «Ленин туының» беттерінде жарияланып жатты. «Ленин туы» газеті жазушы Зейнел-Ғаби



Иманбаевтың шығармашылық шеберлігін шыңдаған мектебі болды десек әбден жарасып жатыр дер едім. Оның барлық повестері, әңгімелері, очерктері, суреттемелері дерлік алдымен біздің газеттің беттерінде жарияланып, оқырман жүрегіне қанат қақты. Осы газеттің өз қаламының қуаты толығына, шабытының дәйім шарықтап шаңқай биікке көтерілуіне барынша құнарлы ықпал еткенін редакциядағы әріптестеріне алғыс қана арнайтынын жазушы да кездескен сайын ілтифатпен атап көрсетуші еді.

Өзіміз әрқашан мақтан етіп жүретін біздің өңірдің тумалары, заңғар сөз зергерлері Сәбит Мұқанов, Сафуан Шаймерденов туған жерге келген әрбір сапарында Зейнел-Ғаби Иманбаевтың шығармашылық тірлігі туралы сұрап, қолынан келген жақсылықтарын жасауға ықылас білдіргендерін талай естідік. Олар баспасөз беттерінде жариялаған әдеби мақалаларында Зекеңнің де туындыларын жылы лебізбен ауызға алып отырды. Мұндай ағалық қамқорлықтар, ықыластар жазушының шабытына от дарытып, қиялын биіктерге ұшырғаны сөзсіз.

Зейнел-Ғаби Иманбаев алыстағы шағын ауыл Ортақкөлде тұрғанмен өз есімін республиканың әдебиет сүйер қауымына кең таныта білген қаламгер. Ол тұла бойын талмаусыратқан сырқат сынынан сынып, шағылған жоқ, керісінше қаламын нық ұстап тағдыр тоспасына қасарысқан қайсарлықпен қарсы тұра білді. Өзімен бірге жүрген ауылдастары өмірінен шығармалар жазып, олардың әдеби бейнелерін жасады. Оның туындылары көркемдігімен, шыншылдығымен, нәрлі де бояулы тілімен ерекшеленіп оқырман достарын селсоқ қалдырмады. «Құстар қайтып оралғанда», «Қос қайың», «Атамекен», «Қыран түлегі», «Қадиша», «Солмайтын гүл», «Дала хикаясы» атты повестері, «Арлан», «Жас шыбықтар», «Кіреуке мерген», «Кішкене малшы» атты балаларға арналған кітаптары жазушының шығармашылық мүмкіндігі мол екенін, шеберлігі қадам сайын шыңдала түсіп келе жатқанын танытты.

Зейнел-Ғаби Иманбаевты ауыл өмірінің жыршысы деп мақтан еткен лайықты сияқты. Ол қиырдағы шағын ауылда тұрды, өзімен бірге өмір сүрген адамдардың тұрмысын, психологиясын, әрекетін, мінез-құлқын зерделі зерттеді, әрбір құбылысқа ой көзімен қарап, содан үйренерлік, ғибрат



етерлік тағылым тудыра білді. Оны туған жердің өткені де, бүгіні де, болашағы да толғандырды, осы ойларын өз шығармаларының алтын арқауына айналдыра білді. Жазушы өзі өскен ортаның тамылжыған табиғатын айырықша сүйіспеншілікпен көркем суреттеп, жерлестерінің жарқын тұлғасын асқақ көтеруге ұмтылып отырды. Оның қай кітабын қолға алып, көз жүгіртсеңіз де осы қасиет бірден байқалып тұрады.

Жазушы көз жұмғаннан кейін жарық көрген «Солмайтын гүл» атты кітабында автобиографиялық повесть бар. Осы туындының бас кейіпкері Қабиден арқылы автор өз басынан кешкен қияметті жайларды шертеді, соғыс жылдарындағы ауыл тұрмысының қайғылы көрінісін суреттейді. Осы шығармада мынадай бір жолдар бар: «Солтүстіктің бораны апта бойы соғатын әдеті, көз аштырмайды. Мұндайда қарулы жігіттер белсеніп, қайрат көрсететін еді. Қазіргі жұрттың мықтысы Асан және тағы бес-алты шал, әйелдер мен қыздар. Көбінде жылы киім жоқ, тон мен қолғапты майдандағы жігіттерге жіберген. «Ел ішіндеміз ғой, өлмеспіз» дегенімен суық шыдатар емес. Боран соғып тұрғанда қар басып жатқан шөпті арту бір қиын болса, жолсыздан сүйреп шығару екінші қиыншылық. Арық өгіздер тарта алмай жатып алады. Тартып шығарған күнде ызғырыққа қарсы қадам баспайды. Осынша бейнетпен әкелген шөп бірер күнде таусылып күн демей, түн демей тағы пішендікке аттанады». Ия, соғыстың сұрапыл жылдарында қазақ ауылдарының қайсында болсын осындай қиын-қыстау кешулер бастан өтті. Жазушы ауыл мұңын дөп суреттеп, көз алдымызға сонау күндердің көңіл құлазытар елестерін әкеледі. Зекең кітаптарының кейіпкерлері — ауыл адамдары ақжарқын, жомарт, еңбеккер, қонақжай, өнерпаз қасиеттерімен оқырман көңілінде ұмытылмас әсер қалдырып, көкіректе туған жерге, елге деген сүйіспеншілік сезімін толқытады.

Жазушы ауыл өміріндегі оқиғалардың бірде-бірін назардан тыс қалдырмайды. Ол малшының, диқанның, мұғалімнің, майдангердің, ардагердің өмірінен де әңгімелеріне арқау боларлық қақтығыстар, өрнектер таба біледі. Зекең шығармаларынан колхоздастыру, сауат ашу, тың көтеру кездеріндегі талай оқиғалардың ашық бояулы көріністерін көруге болады.

Зекеңнің еңбеккерлігі бәрімізді таң қалдыратын.



Күнделікті ауыл өмірі туралы суреттеме, очерктерді редакцияға жолдап жатады да, солардың соңын ала кесек дүниесін — повесть немесе ұзақ әңгімесін маржандай тізілген ұсақ жазумен мөлдіретіп қалың дәптермен жөнелтеді. Жазғандары көңілден шыққан көрікті, сапалы болғаны қуантады бізді. Редакцияға келген аракідік сапарларында арман-мақсаттарын да сабақтатып алға жайып салатын. Соңғы кезде таңдаулы шығармаларының екі томдығын дайындады, біраз әңгімелерін аудартып орыс оқырмандарына жол табуды аңсады. Бірақ, тағдыр оны бұл дегеніне жеткізбеді. Жазушының қолға алған дүниелерін балалары ретке келтіріп, баспаға тапсырды. Зекең шынында бақытты жан еді, адал жары Кәмеш оның қаламгерлік қиын жолында қолдаушы, демеуші, көмекші бола білді. Оның он баласы түгелдей жоғары білім алып, бір-бір отаудың шаңырағын көтерді.

Бүгін міне облыс жұртшылығы сүйікті жазушы Зейнел-Ғаби Иманбаевтың 70 жылдық мерейтойын атап өтіп, оның талантына тағзым етеді. Жазушының асыл ойлары халық жүрегінде сақталғаны осы емес пе?!



Сұлтан Қанафин - ақын, зейнеткер.

Есімін есте қалдырайық

Зейнел-Ғабимен 1953 жылдың маусым айында өз ауылы Ортақкөлде танысқаным есімде. Оған дейін Зекеңнің аты-жөнін облыстық «Ленин туы» (қазіргі «Солтүстік Қазақстан») газетінде жарияланған мақалалары мен әңгімелерін оқу арқылы сырттай ғана білуші едім. Ол өзінің сөзінде бала жасынан көп жылдар бойы ауру мехнатын көргенін, бағына қарай «Приишим» кеңшарының ауруханасына Альберт Алексеевич Филиппов деген білгір дәрігердің келіп, өзін емдеп, сырқатынан сауықтырғанын қуана айтып отыратын.

Мен келер жылы сол «Ленин туы» газетінің Преснов ауданы бойынша меншікті тілшісің болып қызмет атқарып жүргенімде Зейнел-Ғабимен қалада да, ауданда да үнемі кездесіп жүрдік. Адамгершілік қасиеті бірқалыпты, ақжарқын азамат еді. Сондықтан сыйлас болдық.

Зейнел-Ғабидің «Бастама» атты алғашқы жинағы 1959 жылы «Жазушы» баспасынан басылып шыққан еді. Зекең шығармаларының оқушы қауымға қызғылықты екендігін ескерген мемлекет және қоғам қайраткері Ілияс Омаров пен баспаның редакторы Асқар Лекеров жинақтың басылып шығуына көмектескен көрінеді. Оның талай әңгімелері өте шеберлікпен жазылған. Айталық, кішкене Құсайынның әңгімелері, «Оң сапар», «Петнә Құсайын», «Шөгелдің көкбестісі», «Жасыбай атай». Оның балаларға арналған «Жекпе-жек» әңгімесі қазақ мектептерінің екінші сыныбына арналған «Ана тілі» оқулығына енгізілген. Зейнел-Ғаби әңгімелер жазумен ғана шектеліп қойған жоқ. Ол «Қыран түлегі», «Хадиша», «Солмайтын гүл», «Таң атқанда» повестерін де жазған еді.

Зекеңнің көзі тірісінде он жеті кітабы шықты. Зейнел-Ғаби жалынды ақын Баймағамбет Қанафияұлы Ізтөлин туралы 2 актілі 4 көріністі «Баймағамбет Ізтөлин» драмасын жазып, «Ленин туы» газетінің 1980 жылғы 5-ші сәуір күнгі нөмірінде басылып шыққан еді. Сондай-ақ Баймағамбеттің өміріне байланысты «Күрес», «Таң атқанда», «Ізтөлиннің



жолдасы» деген тақырыптарда повестері мен очеркі баспа беттерінде жарық көрді.

Зекең қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыруға да білек сыбанып, белсене кірісетін. 1956 жылы 23-ші ақпан күні Баян және көрші Киров ауылдары ақындарының айтысы өткізілді. Оны ұжымшар басшыларымен келісіп ұйымдастырушы Зейнел-Ғаби еді. Айтысқа шығатын ауыл ақындары — Баяннан Жұмадиев Самархан отағасы, Кировтан — маған айтқан, мен қатысқым келмеді. Сонда да Зейнел-Ғаби мен «Ленин туы» газетінің шақыртуымен келген Әли Мұсахановтың қолқалауымен айтысуға ауыл ақыны болып мен шықтым, онда да Зейнел-Ғабидың көңілін қимағандықтан. Біз сахнаға көтерілгенде клубтың кең залында халық лық толып отырды. Зейнел-Ғаби өлеңмен «Тойбастар» айтқаннан кейін ақындардың айтысы да басталды. Одан кейін концерт берілді. Көрермендер де ризашылығын білдірді.

Бұл дүниеден өзі өткенмен, артында мол мұрасы қалды, ол кейінгілер пайдаланып оқу үшін жазып кеткен шығармалары. Осыған байланысты менің айтарым: Зекеңнің шығармаларын бір жерге жиыстырып, қайтадан шығарса дұрыс болар еді. Өңіріміздің мақтанышы болып табылатын оның есімін өзі оқыған мектепке немесе туған ауылына берсе, артық болмас еді. Бұл туралы Шал ақын ауданының басшылары ойланар деп ойлаймын.

01.01.2004



Альфред Пряников - поэт, переводчик.

В книгах — подлинная жизнь
(Памяти писателя-земляка Зейнел-Габи Иманбаева)

Он был писателем -
Одним из многих,
Чьи в творчестве нелегкие шаги
Вершились не по солнечной дороге...
Ему твердили:
«Сердце береги,
Подумай о здоровье и о близких...»
И грызла боль, проклятая в спине...
Но высились по селам обелиски
Ровесникам, что пали на войне...
А те, что помоложе поднимали
В степях за Ортаккулем целину...
И думы вновь с постели поднимали,
И творческие планы заставляли
Вести с болезнью трудную войну.
И он писал
О том, как пахнут землю,
Как трудятся в ауле земляки,
Советам близких и врачей не внемля...
Писал о тех годах, что далеки.
Пришло к нему признание не сразу,
Пришел не скоро и достаток в дом,
Но выходили сборники рассказов
И повести на языке родном.
И земляки пытливно их читали
И, прочитав бесхитростный рассказ,
Самих себя в тех книгах узнавали
И радовались:
«Это же про нас!».
Что может быть отрадней и полезней,
Чем доброе признание людей?
И отступали в сторону болезни,
И будущее виделось светлей.
Семь лет уже писателя нет с нами,



Но искренне хочу сказать сейчас:
Не только в Приишимье — в Казахстане,
Зейнел-Габи, мы не забудем Вас!
Отсюда Вы, из Ортаккуля родом,
Прошло здесь много
Плодотворных лет...
За долгое служение народу,
За книги солнечные -
Көп рахмет!
И как шанырак,
Что юрту завершает,
Главенствует над всем,
Что в юрте есть,
Над нами Ваше творчество витает,
Вам за него -
Признание и честь!
... У дома сосны высятся крылато,
И в шуме крон нам слышится
Вы тут!
Идут по Вашей улице ребята,
Учиться жизни подлинной идут.

— Стихотворение прочитано автором на памятном мероприятии в честь 70-летия писателя в совхозе «Приишимский», опубликовано в газете Соколовского района «По ленинскому пути» от 20.08.1994 года.



Жанысов-Барқытов Ғабит Сәркенұлы.

Нағашым жазушы Зейнел-Ғаби Иманбаевтың 80 жылдық тойына

Деуші еді үй жақсысы ағашынан.
Жігіттің жақсылығы нағашыдан.
Тойыңда сексен жылдық сағынышпен,
Жиенің еске алады, нағашыжан!

Қолыма қалам алсам тебіреніп,
Ойыма бейнең келер кемелденіп.
Қанда бар қара өлеңнің қасиеті,
Жиенің ұқсамасын Сізге не ғып?

Өстім ғой көрмей әке мейірімін.
Жасымнан сүйрегендей ғасыр жүгін.
Қолыма қалам алып жыр арнасам,
Ұқсағым келген шығар Сізге бүгін.

Ақылшы, тәрбиеші болдың пана.
Атағы Алатаудай нағашы аға!
Жаутаң көз «тірі жетім» жиеніңнің
Жан мұңын түсінуші ең өзің ғана.

Бұл күнде арқа сүйер ағалар жоқ.
Жақсының жақсылығын бағалар көп.
Көкем де өсиет қып айтып еді,
Нағашы сол жұртыңды «бағала» деп.

Асылдың сынығындай балаларың-
Ботагөз, Марал, София апаларым.
Ардақтап әке даңқын, өнер жолын,
Сеземін алыстарға апарарын.

Бұл күнде жиеніңнің көңілі жүдеу.
Туыстың ықыласы жанға медеу.
Отырған қара орданы ойсыратпай,
Заты асыл — Нағашы апам бізге демеу.



Кім жеткен бұл өмірде арманына.
Талайлар таңдай қаққан жалғанына.
Күнінде таңда мақшар жолығармыз,
Нағашы, бас иемін аруағыңа!

Ағыттым бір азырақ көңіл шерін.
Айтармын әлі талай жетсе демім.
Ойымда жүрген осы алғыс-арман,
Пейіште құлағыңа жетсін дедім.

*Ескерту: Көкем — әкем, журналист,
ақын Сәркен Барқытов.
2004*

Дінәш Нұрмұхамбет - жазушы.

Ауылды аялаған адам

Әр пенденің пешенесіне жазылған тағдыры бар. Ол жаман ба, жақсы ма, онан қашып құтыла алмайсың. Оны Алла тағала сен шыр етіп дүниеге келгенде еншіңе тиесілі тағдыр есебінде алдыға тартқан.

Жазушы Зейнел-Ғаби Иманбаевтың бала кезде арманы көп еді. Жас жүрек асау тайша тулап қайда бастамады, нені аңсатпады. Болғысы келмеген мамандығы жоқ. Сан арманға құлаш ұрды. Ұшқыш та болғысы келген. Машинаны алғаш көргенде осының жүргізушісі болсам, ана отырған ағайдың орнында мен отырсам деп те армандаған. Тракторға да отырып көрген. Есеп қызметінің де тамырын басып, есеп шоттың қоңыры мен қызылы аралас тасын да ерсілі-қарсылы қаққан. Құдайға шүкір, қабілет, талант, ынта-ықылас жағы баршылық екен. Бәрін де меңгеріп, істеп кететіндей қабілет жетіп артылады екен. Тек денсаулығы құрғыр қолбайлау бола берді. Жолын бөгеді, адымын аштырмады. Дегеніне жеткізбеді. Құрбылары секілді құлын-тайдай тебісіп емін-еркін ойнағанынан гөрі жасқаншақтау шағы, денсаулығым қайтіп калар екен деген күдікті тұстары мол болды.

Мектеп бітіргеннен кейін ауылдан ұзап шыға алмай



қалды. Аяқ астынан жабысқан дерт адымын аштырмады. Көкірек сайрап тұр. Арман алаулайды. Жүрек атша тулайды. Бірақ күш-жігер, денсаулық әлсіз еді. Әсіресе қорланғаны, қиналғаны соғыс жылдары. Бозбала шағы соғысқа дәл келді. Күні кеше өзімен қатар мектепте оқығандар мұрты тебіндей салысымен Отан қорғау үшін аудандық әскери комиссариатқа жаппай барып, майданға аттанып жатқанда, соларға есік алдында қарап отырғаны, солардың ортасында жалындап жүрмей, әрқайсысымен қоштасып қала бергені бозбала Зейнел-Ғабидің жанына батқан, жас жүрегін ауыртқан, мен шынында кеміс, жарымжан екенмін ғой деген ойға бастаған. Әр сыныптасын әскерге шығарып салған сайын жасыған. Солармен бірге Отан қорғауға аттана алмағанына күйінген. Отыра қалып налыған.

Соғыс уақыты кім-кімді де ерте есейтіп, еңбекке ерте араластырды. Аурумын деп үйінде шалкиып жатуға мұрша келтірмеді. Өйтуге Зейнел-Ғабидің ар-намысы да жібермес еді. Қу жанын сүйретіп жүріп колхоз жұмысына араласты. Трактор руліне отырып көрді. Оған құрғыр денсаулық жарамды. Соған қарамастан майданға кеткен ерлердің орнын жоқтатпауға тырысты. Майданға кеткен бірер азаматтың орнын басуға, соның жұмысын істеуге, сол арқылы еліне басып кірген жауға оқ болып атылуға тырысты. Қу жанын сүйреп жұмыстан қалмады. Колхозшылардың белортасында жүрді. Есепші де болды, үгітші де болды, тракторшы да болды.

Күндіз тынбастан жұмыс істейтін. Кешкілік отыра қалып майдандағы сыныптастарына, аға, ағайындарына, жерлестеріне хат жазатын. Олардан келген хаттарды оқып беретін. Талай хатты оқып отырып ботадай боздаған сәттері бар. Жерлестері мен жақындарының өлімдерін арқалап келген қаралы хаттарды да оқитын. Сондайда: “Қап-ай, мынандай хатты оқығанша, майдан даласында жүрсемші!” деп өкінетін.

Соғыс та аяқталды. Төрт жыл жарымжан денсаулықпен ел тіршілігіне араласқан Зейнел-Ғаби онан кейін он жыл бойы төсек тартып жатып қалды. Он жыл бойы кітап оқудан жалықпаған. Бар серігі де, ермегі де сол болған. Күндіз-түні, қашан көзі талғанша, ұйқы жеңгенше оқи беретін, оқи беретін. Абайдан бастап барлық қазақ ақындарының жырын жатқа білді. Сәбит Мұқанов, Мұхтар Әуезов бастаған қазақ



жазушыларын жастанып жатып оқыды. Елу алтыншы жылдан кейін Сәкен, Бейімбет, Ілияспен табысты. Әсіресе Бейімбет Майлин әңгімелеріне деген ынтасы ерекше ауды.

“Шіркін, осындай жазушы болсам, масыл болып жата бермей көрген-білгенімді, ел ішіндегі тірлікті, әсіресе ауыл адамдарының іс-әрекеттерін жазсам” деп армандады. Төсектен тұра алмай жатып жанына кітапты, қолына қағаз бен қаламды серік етті. Ел ішінің шынайы тірлігін ой елегінен өткізіп, қызық оқиғаларға толы жағдайларды мөлдіретіп қағаз бетіне түсіре бастады. Бір жазады, бір сызады. Бір жазғанын тоқсан тоғыз көшіреді. Тынбай еңбектенеді. Соғыс жылдарында сыныптастарына өлеңмен хат жазған. “Өлеңші бала” атанған. Қоңыр даусымен оны домбыраға қосып айтып та қоятын. Кейіннен өлең жазып, оны аудандық, облыстық газеттерге жіберген. Олары жарияланып жатқан. Ол кездері денсаулығы қазіргіге карағанда шүкіршілік еді.

Соғыс жылдарындағы дамылсыз еңбек пе, бұрыннан әлсіз денсаулыққа қыстың суығының, жаздың ыстығының әсері ме, әлде майдан даласында қырғын соғыс жүріп жатқанда менің шалқиып жатқаным болмас деп аянбастан еткен еңбектің кесірі ме қырық алтыншы жылдан кейін түбегейлі төсек тартып жатып қалған. Бар өшін ақ қағаз бен қаламнан алған Зейнел-Ғабидың еңбегі еш болмады. Алғашқы әңгімелері өмірге келді. Өзі шыр етіп дүниеге келген “Ортақкөл” аулының тірлігін, ондағы адамдардың қарым-қатынасын, күнделікті қамқарекетін, әсіресе соғыс жылдарындағы балалар өмірін жантәнімен беріле жазған. Алғашқы әңгімесі баспасөз бетінде жариялғанда-ақ Иманбаев шығармасынан әркім өзін таныған. Тіпті көрші ауылдағылар: “Мынау біздің анау ғой” дескен.

Төсек тартып жатып жазған әңгімелерінен тұратын “Бастама” жинағы 1959 жылы жарық көрді. Сол күнгі жазушының қуанғанын көрсең. Он жылдың сыртында орнынан қозғалмай жатқан Зейнел-Ғаби төсектен қалай тұрып кеткенін байқамай қалды.

Шығармашылық күш-қуат, шығармашылық демеушілік ғажап екен. Сол орнынан көтерілгеннен кейін төсекке таңылғаннан құтылды. Бар күш-жігерін қаламгерлікке жұмсады. Кітаптан соң кітап өмірге келді. Сол жылдары Солтүстік Қазақстан облысына хатшы болып Ілияс Омаров



секілді үлкен жүректі, білімді де ізгі ниетті адам келер ме? Үлкен басын кішірейтіп, қарбалас қызметінен уақыт тауып Зейнел-Ғабиге соғатын. Қамқорлық жасайтын.

“Николай Островскийдің “Құрыш қалай шынықтысын” оқыдың ба?... Жарайсың... Оқығаныңды білемін. Сен біздің сондай қайратты, жігерлі, азулы жазушымызсың. Төсекте таңылып жата бергеннен ештеңе өнбейді. Ауруды тек еңбекпен, тынымсыз қаракетпен жеңу керек. Жата берсең — сырқаты құрғыр денеңе бойлай еніп, сені басынып алады, — дейтін жарқын жүзімен жарқылдай сөйлеп. — Сен ауылда тұрған, кейіпкерлерінің ортасында жүрген Қазақстандағы бірінші жазушысың. Ресейде Шолохов бар. Кейбір жазушылар кейіпкерлері шикілі-пісілі бірер әңгімесі шығысымен қалаға шабады. Ол дұрыс емес. Кейіпкерінен, нағыз үлкен өмірден, болашақта туатын шығармаларынан қашу бұл. Не жағдай керек, айт, Зейнел-Ғаби, бәрін жасаймыз. Кітабыңды баспадағылар жоспарға енгізбей жатыр ма, оны да жасырма. Білемін, Алматыдан алыс жатқандарға салқын қарайтын көксөкқандар бар. Ондайлармен мен жұмыс істеймін. Сенің міндетің қайнаған өмірдің ортасынан ойып тұрып алып үлкен кейіпкер жасау. Білдің бе?” Жақсының шапағаты мыңға деген. Шын мәнінде қол ұшын берді. Жас жазушының жазғандарына бөгет болған жоқ. Қырқыншы, елуінші жылдардағы ауыл өмірінің шынайы келбетін көрсетіп, адамдардың іс-әрекетін шебер бейнелеген Иманбаев кітаптары жыл сайын шығып жатты.

“Сырымбет” (1960), “Арлан” (1961), “Дала көктемі” (1962), “Жирен сақал” (1963), “Кішкене малшы” (1964), “Кең аймақ” (1965), “Жас шыбықтар” (1966) деген әңгімелер мен повестер жинағы жыл сайын оқырман қолына тиді. Жазушы ауыл көрінісін шынайы суреттеп, Тәжібай, Әпенді, Қабиден, Ниетжан, Бикамал, Қапша, Жолдекең, Мәрия, Көбен, Хиза тағы басқа көптеген ауыл адамдарының жарқын бейнесін өмірге әкелді. Әсіресе ауыл балалары мен қарияларының іс-әрекетін, мінезін, сөйлеу мәнерін шебер де әдемі бере білді. Өзіміз бала кезімізде Иманбаев кітаптарын қызыға да құмарта оқығанбыз. Бүкіл ауыл балалары таласа оқитынбыз. Оның әр жинағындағы бала кейіпкерінен өзімізді тапқанбыз.

Денсаулығының нашарлығына қарамастан қолынан қаламын түсірмеген жазушы оқырманға соңғы ұсынған



жинағы “Солмайтын гүл” повесінде өз өмірін жан-жақты көрсеткен. Әдемі көрініс, сенімді оқиға, жүйрік тілмен жазған. Басты кейіпкер Қабиден жазушының өзі екенін, шығармадағы бүкіл оқиға жазушының өз басынан өткен тағдыры екенін әр оқырман бірден біледі. Қабиденді әрі аяйсың, әрі оның жігерлілігіне сүйсінесің. Ауыр дертті еңбекпен жеңе білген қайсарлығына разы боласың.

Кейініректе “Нажағайлы түнде”, “Кіреуке мерген”, “Айналайын адамдар”, “Қыран түлегі”, “Дала әңгімелері”, “Ауыл түтіні” жинақтарын ұсынған қаламгер ортамыздан кетіп, басқа әлемге қарай қадам басқалы да он бес жылдай болып қалыпты. Биыл туғанына 80 жыл. Оны әнші, ақын, елге өзіндік талантымен танылған қызы Алтын Иманбаева және оның отбасы шама-шарқы келгенше жазушының туған аулында атап өтті. Ел разы болды. Бүгін (8-ші желтоқсан күні) Алматы қаласындағы Ғалымдар үйінде жазушының туғанына 80 жыл толуына арналған кеш өтеді. Оған жазушы шығармасын оқыған, бағалаған зиялы қауымның мол жиналары ақиқат.

Өмір бойы ауылда тұрып, ауылды жырлаған, туған жері “Ортақкөлден” ұзамаған, нағыз қайнаған өмір ортасында болған жазушыны ауылдастары құрметтеп, ол бүкіл саналы ғұмырын өткізген “Приишим” кеңшарын Иманбаев есімімен атасақ деген өтініші бар. Соны жоғарыдағылар елеп-ескерсе нұр үстіне нұр. Ол өмір бойы аулын аялаған қаламгер, ал сол ауыл жазушы атында болып жатса қандай ганибет!

Рақым Ахметов - зейнеткер.

Зейнел-Ғаби Иманбаев туралы

Зейнел-Ғаби ағаны мен 30-35 жылдай уақыт білген едім. Сол уақыт ішінде он шақты жыл мен бұл кісімен етене жақын болдым яғни қызметтес болдық. Мен Приишим совхозының кәсіподақ комитетінің төрағасы болдым. Ол кезде «рабочком» дейтін. Зейнекең болса сол кәсіподақтың кітапханасында кітапханашы болып істеді. Міне, өте жақын қарым-қатынаста болғанымыздың мәні осы. Айта кету керек, бұл



тек қызметтегі қарым-қатынас емес. Бауырмал аға мен інінің шынайы жақындығы, мәнді де сәнді қарым-қатынасы.

Зейнел-Ғаби аға Ортақкөл ауылында тұрғанда ең әдемі, көзтартар үй соныкі еді. Үйдің ауласы, маңайы, іші-сырты тап-таза, қарағай егіп өсірген. Зейнекең өзі де таза киініп жүретін, көйлегінің жағасы үнемі кіршіксіз таза болатын. Бұл жерде ағаның жан-жары Кәмеш апайдың да үлесі мол деп білемін. Зейнекеңнің жазушылығынан бұрын адамгершілігін, парасаттылығын, кісілігі мен кішілігінің жарасым табуын айтқым келеді. Үлкенмен де, кішімен де, тұстастарымен де жарасымды тіл таба білетін. Өзіл-сықақтары да жұрттың назарын аударып сергітіп, серпілтіп тастаушы еді. Талай мәжілістерде Зейнекеңмен бірге болып жүрдім. Сондағы байқағаным Зейнел ағаның сол мәжілістердің, отырыстардың (қонақта болсын, өз үйінде болсын) сәнін келтіруші еді. Мен оның әңгімелерін зор ықыласпен тыңдап, рухани рахатқа ба-тушы едім.

Зейнел-Ғаби ағаның кітаптарының біразын оқыдым. Оқырманын бірден баурап, қызықтырып әкетеді. Өсіресе, балаларға арналған повестері тамаша. Зейнел аға матери-алды байлық қуған жоқ, моралді-рухани байлық жинады. Ұл-қыздарының бәрін де оқытып, жоғары білімді қылды. Олардың біразы ел-жұртқа танымал сыйлы адамдар.

Зейнел-Ғаби аға 80 жасқа толғанда Приишим орта мек-тебінде арнайы тәрбиелік сабақ өткен. Соған аудан бойын-ша филолог мұғалімдер, дарынды оқушылар қатынасқан еді. Сонда менің жиенім Айгүл Мұстафина менің Зейнел-Ғаби ағаға арнаған өлеңімді оқып берген. Сол өлең төменде:

Кездесе қалсаң өзімен
Қарайтын күлім көзімен.
Жүрегімді жылытып,
Өнегелі сөзімен.
Дүние, мал жимаған.
Рухани азық жинаған.
Жазушы болып жасынан,
Халқына кітап сыйлаған.
Жайдары жарқын мінезі.
Жиынның сәні бір өзі.
Жүрекке жылы тиюші ед,



Әрбір айтқан сөздері.
Қаламы үшкір.
Қиялы ұшқыр.
Жан-дүниесі таза еді.
Ұяттан аспаған ешбір.
Талантты қаламгер.
Терең ойлы кемеңгер.
Зейнел аға осы еді.
Артық айтты демендер.
Демесем де ақынмын.
Өрнекті сөзге жақынмын.
Зейнекеңді еске алған
Ахметұлы Рақыммын.

24.10.2010

Гаухар Рамазанова - зейнеткер.

Аңқылдаған ақкөңіл еді

1963 жылдың 8-ші наурызында Шал ақын ауданындағы “Приишим” кеңшарының Бексейіт деген кішкентай ғана ауылында тұратын Ережеп Батаев атайдың үйіне келін болып түстім. Атамыз атақты шопан болған, ал енеміз сондай ақылды, салмақты кісі еді. Бір үйдегі он екі жанға он үшінші болып мен қосылдым.

Бір күні атамыз үйге кіре, әбігерленіп: “Тез бауырсақ пісіре қойыңдар”, деп далаға шығып, қой соя бастады. Үйде ет бола тұрып, атамыз неге қой сояды? деп ойланып қалдым. Ол кезде газ деген жоқ, барлық тамақты далада қазанға пісіретінбіз. Жолдасымның жеңгесі келген соң ақырын ғана “Кім келеді” деп тәтемнен (абысынымды солай атайтынмын) сұрадым.

— Зейнел-Ғаби деген кісі келеді, — деді. Мен бұл есімді естігенде қатты қуандым. Қуанғанымның себебі, мен ол кісінің “Ленин туы” газетінде жарық көріп жүрген көптеген мақалаларын, шағын әңгімелерін үзбей оқып тұрушы едім. Әлі есімде, бір қызды сүйген жігітіне бермей, әкесі басқа біреуге зорлап бергені жайындағы мақаласы маған үлкен ой салды. Сол кездегі қатыгездік, зорлық-зомбылықты көре



тұра, шыдамай газетке жазған ғой. Мақаладағы “Ақ көйлегім сөкпелі, мен әкеме өкпелі” деген өлең жолдары есіме түсіп отыр, әрі қарай есімде қалмапты.

Біз Бексейіттен (ауылдың аты, қазір бұл ауыл жоқ) балалардың білім алулары үшін “Приишим” кеңшарының орталығына көшіп келдік. Мұнда Зейнел-Ғаби ағайға кеңшар жаңа үй салып, сыйға тартқан екен. Бір күні: “Кіруге бола ма?” деген дауысты естіп шықсам, сол кісі екен. — Кіре беріңіз, — дедім. Ол балалардың амандығын сұрап, сосын:

— Маған “Жұлдыз” журналының соңғы нөмірі келмей қалыпты, соған келіп едім, - деді. Мен ол кезде газет, журналдың бәрін жаздырып алатынымын Мен журналды берген соң, ағам мендегі бар кітаптарды көріп, қуанып қалды.

— Қалқам, неше сынып бітірдің? — деп сұрады. Мен жеті сыныпты бітіргенімді айттым. Одан әрі оқуға шешемнің қарсы болғанын да жасырған жоқпын. Ол кісі: “Біздің қазақ әлі де қыздарының оқуына қарсы сияқты”, - деп, ойланып қалғандай болды.

“Менде жақсы кітаптар бар, келіп көруіңе болады”, деді ол кетерінде. Жұмыстан қолым босағанда бір күні сол кісінің үйіне бардым. Ағаның кітаптарын көріп, тіпті есім шығып кетті. Неткен көп кітап, қай кітапты қарасам да бәрін сызып қойған, “қалай оқып үлгерген” деп ойладым. Ол кісі адамның мінезін, ойын өзіне қарап айтып беретін. Ал өзі сондай сабырлы, шыдамды, көп сөйлемейтін, ішіне бәрін түйіп отыратын адам еді.

Ағаның Рәш деген туған жеңгесі болды. Ол кісінің мінезі сондай қызық еді. Өзі ақкөңіл кім не айтса, соған сенетін. Айт күні болатын бәріміз шай ішіп отырғанбыз, бәрі “болдық” деп кеселерін қойып жатыр. Зейнел-Ғаби аға: “Рәш жеңгей, өзің шай ішіп болсаң, маған шай құйшы”, — деді. Жеңгей: “Ойбай”, — деп далаға тұра жүгірді. Сонда үстел басында отырған үлкен кісі: “Апыр-ай, Зеке, қандай шыдамды едің”, — деп жатты.

Ағаның жан жары Кәмаш апай ауылда шаңырақтың ұйытқысы болып, жастарға ақыл-кеңес беріп отырады. Балалары болса бәрі — бір-бір мамандықтың иесі. Мен ол кісінің қыздарына ризамын. Алтын деген қызының басқаларға



ұқсамайтын қоңыр да асқақ әндерін естігенде көңілім бір көтеріліп қалады. Қазақта “Жігіт сегіз қырлы, бір сырлы” десе, мен сол кісінің қыздарын айтар едім.

Әңгімемнің негізгі өзегі Зейнел-Ғаби Иманбаев екенін тағы бір атап өтейін. Ол кісі тірі болса, біраз дүниені жарыққа шығарар еді. “Дала әңгімелері”, “Есіл тасып барады”, “Боранды түнде”, т.б. шығармаларын оқыдым. Соның ішінде “Дала әңгімелері” деген кітабына өз қолымен менің атымды жазып, сыйлаған еді. Өкінішке орай, кітапты жоғалтып алдым. Алайда, ол кісінің барлық шығармаларын, сол жайында жазылған мақалаларды оқып отыруға тырысамын.

*Сабыржан Әбілмәжінұлы -
Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, журналист.*

Жігерлі жазушы

Өзіміздің Солтүстік Қазақстанның қасиетті топырағында туып, еліне еңбегін сіңіре білген жазушы Зейнел-Ғаби Иманбаевтың кіндік кескен жері Сергеева ауданындағы Ортақкөл ауылы. Зекеңнің асқақ арманына науқас болуы бөгет жасап, өмір университетін өзі өсіп, білім алған, еңбек атқарған ортада бітіруге мәжбүр болды. Сол кездегі колхозда атқарған есепшілік қызметі Зекеңнің тиянақты, ұқыпты әрі өз ісіне мығым болуына игі ықпал жасаған болар. Олай деуіме жазушы еңбегі толығынан дәлел бола алады.

Зейнел-Ғабидың тұңғыш очеркінің тұсауын 1953 жылы «Жұлдыз» журналы кесті. Жазушылар еңбегінің бәрін бірдей баса бермейтін «Жұлдыз» журналы Зекеңе қолұшын созып, өмірге өз реңімен келген жаңа жазушы барын республика оқырмандарына паш етті. Әдеби жолды астаналық журналдан бастаған Зекең облыстық «Ленин туы» газетінен бастап, республикалық баспасөзде жиі көріне бастады. Арада алты жыл өтпей жатып «Бастама» атты тұңғыш әңгімелер жинағы жарық көрді. Зекеңнің әңгіме-очерктері мектеп оқулықтарынан да өз орнын таба бастады 1960 жылы «Сырымбет» кітабына енген әңгімелерінен кейін 1966 жылға дейін өз оқырмандарына он екі айда бір кітап ұсынуда жа-



зушы қаламынан шыққан еңбектерге төгілген тер тегін еместігін, елін сүйген жазушының қаламы ұштала түскенін көрсеткендей еді.

Ел ерлерін көне көздер айтуымен ғана емес, қажетті деректерді мол жинап, сонын негізінде халық арасында ауызға алынған аға ұрпақтарды ұмыттырмай бірнеше повестер жазды. Олардың арасында ерекше көзге түсетіні 1921 жылы қаныпезерлер қолынан қаза тапқан Құрманғали Бошатаев жайлы жазғаны еді «Жазушы» баспасынан 1971. жылы жарық көрген «Сұңқар туралы жыр» деректі повесінің басты кейіпкері де сол Құрманғали Бошатаев болатын.

Жазушы Зейнел-Ғаби Иманбаев мектебінің қайнар бұлағы-ауыл мен облыстағы жасы үлкен, көзі қарақты, көңілі ояу ағалары. Өзінің қызметіне нұқсан келтірмей, жазу столын еңбек майданына айналдырған Зекең облыстағы көп қарттың бірі — белгілі заңгер Мөлгаждар Әуелбековпен де жиі хат алысып, тың туындысына пікір естумен қатар, алдағы межесі жайлы хабардар етіп тұрған. Бірі-аға, бірі-іні ретінде көңілдес, пікірлес азаматтардың кездесуде айтып үлгермеген ойлары хат арқылы жалғасын тапқан. Жасының үлкендігін пайдаланған Мәкең Зейнел-Ғабиге былай деп өлең де арнапты:

Әр уақыт кездесе бер жақсы жайға,
Тілектес мен боламын осындайға.
Өнерің өрлей берсін өрге қарай
Биіктеп, ғарышкердей шықшы айға.

Хатыма тұңғыш жазған көңіл салдың,
Құрбыңның өзің теңді берме алдың.
Сен жазған шығармалар түсті көзге,
Көп рахмет, көтеріпсің біздей шалды.

Зейнелжан, саған арнап жаздым өлең,
Өлеңге қартайсам да көңіл бөлем.
Мен ақын болмасам да ақын депсің,
Қоймастан сол әдетті әлі келем.

Бақытың өсе берсін айтарым сол,



Алдыңда ашық жатыр бір даңғыл жол.
Өмірің ұзақ болсын мен тілеймін
Шырағым, Зейнелжан, әкелші қол!

Бұл жолдар ағалық ақ ниетті білдіруге арналғанын, өзі кадір тұтқан інісіне бата бергенін көреміз. Ақ ниетті ағасының алғаш хатына жазған жауабында: «Дала халқын жаңа өмір орнатуға бастаған... бұл күнде қатарлары сиреген ардагер ағалардан жақсы сөз есту жаңа творчестволық күш-жігер әкеледі» дей келіп: «кездесіп едік, уәделесіп едік... тірлік шырғалаңынан бара алмаппын. Айыбым үшін екі кітабымды жіберіп отырмын». — депті 1980 жылдың сәуір айында.

Иә, жазушының елуден астам әр түрлі шығармаларынан, ондаған кітаптарынан облыстық кітапхана көрме ұйымдастырғанда Зейнел-Ғабиді жақсы білем деушілердің көбі қайран қалды. Өйткені, оның кейбір шығармалары біздің көзге түсе бермеппі, қолымызға тимепті. Жақында жазушының астанада тұратын, қазақ радиосының саз редакциясында қызмет істейтін қызы Алтын қарындасымыз телефон шалған еді. Амандық-саулықтан кейінгі білген жаңалықтарымды ағайындарға да жеткізгім келеді.

Республикалық баспасөз, оның ішінде «Қазақ әдебиеті» де Зекенді еске түсіріп, денсаулығымен санаспай еткен еңбегін ерлікке теңеген мақалаларды жарыққа шығара бастағаны бізге үлгі болуға тиіс.

Қазақстан Жазушылар одағы жазушы Зейнел-Ғаби Иманбаевтың жетпіске келген мерейтойын облысымызда атап өту шараларын белгілепті. Сол жайлы облыс әкімі Владимир Гартманға, Сергеев ауданының әкімі Тасбай Симамбаевқа арнайы хаттар да жіберілген екен. Алыстағы ағайындар ауызға алып қам жасауға кіріскенде жерлес басшылар да қарап қалмас. Есіл өңіріне аты мәлім жазушы тойын ел тойындай өткізер деген үміт сәулесі бойды билейді. Сол тойды өткізуге мүдделі азаматтар да өз үлестерін қосуды ойлап жүрген көрінеді. «Көп түкірсе — көл» дегендей, азын аулақ қаржы аударатын банкті, оның есеп-шотын да білгісі келетіндер де аз емес. Бұл сәтте облыс әкімшілігі үнсіз қалмас, өз сөзін айтып, облыс жұртшылығын Зейнел-Ғаби мерейтойын өткізу сияқты игі іске жұмылдырар. Бұл жағынан Мағжан, Сәбен, Сафуан тойларын өткізген тәжірибе де бар емес пе?



Аютас өңірі өнерпаз, ақын, ғалым, жазушыдан құралақан еместігін білмейтіндер кемде-кем шығар. Олардың бәрін тізбесек те, Зейнел-Ғаби есімін де есте сақтарлық белгілер қажеттігін айту қажет. Өзі оқыған Баян орта мектебіне, өмір сүріп, қызмет еткен «Приишим» кеңшарына Зейнел-Ғаби Иманбаев есімі беріліп, сол елді мекеннен жазушы өмірі мен қызметіне арналған мұражай салынып ашылса, кұба-кұп болар еді.

Заманның қиын кезінде тойға құмарлар көп екен дегенді де естіп жүрміз. Бірақ, асты ысырап етіп, онда «ақанды» төгу емес, халық дәстүріне сай әдеби оқу, ұлттық ойындар өткізіп, жазушыны көзі көріп, дәмдес әрі еңбектес болған жерлестерінің, ел азаматтарының, әсіресе, Қазақстан Жазушылар одағының мүшелері Бақыт Мұстафин, Мүтәллап Қанғожин, басқа да қаламгерлердің естеліктерін тыңдап, пікір алысса несі артық? Осы ой-пікірге қосылып, өз ұсыныстарын айтар, Зейнел-Ғаби Иманбаев еңбегіне, есіміне сай шаралар жүзеге асырырылуынан жерлес ағайындар сырт қалмай, қол ұшын берер деген үмітке толы сенім барын білдірдім. Ендігі пікірді облыс пен Сергеев ауданының лауазымды азаматтары, жазушыны жақсы білетін жерлестер сөзінен біліп, баспасөз арқылы оқып, радио, теледидар арқылы тыңдап, көрерміз.



Темірғали Нұртазин - көркем әдебиет сыншысы.

Қазақстан Жазушылар Одағында болған көркем әңгіме мәселесіне арналған конфе- ренцияда сөйлеген сөзінен

Әңгімешілеріміздің жастардан құралған талантты жасағы бар. Олар өмір құбылысын бейнелеп көрсетуде, кейіпкерлердің ішкі әлемін, жан толқынысын ашуда көп ілгері кетті. Осы ретте Солтүстік Қазақстан облысының алыстағы бір колхозында тұратын жас жазушы Зейнел-Ғаби Иманбаевтың әңгімелері көзге алдымен түседі. Жас жазушының «Жан азығы» атты әңгімесі — оның творчестволық мол мүмкіндігін танытатын шығарма.

*«Лениншіл жас» газеті
12.04.1959*

Сафуан Шаймерденов - жазушы.

Облысымыздың әдебиетшілері туралы бірер сөз

Дағдыда жаңа жазып жүрген жастардың көбі шетел өмірін жазуға көбірек бой ұсына береді. Ал, осындай бой ұсынушылық түбінде үстірттікке, схематизмге соқтырмай қалмайтыны көпке мәлім. Өйткені, өзінің жақсы білетін тақырыбын жаза алмаған, өзінің жақсы білетін өмір шындығының ең бастысын талғап ала білмеген жазушы тек газеттен естіген шетел өмірі туралы ешуақытта да жақсы шығарма жазып, жақсы нәтижеге жете алмайды. Преснов ауданындағы Баян колхозында тұрушы жас жазушы Иманбаев Зейнел-Ғаби міне осындай нәрседен, шетел тақырыбына құштарлықтан аулақ. Ол тақырыпты алыстан іздеп әуре болмайды. Өз үйінің төңірегіндегі, өз колхозы мен көрші колхоздың ішіндегі жасалып, жаңғырып жатқан жаңа өмір оның әлі де болса төселіп жете қоймаған қаламының нәрлі де таусылмас азығы. Асылында, өз төңірегіндегі күнделікті қарабайыр өмірдің философиялық мәнін түсініп, соның типтік құбылыстарын саралап ала білу — асыл қасиет.



Таланттың басы тақырып таңдаудан басталатынына еш кім дауласпаса керек.

Сондай үмітті белгілері көрініп қалған Зейнел-Ғабидың бірер әңгімесі «Әдебиет және искусство» журналында да басылды. Жас автордың тым тамаша тіл байлығы да бар. Сөзді екшеп алып, жаңа мәнді, жаңа ұғымды тізбектер жасауға да икемді. Адам образын даралап, әркімнің өзіндік кескін-кейіпін жасауға да қабілеті жететіндей. Оның осы «Қыс қыспағында» деген әңгімесінде қатысатын үш-төрт геройлардың әрқайсысы сондай өзіндік ерекшеліктермен есте қалады...

«Ленин туы» газеті
16.05.1954

Илияс Омаров - Қазақстан КП обкомінің секретарі.

Облыстың әдебиет және искусство қызметкерлерінің кезекті міндеттері

Жас жазушы Зейнел-Ғаби Иманбаев колхозды ауылдың тұрмысы жайында 20-дан астам әңгімелер жазды. Бұл әңгімелерде ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің өміріндегі тамаша табыстармен қатар қазақ ауылының мәдени тұрмысында орын алып отырған кейбір көлеңкелі көріністер шебер көрсетілген.

«Ленин туы» газеті
06.10.1957



Болат Қожахметов – журналист.

Қаз – қалпында

...Тыста түз түні төсіне боран түнетіп тұрса, үйде де шаңырақты көтерген шау көңілдер алай-дүлей. Әсіресе, Жақып ақсақал «сыртқа елеңдеп қарайды». Түнгі 10-ды көрсеткен сағаттың сыртылын санаған көзі көңілін түрткілеп тынбайды: «Апырай, әлгі бала неге кешікті?».

«Бір кезде шым үйдің есігі шалқасынан ашылып, қараңғыдан аппақ адам қорбандап кірді.

— Табылды ма?

— Жоқ.

— Қайдан іздедіңдер?

— Мына Ақсуат, Сулы, Батпақкөл жақты шолып шықтық. Жылтыраған бір от көрінбейді. Мотор үні де естілмейді. Тіршілік біткенді жалмап-жұтып қойған сияқты.

Жақаң қарт ауыр денесін көтеріп орнынан тұрды» (3-4 беттер).

Осылай Жақып бастаған ауыл адамдары кұлазыған медиенте дән дарытуға келген тыңның алғашқы қарлығаштарын іздеуге шығады. Күпсек қардың құйын қуған қақпақылымен жолдан көз жазып қалған оларды тракторлары жарлауытқа киліккен жерден аман-есен ұшыратып, боран астында қарсы алады.

Тың көктемі туған сәт естен кетер ме?! Ұлы науқан, ұлы дүбір басталып кетті.

Сондағы қартты ойлағаны: «Ата-бабамызға сараңдық жасап келген қатігез даланы бүгін тың дейді. Бұл дала дегенің игерілмей жатқан тың байлық екен-ау...» (14 бет).

Бұл — «Тың көтеру осылай басталды» деген деректі әңгіме. Әңгіменің тіл бояуы қанық: тайға таңба басқандай шегелеп жазады автор. Әсіресе психологиялық параллелизм ұнайды — табиғат пен адамның шамырқанған сәттері астасып жатыр. Әңгіменің көтеріңкі түйіні де орынды орайласқан: «О, садаған кетейін, қасиетті туған жер! — деді қарт, тебіреніп». Ең бастысы, ол деректі, бәрі де қаз-қалпында. Әңгіме сонысымен де қымбат, құнды.

... «Сағаң дәрігерлік мамандыққа ынтықты. Адамдар-



ды науқастан, қазадан қорғасам деген тілекпен Алматының мемлекеттік медицина институтына түсті. Бұл 1937 жыл болатын» (19 бет).

Содан дипломын қалтаға салған күйінде майданнан бірақ шығып, құрыш құрсанған танкқа отырды. Сапун тауында, Керчь пен Қырымда, Шығыс Пруссияда оның ізі қалды. Адамды ажалдан арашалауға жаралған жан, жауды аяған жарадар болатындықтан, амалсыз қаскөй қауымға оқ атты.

Соғыстан соңғы жылдар желі жұқпалы ауруларды көп таратып тұрғаны Сағанның төрт жыл қанбаған ұйқысын да шайдай ашты. Қара көрсе қарсы ұшатын шіркейдей бұған індетке қарсы күрес басталды. Күрес мәңгілік жеңіске жетті.

«Облыстың бас эпидемиологы Сағымбек Ақжановқа халық денсаулығын қорғаудағы көп жылғы еңбегі үшін Еңбек Қызыл Ту ордені мен «Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген дәрігері» құрметті атағы берілді» (21бет).

Бұл — «Дәрігер бақыты» деген очерк. Очерк өмірбаяндық тұрғыда ықшам жазылған. Көлденеңнен киліге кететін штрихтар жоқтың қасы. Өткен дәрігер психологиясы, характері қалыс қалып, образ тұтастығына селкеу түсіріп тұр...

...«Базар апайды бұл маңайда білмейтін адам жоқ». Иә, білеміз: ауылда ауыл-най болып, байларды тап ретінде жою, олардың мүлкін конфискелеу үшін күресіп, өкіметті өз қолымен, орнатысқан әйел.

Бүгінде совхоз салтанатымен жасанған Айымжанға колхоз туын тіккен де өзі еді. Енді оның өмір жолына жүгінелік. «1929 жылы оқуды әліппеден бастаған ауыл әйелі өз білімін көтеру нәтижесінде 1931 жылы Төңкеріс аудандық партия комитетінің әйелдер бөлімінің меңгерушілігіне жоғарылатылды. Содан 1960 жылы пенсияға шыққанша Солтүстік Қазақстан, Көкшетау облыстарының әр аудандарында партияның жалынды ұйымдастырушыларының бірі болды» (79 бет). Соғыстың сүргін шағында «Ұзынкөл» колхозының жұмысына басалқы болды.

В. И Лениннің ғасыр жасаған тойы үстінде ол мерекелік медальмен наградталды. Сол салтанатта Базар апай:

— Жолдастар, мен партияның адал перзенті едім, әлі де



партияның адал мүшесі болып қала беремін! — деп ақ басын игені бар. Жиналған жұртшылық ауылдан шыққан алғашқы коммунист әйелге қызу қол соқты...

Бұл — «Базар апай». Очерк тақырыбы дастанға арқау боларлықтай диапазоны кең. Соны очерк ауқымына сиғызу үшін автордың ізденгендігі байқалып тұр. Бірақ көптеп кездесетін кемшілік -баяндау басымдылығы мұнда да бой бермейді.

Жинақта бұлардан басқа «Секретарьмен әңгіме» «Айналайын, Сережа», «Біздің Кәкен», «Алпыстың асуында» тәрізді очерктер орын алған... Сергеев аудандық партия комитетінің бұрынғы -бірінші секретары Ніл Болатбаевтың бір күні, қарт майдангер-ақын Әшім Меңдібаевтың полк баласы туралы әңгімесі, қарт ұстаз Кәкім Имановтың өмірі, қарт мұғалім әрі ақын Сейтен Сауытбековтың алпыс жылдық тойы — міне, осы жәйттер түйінделеді. Шопан («Сүйікті Сарықамысым», «Қой күзетінде»), малшы («Жалпақсу түні»), диқан («Трактор жөнделгенше», «Бір түп бидай». «Орденді жігіт»), тағы басқа мамандық адамдары жинақтан жарасым тауып қаз-қалыпында көрінеді.

Өкінішке орай, жинақ очерктерінің дені газет очерктері. Мұндай очерктердің өмірі де қысқа ғой. Сондықтан көптеген дүниеліктер ескіріп қалған. Ал, толыққанды журналдық очерктер мұнда жоқ. Мұны автор да, редактор да ескермеген сияқты. Әйтпесе жинақ мүлкінің масатына мін тағу қиын.

Бұл — «Айналайын, адамдар!» атты жинақ. Авторы — жерлес жазушы Зейнел-Ғаби Иманбаев.



Тұрсынбай Кәкімов.

Өмір көріністері

Жуырда өзінің алғашқы әңгімелер жинағын «Бастама» деген атпен жарыққа шығарған Зейнел-Ғабидың «Кешкі әбігер» атты әңгімесінің фактілері шындық өмірден алынған. Бұл әңгімесінде жас талапкер жасөспірімнің ішкі жан дүниесіндегі адалдыққа ұмтылған ізгі өркенді психологиялық нанымды әдіспен шешеді. Бұл әңгімедегі басты кейіпкер тек Сейпи бала емес. Жазушы осы оқиғаны композициялық өзек ете отырып, бір семьядағы ішкі қайшылықтың күресін өте нанымды көрсетеді. Мәселен, қарт ата-ана Салық пен Мәрияның табылған ақша туралы көзқарасы өзінше. «Бұл ақшаны біз ешкімнен ұрлағанымыз жоқ. Сондықтан оны қайтарып берудің қажеті шамалы» деседі олар. Ал орта буын өкілі Дәуіт пен оның әйелі Әминә болса бұл мәселеде өзінше бағыт ұстайды. «Адал еңбексіз табылған дүние арам» — олардың шешімі осындай. Бір-біріне қарама-қарсы осы көзқарастар соқтығысып Зейнел-Ғаби психологиялық штрихтермен өте нанымды бере білген. Шынында семья ішіндегі бұл тартыс көптен орын алып келе жатқанды. Бірақ оның шарықтау шегіне жетуге әлгі ақшаның табылуы себеп боп отыр. Нақ осы көріністі жазушы былай деп сипаттайды:

— «Бұл құдайдың бергені, — дейді Дәуітке шешесі Мәрия. — мына ақымақ қатының мен балаң ауылнайға хабарлаймыз деп бой бермейді сандалып...

— Сеніңше қалай, олар қате айта ма?

— Қате ғана емес, ақмақтық. Осынша алтыннан безген адам бола ма, оларды ауыздықтау керек, Дәуітжан, дыбысы шықпайтын болсын».

Осы арада әңгімеге Салық қарт та кірісті, Дәуітті қылмысты жолға итермелейді. Әңгіме шиеленісіп, кемпір-шай «бұл үйден кетеміз» дегенге басады. Нақ осы арадағы Дәуіттің ішкі жан дүниесінің арпалысын жазушы жеріне жете ашып көрсетеді. Бірақ, бұл ақшаға қызығушылықтан түскен арпалыс емес, өмір жайындағы ескі ұғымға деген ашу-ызадан туған түтігіс еді. Автор өз әңгімесінде семья ішіндегі осы екі көзқараста жаңашылдықтың жеңуін орынды ашады.

Зейнел-Ғаби әдебиет майданында жаңа бой көрсете



бастаған жас. Бірақ, ол бұл сапарға өз ерекшелігімен, өз тақырыбымен шыққан жазушы. Оның шығармаларының негізгі тақырыбы — ауыл өмірі, сол өмірдегі сансалалы жәйттер төңірегі.

Бұл салада онын басымырақ жазып жүргені де, осы жинаққа көбірек енгені де ауылдағы ескі мен жаңаның күресі. Зейнел-Ғаби ескі көзқарастарды әшкерелеу, олардың зымияндығын жұртқа жеккөрінішті рухта көрсету әдісін қолданады. Бұған оның «Ана тағдыры», «Орманшылар», «Өмір жолы» «Қайнағасы» сияқты әкгімелері толық дәлел.

Тегінде, Зейнел-Ғабидың ауыл өмірінде орын алған жат қылықтарды әшкерелеуде өзіне тән ерекшелік бар. Мысалға «Орманшылар» әңгімесін алып көрейік. Мұнда құлқыны үшін халық мүлкін талан-таражға сап жүргендердің қылығы жайлы айтылады. Орманшылар Жанқожа мен Сәрсенбек жаңа үй салып жатқан Шақанның рұқсатсыз ағаш кескенін ашады. Оған акт жасап, айып төлетпек болады. Бірақ, ауылдағы пысық жігіт Асанның араға жүруімен олар арақ пен етті тоя сіміріп, ұрлықты жасырады. Әңгіменің бар мазмұны осы, әрі қысқа. Бірақ, осы аз көріністе автор екі орманшының арамзалығын әшкерелей ашады. Бірақ «бұлар оңбағандар еді» деп көзге шұқымайды, оларды жерлемейді, бұл пікірге келуге оқушыны итермелемейді. Кейіпкерлердің өзара диалогтары арқылы олардын пасықтығы жайлы қорытындыға келуді оқушылардың өз еркіне тастайды.

Зейнел-Ғаби өмірдегі кішкентай көрінетін фактілерден көркемсөз арқылы қоғамдық ой тудыруға шеберлігі бар жазушы. Бір мысал: «Өмір жолы» атты әңгімеде онжылдықты бітірген Әсия әке-шешесінің дегеніне көнбей, колхозда жұмыс істеуге калады. Бұл қазіргі өмірімізде екі ауылдың бірінде орын алып отырған факт. Бірақ, автор осы фактіге терең астар беріп, оны проблемалық мәселе дәрежесіне көтереді. Әсиянің әке-шешесінің (екеуі де оқыған интеллигент) қызының игілікті іске бой ұруына қарсы шығуының астары, себебі неде? Міне, әңгімедегі басты тақырыптың бірі — осы себепті ашу. Бұлар бүгінгі өмірді көңіліне тоқ санап, тоғышарлыққа бой ұрғандар. Өмір тынысынан олар әлі хабарсыз. Бүгінгі заман талабы да олар үшін түсініксіз. Олардың бойындағы кертартпа көзқарастардың жетілген бесігі де міне, осында жатыр. Сондықтан да мұғалім Мекен



жұмысқа араласқысы келген қызына:

— ... Комсомол шақырса қайтейін, сауыншылыққа менің баламнан басқа жан құрып қалып па? Мен ауданға, облысқа барам, — деп екіленеді.

Нақ осы әңгімеде жастар өміріне соңғы жылдары енген соны лептік желі сезілгендей болады. Жазушы Әсиянің ізгі қадамын жастық елгезектігі емес, өмір талабын түсінген жастық мазмұнды шешімі ретінде көрсете білген.

Бұл жинаққа жас жазушының ірілі-уақты 17 әңгімесі енген. Бұлардың ішінде тыңды бағындырушылар өміріне арналғандары да бар. Сонын бірі — «Кубандықтар». Бұл әңгімесінде автор тың игерушілер өміріндегі бір көріністен елес беріп, таза жанды адамдардың рухани байлығын көрсетеді.

Әрине, жас талаптың әдебиет майданындағы алғашқы қадамында «әттеген-ай» дегізер жәйттер де кездеспей қалмайды. Ең алдымен автор қамтыған тақырыптар шеңбері тым тар. Бұл арада жас жазушыны мына бір оқыстықтан сақтандыру қажет-ақ сияқты. Осы жинақтағы әңгімелерді оқып отырғанда автор ауыл өмірінің көлеңкелі жақтарына тым көп бой ұрған сияқты. Оның үстіне бұл тақырыптағы жазылған әңгімелер күнгей көрініске арналғандардан әлдеқайда көлемді. Ал, жинаққа ат болып енген «Бастама» сияқты әңгімелер әлі де болса жетілдіруді қажет етіп-ақ тұр. Мұндағы негізге алынған өмірлік материал тым ұсақ.. Оның үстіне иесіздікке ұшыраған техниканы жөнге келтіруді бастама деп атау да орынсыздау сияқты.

Зейнел-Ғаби Иманбаев тұрмыс талқысын көп көрген жас. Денсаулығына байланысты ол небары 5 класты ғана бітірді. Азапты ауру оны 8 жылдан астам уақыт бойы төсектен тұрғызбады. Оның бас көтеріп, аяқ басқанына 3-4-ақ жыл болды. Дегенмен, денсаулық жағдайы жас талаптың қанатын әлі де кең жайғызып отырған жоқ.

Бұл қиыншылықтар талапты жасты мойыта алмады. Ол өздігінен оқып, білімін көтерді, қолына қалам ұстап, халыққа қызмет етуге құлаш ұрды. Бұл арманын ол біртіндеп жүзеге асырып та келеді. Биыл оның екінші жинағы баспадан шықпақ. Талапты жас өмір ауыртпалығына бас имей,



өткір қаламмен қатардан қалыспай отыр. Қазір ол Солтүстік Қазақстан облысындағы «Баян» колхозында тұрады.

Жас таланттың алғашқы жинағы оның әдеби болашағынан зор үміт күттіреді. Қайнаған қалың еңбектің ортасында отырған Зейнел-Ғаби әлі де талай татымды шығармалар берді деп сенеміз.

*Зейнел-Ғаби Иманбаев.
«БАСТАМА» Қазақтың мемлекеттік көркем
әдебиет баспасы. 1959 ж. Алматы.
Ред. А. Лекеров.*

Жұмаш Сейітбекұлы - зейнеткер ұстаз.

Зейнел-Ғаби замандасым еді

Терең ойлы, ақ Еділ, асыл адам кеше бар еді, бүгін аразмызда жоқ.

Жастардың келешегіне таза өміріне саналы сөзбен, ұлағатты әдеппен ата-бабаларымыздың ұлттық қадір-қасиетін, өнер-білімін, діл мен тілін, дінін, дәстүрін жалғау - бір кезде арман болып, жаттың қорлығына шыдап, сыртқа шығарудан тайсалып, өмір азабын көргеніміз айқын. Сол құндылықтарымызды өзінің ойынан, бес саусағынан туындатқан қаламгер Зейнел-Ғаби еді.

Бірақ, қай заманда да әділет жеңіске жететінін халық санаға тұтқан. Міне, осындай қиындық титықтатқан кезеңдердегі өмірді, тұрмыс-тірлікті айнытпай, ақпараттарда айқын көрсеткен, осы өзіміздің аразмызда өмірге тесірейе қарап, анығын жазып, жұрттың жүрегіне сезім мен сенім туындатқан да Зейнел-Ғаби Иманбаев еді.

Облыстық газеттерде өмір шындығын жазатын Зейнел-Ғаби Иманбаевтың шығармаларын мен де, жұрт та қызыға оқитынбыз. Ұмытпасам, 1959 жылдың қаңтары, мен-мұғалім және насихатшы, саяси партиялық қоғамдық жұмыстар иығымнан түспеді. Ол кезде мен Зейнел-Ғабиды сырттай ғана біліп жүрдім. Қоғамдық жұмыстармен ол да айналысады екен. 1959 жылғы халық санағын өткізу «Приишим-



де» — Зейнел-Ғабиға, «Жаңа жолда» - маған тапсырылған еді. Бұл мемлекеттік жауапты іс. Бәрін ұқыпты жасау керек. Санақ біткен соң аудан орталығында екеуіміз кездесіп таныстық. Содан кейін де ауданда партия жиналыстары мен насихатшылардың семинарларында жұмыс барысымен жиі кездесіп сұхбаттасып, туыстарша бір-бірімізді аяладық, сыйлас, сырлас, шын пікірлес болдық.

Зейнел-Ғаби 1984 жылы жазда 60 жасқа толып кеңшар орталығында өз үйінде той жасады. Аулаға үлкен ақ шатыр тігілген. Агроном Серік Сибанов екеуіміз шақырумен келдік. Салтанатты мәжіліс совхоздың орталық клубында өтті, ине шаншар жер болмады. Құттықтап, іске сәт, денсаулық, отбасы амандығын тілесіп, сөйлесіп, бір серпіліп қалдық. Сергеев аудандық партия хатшысы Есім Шайкин бастап мәжілісті жақсы, көңілді өткізді. Ақындар Игібай Әлібаев, Жарман ақын т.б. мәдениет қызметкерлері ән-күймен түрлендіре түсті... Тойға қатысқандар бүгінге дейін ұмытпай айтып жүреді.

Әттең арамызда тура сөзді қадай айтар Зейнел-Ғабидай ата-баба ұлдары аз ғана қалды. Өкініштісі сол, қарын тойғанға мәз адамдардың көптігі...

Шығармалар



Зейнел-Ғаби Иманбаев

Кәмеш Байқасқызына

Көңіл, шіркін, қобалжыр көркінменен,
Көркін емес күйемін өртіңменен.
Кеуде-сандық, алтын сыр дестеленген,
Көңіліме орнаған дертіңменен.

Әркімге, шіркін, көңіл қобалжымас,
Әумесер, көрсеқызар деп те аталмас.
Әрқашан жас жүрегім гүлменен тең,
Әтір иісі аңқыса болмай ма мас?

Мәнін ұқсаң көңілім сырда жатыр,
Мұхиттайын тасыған қырда жатыр.
Мен дегенде қалайсың ұға алмаймын,
Менің үшін сен жалын болдың ақыр.

Емсің өзің жаралы жүрегіме.
Егер дұрыс, я қате ерік сенде.
Елжірейді жас жаным уланады,
Еркімді алып азапқа салдың неге?

Шынайы, шын сырымды арнап саған,
Шырайлым, мақпал жырға, әнге қосам.
Шындадым, сандығымның кілтін аштым,
«Шығармын қай жағынан?» деп ойланам.

Айналайын, жан сәулем, жаным Кәмеш!
Ғафу еткін сөзімді болса оғаш.
Мәңгілікке айқасқан құшағымды,
Балтамен шапса дағы айыра алмас!

Ортақкөл ауылы, 1944



Зейнел-Ғаби Иманбаев

ДАЛАМ МЕНІҢ (киносценарий)

Тың туралы толғау

Қатысушылар:

Рашид — Татарстаннан келген тың игеруші.

Жәпен қарт — байырғы диқан.

Зиятден — Жәпеннің немересі.

Маржан — Зиятденнің келіншегі.

Зәуре — тракторшы қыз.

Рахымғали — аупартком секретары.

Бекім — тракторшы.

Дайыр — колхоз председателі.

Колхозшылар, ауыл адамдары және басқалар.

Боранды түнде тракторлар керуені көрінеді. Алдыңғы тракторда жолбастаушы мен Рашид көздерін укалап қойып отыр. Жол бірде көрініп, бірде көрінбейді. Рашид тұтқаларды ерсіл-қарсыл бұрып есінейді.

Рашид. Адамдар мекені кездеспегелі көп болды, адаспасак жарар еді.

Жолбастаушы. Адаса қоймаспыз, бетіміз түзу сияқты.

Рашид. Сіздерде боран үнемі осылай ма?

Жолбастаушы. Көктем шығарда сөйтеді.

Рашид. Ия, Алла -ай, мына далада шек бар ма өзі?

Жолбастаушы. Менің далам ғой бұл! Кең де, құнарлы өлке.

Боран күшейе түседі.

Жәпен қарттың үйінде қызойнақ болып жатыр. Қарттың немересі үйленіпті. Жастар алқа қотан отырысқан. Ойын бастаушы Бекім әмірін жүргізіп жүр.

Бекім. Кәне, өлең айтыңдар, айтпағандарың



көршілерінді беріндер. Көршілерінді бергілерің келмегендер жазаланасыңдар.

Жәпен. Иә, шырақтарым, көптен тұнжырап тұрған шаңырақ еді, әнге бөлендер, жастардың шат күлкісі естілмегелі қашан!

Зәуре бастаған қыздар «Қамажайды» шырқайды. Жігіттер қосылады. Жәпен атай мәз болып отыр. Сыртта боран үні. Аппақ қарға оранған біреу кіреді.

— Жәпен қарттың үйі осы ма?

Дауыстар. Осы. Е, немене?

Қонақ. О, бәрекелді, қарттың өзі қайда?

Бекім. Өне отыр, көрімдік берсең.

Қонақ тонын шегеге іліп атайға қолын ұсынады.

— Ассалаумағалейкум, ата!

Жәпен. Әліксалам, қай баласың?

Қонақ. Бөтен болмаймыз, ата. Жылынып алайын.

Бекім. Үй таппай келген жоқ шығарсың, төрге оз.

Зәуре орын көрсетіп, — Мына менің жаныма келіңіз!

Қонақ. Рахмет! /отырады/

Зәуре. Менің атым-Зәуре.

Қонақ. Өте жақсы ат. Менің есімім-Рашид. Қалиахметов Рашид./ойланып қалады/

Зәуре. Сізге көңілсіз болып кеткен жоқ па?

Рашид. Жо-жоқ, о не дегеніңіз.

Зәуре. Көңілді отырыңыз./қонаққа жақындап отырады. Рашид әтірдің ісіне елтіп, қыздың қызуы күйдіріп бара жатқандай өзінен өзі қысылады./

Бекім. /дарылдай күліп/

— Қонақ жігіт, көршіңмен талақтай жабысып қалыпсың ғой, сұрасам берер ме едің?

Рашид. Жо-жоқ, бере алмаймын. Өзім әлі танысып та болмағам.

Бекім. Бермесең үш ауыз өлең айтасың.

Рашид. Өлең білмесем ше?

Бекім. Онда мына орамалмен бес рет алақанға соғамын.
/Ширатқан сулық орамалды көрсетеді/

Рашид. /тітіркеніп/



— Жок, айтайын. /Зәуреге сәл тақалып, теңселе түсіп «Ғалиябануды» әндетеді.

Дауыстар. О, бәрежелді, жасай бер! Мынау әнің біздің Зәуреге арналғандай ғой.

Зиятден. Ғалиябанудан біздің Зәуреш кем болып па?

Дауыстар. Пәле-ау, Бекімнің қытығына тиіп алмаңдар! /күлкі/

Бекім. /ашулы, Рашидке төне түсіп/

— Зәуре сенің сұлуың да, еркең де бола қойған жоқ. Сонша неге өзеурей қалдың?

Рашид. Өзеуресем әбестік пе?

Бекім. Есіктен кіріп төр менікі дегенің қайткенің!

Рашид. Мен де осы елдің азаматы.

Бекім. Қай жақтан келсең сол жағыңа қайқай арман, о несі-ей!

Дауыстар. Жікке бөліп, басты жақтан айырғаның қайткенің? Рашид арамызға келген мейман екен, әлгі сөзің лайық па?

Бекім. Зәуреге неге өндіршегін созады?

Дауыстар. Алмаған алашұнағыңның ештеңесі кете қойған жоқ. Сабыр батыр - екесі! /күліседі/

Жиын тараған. Жәпен қарт, Зиятден, Маржан және Рашид қалады. Жәпен белін басып, ақсаңдап келіп Рашидтың жанына келіп отырады.

— Сөйлеші, балам, қай ұлсың?

Рашид. Атай, ұмыттыңыз ба, хат жазып тұрдым ғой. Есімім Рашид.

Жәпен /қызыл көздерін мол ашып, қалбалақтап/

— Тұра тұр, тоқтай қал, сен сол Рашидпысың, баламмен бірге болған мишар жігітпісің? /қолдары қалтырап жақындай түседі/ Қарашығымның жолдасы, таза арулап жерге берген жанашырымсың. О, жасаған-ай, қайдан келіп қалдың? Жөніңді айтшы, жарқыным!

Рашид. Солмын, сол Рашидпын. Қалиахметов Рашид, комрот Жәпеновтың бұрынғы жәрдемшісі. Сіздің ауылды қалап келдім. Тың көтеруге...

Жәпен. Рашид қарағым, мынадай қуаныш үстіне тап келдің, тілегің дұрыс екен. Жалғызымның қанды көйлек жол-



дасы болған соң, сен де менің баламсың. Бұл күнде басқан ізіне зармын./көздерін сүрткілейді/

Рашид. Жақан ағай бірге туғанымдай болып кетіп еді. /те-мекі тұтатады/

Жәпен. Көз жұмар алдында біз сорлыға айтқан арыз-мақұлдығы болды ма?

Рашид. Бақылау пунктінде тұрғанда оққа ұшты. Тірі оралсаң, елге сәлем айт-деді.— Әке, риза бол, жеткен жерім осы... дегенін ұғып қалдым.

Жәпен. /жылап/ Алда құлыным-ай, арысым-ай! Тәубә дейінші, елін қорғап өлгеннің не арманы бар. Қалай жерледіндер, басына белгі қоя алдыңдар ма?

Рашид. Үлкен қаланың алаңына жауынгерлер зиратына жерленді. Қазір барсам да жазбай табар едім.

Жәпен. Айналайын-ай, сол Рашид екенсің ғой. Қос қуаныш болды ғой. Жәпеннің шайқалып тұрған шаңырағы көтеріліп, келін түсіріп, өлгені тіріліп, өшкені жанған үстіне келдің, тілегің дұрыс екен, шырағым.

Рашид. Амин, адам қайғы үшін емес, қуаныш үшін жаралған.

Жәпен. Дұрыс айттың, балам, ұлағатты сөз.

Зиятден. /шампанның тығынын ашып/ Аш, айналайын, іш — же, шырағым! Жақанымды көргендей бір жасап қалдым ғой. Жақсы тілек үстінде жақсы адам келеді деп еді. Келуіңе болайын, сабазым!

Зиятден. Ата, шарапты аузыңа да алмаушы едің ғой?

Жәпен. Рашид қарағым келген соң алып қоямын.

Рашид. Рахмет, атай, қуанышыңыз көбейе берсін!

Жәпен. Әмин/ шампан ішеді/ Түнде айналаға көз салмаған шығарсың, боран да түтеп тұрды ғой. Жер дегенің жетеді бұл жақта. Дүние жаралғалы түрен тимеген қысыр жер. Қаққан қазық көктейтін құнарлы топырақ. Қыртыс жыртып қыруар байлыққа кенелуді қашаннан арман етуші едік, әл келмеді. Жерімнің байлығы ақтарылғанын көрмей өтемін бе деп едім. Тәубә, өлмеген адам алтын аяқтан су ішеді деген.

Зиятден. Ата, бар сөзді бүгін сарыққанша ертеңгіге де қалдырсайшы, қонағымыз тынығатын шығар.

Жәпен. Ол да бар екен, қартайған адам мылжың келеді,



кешірім ет, балам! Ертең ана қызыл тұсақты да, сары ешкіні де сойып, ағаңның келгеніне той жаса, сөйт, шырағым!

Теміржол станциясына тақау жұпыны мейманханада жігіттер екінші тәулік жатыр. Боран толастамай қойды.

Рашид. /газет оқып болып сыртқа қарайды/ Жігіттер, күн ашылатын сияқты жүріп кетейік.

Бекім. Өзің жүре бер, боранға қақалып түзде өлер жәйім жоқ. Өлгің келсе, өзің бар!

Рашид. Өлімнен қашып қайда құтыласың, туралап келсе төсегіңнің үстінде де табар, менің шыдамым таусылды.

Бекім. Сен қызға баруға асығасың, әйтпесе қай қимасың тұр ауылда. Зәуреш саған пысқырып та қарамайды.

Рашид. Тракторларды вагоннан түсіріп алып текке қаңтарып қойдық. Ауылда іс күтіп тұрған жоқ па?

Бекім. Қыз күтіп тұрған шығар?

Рашид. /әдейі/Қыздан да безер мен жоқ.

Бекім. Е, өзің бара бер, өзім күн ашылмай қозғалмаймын. /теріс қарап жатады/

Рашид. Жігіттер, қозғаламыз ба? Колонна болып жүрген соң қайтер дейсің. Текке жатқанша ілгері жылжымаймыз ба?

Бекім. Бұл дала сенің Қазаның емес, Қазақстан. Көз тоқтатар бұлдыры жоқ жүздеген шақырым даладан жол тауып көр.

Рашид. Компас бар емес пе?

Зиятден. Рашид ағай дұрыс айтады, жүру керек. Алдына мен түсем, жолдан жаңылмаймын.

Жігіттердің бірі, Ей, сендей үйде келіншегім тосып отырған жоқ, текке өлгім келмейді.

Рашид. Ал, қайтеміз?

Дауыстар. Жүреміз! Жүру керек! Жатуымыз жетті!

Дала. Қар тегістеп кеткен байтақ жазық. Үп еткен жел жоқ. Наурыздың алдамшы ауа райы тына қарған кез. Жолдың ескі сүрлеуі бірде көрініп, бірде көрінбейді. Мұнар басқан күн көзі бесіндікке ауған. Алыс жақыннан көз тоқтатар қара жоқ. Рашид Зиятденнің тракторын өкшелеп жүріп келеді. Көз ұялтқан қарлы жазық.

Рашид. Апыр-ай, бұл жақ осылай екен-ау! Боран түгіл



ашықта адаспай жүру оңай ма? Қазір Еділ бойында күн жылынды ғой...

Рашидтың көз алдына өткен күндер елестеді. Осындай наурыз күні болатын. Сай-жыраларда көз жасындай мөлдір бұлақтар ағып қар суы өзенге қарай лап қойған. Жартастарда, тау иықтарында жасыл шыршалар құлпырып тұр. Қыста аңшылық кәсіпшілікке кеткен әкесі келе жатады. Артынып-тартынған торы биені жетектеп алыпты. Әкесі иттерісі биялайын шешіп бала Рашидты құшақтап:

— Ұлым, жігіт болып қалыпсың, келер жылы кәсіпшілікке сені де алып кетемін. /Рашид қуанады/

Қыс. Қалың қарағай ішінде тиын аулап жүрген әке мен бала көрінеді.

Бір сәт бәрі өзгеріп, солдат Рашид соғыстан оралады. Жаз ортасы. Әкесі Сағидулла қарт пен шешесі құшақтап жармасып жатады. Екеуі де қартайған, еңкіш тартқан.

Әкесі. Ұлым, сені көрдім, арманым жоқ. Мына шаруаны өз қолыңа ал. Тау аралап, орман кезіп енді табиғат байлығын молайтуға ат салысамын.

Рашид. Қалай?

Әкесі. Аң мен құс азайып барады. Бұлай қыра берсе көп ұзамай құрып та бітер. Сақтап қалу үшін броконьерлермен күресемін.

Рашид. Сізден басқа ешкім жоқ па бұл іспен айналысатын?

Әкесі. Орманшылар, аңшылық шаруашылықтарының қызметкерлері бар, бірақ олар аз, қай жағына жетеді. Көмектесу керек. Тракторға отырып, егіншілікпен айналыс, үйлен, отбасын құр. Мен кетемін.

...Рашид пар айырып жүр. Ескі трактор көп тоқтайды. Уақыт кешке айналған. Қаршығалы, Қарабас биіктерінің үстінде қара бұлт шөгіп жатыр. Тау сілемдерінің арғы бетінде найзағай сатыр-күтір үгетілді. Қараңғы таулардың қуыс-қуысын шарпып, созыла ирелеңдеп барып жоғалған жәй оты бірнеше секундтардан кейін қайта тұтанып тау қопарғандай күркіреді. Күн күркіреген сайын егіз таудың ұшар басы көрініп жоғалады. Нөсер құйып кетті. Рашид ауылға тартады. Үйде шешесі жалғыз.

Шешесі. Астапыралла, өзің сақта! /Найзағайға үрейлене



карайды/

Тау ішінде Сағидолла қартты жәй ұрып құлайды. Қаралы музыка.

Түн. Қарлы дала тракторлар әлі жүріп келеді. Рашид сол қалпы ой үстінде. Жарықты кесіп бір топ еліктер шапқылап барады. Рашид туған жерін, ауылын, анасын ойлайды.

Жұпыны қос үй. Ауладағы кәрі еменнің бұтақтарына қонып торғайлар шырылдайды. Қарғалар қарқылдайды. Ауылға ерте көктем келіпті. Рашид тамашалай қарап тұр.

Дауыс. Клубта комсомолдар жыйналысы, бәрімізді шақырып жатыр.

Рашид. Қазір ме?

Дауыс. Тап қазір, өте тығыз.

Рашид. Мақұл, барайын.

Үлкен жиналыс. Комсомол жастар, механизаторлар. Мінбеде гимнастеркалы, белін қайыспен бұған обком өкілі, төртпақ Хайнуллов сөйлеп тұр.

Хайнуллов. Жолдастар, Қазақстанның солтүстігінде мыңдаған гектар тың дала жатыр. Қаққан қазық көктейтін құнарлы жер. Еліміздің астық молшылығын жасау үшін партия үндеу салып бүкіл халықты тың көтеруге шақырады. Бірінші кезекте партия мен комсомол мүшелері үн қосуға тиісті. Бүгін осы жиналыста тілек білдірушілер қол көтеру керек.

Дауыстар. Барамыз. Партия шақырса түгел барамыз.

Хайнуллов. Жолдастар, кішкене сабыр етіңіздер, кішкене, кішкене... Сонымен бірге мен мынаны ескертуім керек. Қазақстанның тың даласы Еділ бойы емес, қазір де қатты борандар соғып тұр. Жері бай болса да табиғаты қатал. Ашық далаға алғашқы қазық қағып, боранда кенеп палаткада ұйықтауға тура келеді. Тың игерудің үлкен қиыншылықтарын ескертемін. Жолдастар, соған шыдасандар ғана барасыздар. Солқылдақтық жасасаңдар, үйде қалыңыздар, ұят болма-сын!

Дауыстар. Шыдаймыз, барамыз!

Хайнуллов. Хатшы жолдас, тілек білдірушілердің тізімін алыңыз! Жолдастар, ретімен кезекке тұра қалыңыздар!

Жұрттың ұзын тізбегінің кейінгі жағында Рашид тұр. Кес-



кіні қатты толқулы. Бүкілхалақтық қозғалысқа қатысу керек. Қалай? Шешесі науқас. Қарындасы жас.

Шешесі төсекте ауық-ауық жөтеледі. Кескіні сынық. Қарындасы сусын тосады, іше алмайды.

Шешесі. Рашид қайда?

Қарындасы. Жыйналысқа кетті. Қазақстанға тың көтеруге барушылардың жыйналысы.

Шешесі түсінгендей бас изеді.

Рашид столға жақындап қалған. Жан жағына қарайды. Кескіні толқулы.

Тіркеуші. Сізді де жазайын ба?

Рашид. Шешем қатты науқас еді...

Тіркеуші. Олай болса, Сізді ешкім де қыстамайды, үйде қалыңыз!

Рашид. Сонда қалай? Партия шақыруы ше, мен коммунист емеспін бе? Кеше қан майданда өткем партияға.

Хайнуллов. Коммунист біткен түгел баруға тиісті емес қой. Жағдайыңыз келмесе қалыңыз!

Рашид. Жоқ, мен саптан қала алмаймын. Жазыңыз!

Рашидтың үйі. Шешесі ауру, Рашид кіреді, толқулы қалпы.

Рашид. Әнкәй, тың көтеруге бармақпын. Олай етпей болмады. Ғафу ет, мені, келіп тұрамын ғой.

Шешесі. /жыламақ болады, жылай алмайды/ Ұлым, жүрегің қалаған екен, бөгемейін. Тәуір болсам, өзім де барамын сол жаққа, ағайын ел ғой. Біздің туыстарымыз да бар онда. Әзірге мына қызыммен тұра тұрамын.

Рашид. Рахмет, әңкәй, сіз қарсы бола ма деп қысылып едім...

Шешесі. Ұлым, сен әкеңе ұқсайсың. Әкеңдей бір беткейсің. Сенсіз маған оңай емес. Қапаланбай аттан, хабарласып тұрамыз.

Күн райы бұзылып, жел күшейе берді. Қатқақ жолды кесіп жаяу борасын бұрқанды. Рашид қайран қалулы. Құрғақ нанды кеміріп қойып отыр. Ыстық ассыз, аялдамасыз екінші тәулік бойы жүріп келеді. Түнде МТС орталығынан асатын



шығар. Содан әрі бірнеше сағаттық жол. Жол, жол... Рашид өмір бойы жолдың үстінде, тоқтау да, тоқырау да жоқ. Боран үдей түсті. Іңірде шарбақты ауласы бар қар басқан үйлерді артқа тастап ауылға қарай үдере тартқан Бекімнің тракторы тоқтай қалды. Жол аузында тізеден қарға батып екі қыз тұр.

Бекім. /трактор есігін ашып/ Жүр, Зәуреш, менің жаныма отыр. Тондырмаймын, кабинам жылы, кейітпей жеткіземін, жүр! /Бекім трактордан секіріп түсіп, жетектейді, қыз тартынады. Жармасқан жігітті кеудеден итеріп қалады./

Зәуре. Мінбеймін сенің тракторыңа, Рашид ағайдың жанына отырамын.

Зәуре мен Зиятденнің келіншегі Маржан МТС тағы тракторшылар курсын тауысып ауылға қайтқан беттері. Зәуре Рашидтың жанына отырып, Маржан күйеуінің жанына жайғасады. Қалтиып тұрып қалған Бекім тракторына шапшаң мініп, жұлқып тарта жөнеледі.

Боран. Трактор терезелеріне мұздақ жабысып қалды. Дала өзінің азалы үнімен сыңсып тұр. Бірақ Рашидке жабығудың титтей де реті жоқ. Жанында бала көғаршындай сүп-сүйкімді бойжеткен отыр. Зәуре топ-толық ақсары кескіні тершіп күлімсірейді.

Рашид. Зәуреш, қарның ашқан шығар мыналардан алып отыр./қоржынын ашып қояды/

Зәуре. Рахмет, әлгінде тамақтанып едік.

Рашид. Ал, алшы бірін!

Зәуре. Рахмет! /Ұяла отырып, қоңыр шокаладтың бірін жөргегінен ашып, аузына апарады/

Рашид. Оқу қалай өтті?

Зәуре. Жақсы.

Рашид. Куәліктеріңді алдыңдар ма?

Зәуре. Алдық.

Рашид. Трактор берді ме?

Зәуре. Берді, ескі «ДТ» . Курсанттардың бәріне ескілерді берді.

Рашид. /көзі алда, алдағы трактордың оты бірде көрініп, бірде көрінбей кетеді/ Онда былай етейік, осы жаңа тракторды сен ал, ескісін маған берерсің.

Зәуре. Неге?



Рашид. Қыз балаға ескі трактормен жұмыс істеу қиын ғой.

Зәуре. Сізге оңай ма?

Рашид. Біз көптен істейміз ғой. Ескі тракторларды жөндеп жүргіздім ауылда./ойланып қалады/

Зәуре. Ауылыңызды сағынған шығарсыз.

Рашид. Әлі сағына қою ерте ғой. Шешем ауру еді, қарындасым жас.../үнсіздік/

Зәуре. Онда бекер келгенсіз.

Рашид. Келмеу мүмкін емес қой.

Зәуре. Сүйген қызыңыз да қалған шығар?

Рашид. /күледі, үндемейді/ Зухра есімді сүйген қызым болды.

Зәуре. Қазір қайда?

Рашид. /бөгеліп/ Тастап кетті.

Зәуре. Сіз сияқты жігіттерді де қыз тастап кете ме?

Рашид. Зухрадан кінә жоқ, бәрі өзімнен. Ол мені ұнатушы еді. Әскерден келген соң достасып кеткенбіз. Бірақ ұсыныс жасауға бата алмадым. Қайткен күнде де тілегімді айтайын деп барсам да, Зухраны көргенде аузыма құм құйылды. Сөйтіп жүргенде оқу бітіріп келген агроном жігітке тұрмысқа шығып үлгерді.

Зәуре. /кейіп/ Оныңыз қате болған екен.

Рашид. Зухра тұрмысқа шыққан күні егістікке кетіп, ешкімнің көзіне түспей еңіреп жылағаным бар. «Көз жасыңды қанша төксең де Зухра саған жоқ, пақырым, жілік майыңды тауыссаң да онан аспандағы ай жуық. Тиыл мына бейшара ғашықтығыңнан, болды, бітті» деп өзіме қайрат бердім. Бірақ оны ұмытар емеспін.

Зәуре. /ойланып/ Қиын болған екен.

Рашид. Тыңды игеріп, егін өсіріп алайық. Сонан соң үйленермін. Әзірге үйлену туралы ойлауға да уақыт жоқ. /Алға тесіле қарайды/

— Ой, анау қайда бұрылды? Ол жақта ел жоқ қой. Адасты. /Жарықты жағып, сөндіріп, болмаған соң тракторды тоқтатып жерге түсе қалды. Кейінгілер де тоқтады. Зиятден жанына келді. Екеуі таңырқай қарап тұр/- Лағып барады. Адасты.

Зиятден. Ол адаспайды, әдейі істейді. Қиястана сөйтетіні бар.

Рашид. Жоқ, ол сөзсіз адасады! Мына боранда шайтанның



өзі де жол таба алмас, мен барам соңынан!

Рашид тракторын бар жылдамдыққа салып, қуа жөнелді, соңынан Зиятден ерді. Екі трактор күпсек қарды бұрқырата есіп, шапшаң ілгері ұмтылды. Аппақ айдарын желкілдетіп жатқан дала бораны астынан Бекімнің көмескі ізі көрінеді. Күл арасындағы шоқтай болып, жарығы әлсіз жылтырайды. Зиятден мен Рашид «тоқта» деп белгі беріп жақындай түсті. Тоқтамаған соң алдын орады.

Зиятден. Тоқта, адасып өлемісің?!

Бекім. /кабинадан басын шығарып/ Адассам жөнімді өзім табамын, жүре беріңдер! Бұралқы итше жетектеп алмақшысыңдар ма?

Рашид. /жалынып/ Бекім, жынданба, ауа райы бұзылып тұр, жазым боларсың.

Бекім. Әй, қаңғыбас неме, жас әтештей қышқырмай, әрі кет менен!

Рашид. Ақымак! /Тракторды шыр айналдырды да, жүріп кетті/.

Рашид үйден шықты. Ұйқы қайдан келсін. Кезек күтіп тұрған істер қанша. Шала ұйқы болып қызарған көздерімен шығып келе жатқан күнге қарады. Күннің қызылсары сәулесі ісіңкі бетіне түіп тас мүсіндей жылтыратады... Төбедегі үйір-үйір бұлттар құлпыра шешек атады. Жұрт әлі ұйқыда. Қаймағы бұзылмаған өлі тыныштық. Рашид саптың шетінде тұрған ескі трактордың астына кіріп жөндеп жатыр.

Рашид. /өзіне/ Осындайда көзден өткізіп алмаса бола ма? Зәуре келіп қарап тұрады.

Рашид. Қыз бала түгіл маман механизаторға да оңай емес қой, бұған жан бітіру. Өзі күрделі жөндеуден тыңғылықты өтпеген де екен. Әй, салақтық-ай! / Трактор астынан қарап, қыздың түп-түзу аяғын көреді./

Зәуре. Рашид аға келіп те қалғансыз ба?

Рашид. А, Зәурешпісің, саламат па?

Зәуре. Шүкір.

Рашид. Ерте оянбай іс бітпейді. Жасымнан солай әдеттенгенмін. Мұнда халық көп ұйықтайды екен.

Зәуре. Рас. Тракторымды ертерек барып жөндейінші деп



келгенмін. Сіз менен бұрын кірісіп кетіпсіз.

Рашид. Енді қалай, іс күтіп тұр ғой. Тракторға бірінші отырған сендер түгіл мұнымен жұмыс істеу бізге қиын. Қыздарға жаңа тракторды беру керек қой. Бізде Татарстанда сөйтеді. Оқасы жоқ бастықтардың қателігін мен түзейін. Менің жаңа тракторымды ал, мынау менде қалсын.

Зәуре. Ағатай, бекер әуре боласыз.

Рашид. Менің көмегімнен бас тартасың ба, әлде сені ренжіттім бе?

Зәуре. Жоқ, жоқ. О не дегеніңіз? Мәселе басқада болып тұр ғой.

Рашид. /таңданып/ Түсінбедім.

Зәуре. Кеше жігіттер күлді. Сіздің ағалық қамқорлығыңызды басқаға жориды. Ұяламын. Әзірге өз тракторым өзімде болсыншы. Жүрмей жатса көмектесерсіз.

Рашид. Солай ма? Өзің біл, Зәуреш, тек тракторыңды көзден өткізіп берейін, қарсы болмассың?

Зәуре. Рахмет, аға, екеулейік онда.

Рашид. Зәуре, ә, Зәуре, сен бұған дейін колхозда не істедің?

Зәуре. Сауыншы болдым. Тың көтеруге жастар келіп жатқанда сыйырдың бауырында отыруға ұялдым. Үлкен іске ат салысқым келді.

Рашид. Дұрыс қой. Дұрыс!

Зәуре. Апам тракторшы болғанымды ұнатпай жанжал шығарды, әлі күнге риза емес.

Рашид. Ондай да болады...

Жәпен қарт дөң үстінде тұр. Ұзын шекпенінің өңірін ашып тастап кеудесін желге тосқан. Жел жаяулай соғып, қыстап шыққан шағыр жусан мен буырыл бетегені шайнайды. Ұйқысынан ояңған далада қаздар қаңкылдап барады. Осы жерден шексіз дала басталады. Бетегелі жазық — Ақсуат пен Нарөлгенді басып Тобылға қарай шалқаяды. Құс қанаты талған қу медиен дегеніңіз сол. Тал түсте дала ақ дариядай көрінеді. Беріректе үлкен сары оба шөгіп жатыр. Қиюы қашқан ағаш мұнараны сағым ақырын шайқап тұрғандай. Атай көздерін сол тұсқа салған. Обаны жауға жерін бермеген батыр бабаларымыздың мүрдесі деп мақтаныш етеді. Бұл араға келгенде Жәпекең өзінен-өзі мұңға батып шала білетін



күлкі Алласын күбірлеп сақалын сипайды.

— О, Жарықтықтарым, бір күнде сіздер де біздей едіңдер, біз де сіздердей болармыз! — дейді. Сонан соң өзінен -өзі есеп сұрап, өткен ғұмырын шолып шығады: Адал еңбек етіпті. Өмір бойы игілікке ұмтылыпты. Ақылы бүтін, ары бар адам не істесе, бұл да соны істепті. Жақсылығын жұрттан аямапты, тағы не керек?!.

Соңғы кезде мыстан өлім жағалатып жүр. Мейлі, тек да-ламда бидай жайқалғанын көрейін. Сонан соң алам десе, жан міне. Өлмейтін адам жоқ. Өлмейтін — мына көк аспан, со-нау биіктегі күн, мына таң қаларлық табиғат. Сонан соң мәңгі бақи өлмейтін нағыз мықты бар. Ол-халық. Сол халыққа көмегімді тигізсем деймін...

... Кеше құлқын сәріден Дайырға кездесіп қауқылдасып қалды. Дайыр баспалдақта тұрған. Сәлемдесті.

Жәпен. Ішке кірейік, жұмыс бар.

Дайыр. Жәй ма, Жәпеке, ертелетіп қалай жүрсің?

Жәпен. Осы уақытта кісі ұйықтай ма? Ұлы дүбір науқан басталғалы тұрғанда тыныштық қайдан болсын. Жүр. Жүр!

Дайыр. /қолтықтап/ Кіріңіз!

Жәпен. /тымағын сілкіп/ Кеңседе кім бар?

Дайыр. Ешкім жоқ, әзірге.

Жәпен. Апырай, жайлауда жатқандай парықсызын бұл жұрттың!

Дайыр. Солайы солай, бірақ Жұртқа артар кінәм жоқ, бәрі де тың десе жанын аяр емес.

Жәпен. О, бар болсын, бар болғыр! Осы уақытта ел іске кірісіп жатпай ма?!

Дайыр. /басқармалық орнына отырып/ Ал, Жәпеке, құлағым сізде.

Жәпен. /такиясын қолына алып, басын сыйпадаы/ Шырағым, маған жұмыс бер!

Дайыр. /таңданып/ Қандай жұмыс, трактор жүргізе алмай-сыз. Жан қинамасаңыз да жарайтын еді ғой, қария-ау!

Жәпен. /ашулы/ Не дейсің-ей? Жәпен өлген адам ба сон-ша? Ғұмыр бойы тың көтеруді армандап келіп, енді кәрі төбеттей үй күзетіп отырмақпын ба? Жәпенге соны лайық көресіңдер ме?

Дайыр. /сасқалақтап/ Жәпеке, ағатай. Сіз ашуланбаңыз,



қалаған жұмысыңызды алыңыз, мен жәй нетіп...

Жәпен. /жадырап/ Сөйт, шырағым, жәйіңе көш. Мен сендерден төрелік емес, қолымнан келетін істі сұраймын. Жанар майға күзетші керек пе?

Дайыр. Керек.

Жәпен. Бер соны маған көзім бүтін ғой. Күн-түн күзетемін.

Дайыр. Қиын болмаса...

Жәпен. Жоқ. Қиын болмайды.

Жәпен далаға қарап отыр. Кеудесін самалға тосқан. Төменіректе тракторлар қатары көрінеді. Өңкей жаңа «ДТ». Күннің жылы сәулесі ылғалды далаға төгіліп тұр. Тракторларға от алғыза бастады.

Жәпен. /қадам басып/ Иә, Аллам, сәтін бере гөр!

Аулақтау жерде аупарткомның жаңа «ГАЗигі» келіп тоқтады. Рахымғали әлде нелер жәйлі сөйлесіп, бері қарай жүрді.

Рахымғали. Ассалаумағалейкум, Жәпеке, іске сәт!

Жәпен. /даусы бұзылып/ Иә, іске сәт, Аллам жар болсын. Бұл күнді көрген де бар, көрмеген де бар.

Рахымғали. Жәпеке, осындайда адам жылай ма екен?

Жәпен. Қуанышқа жылаймын, құлыным, мен қуанбаған да кім қуанады, дала менікі емес пе?

Рахымғали. /күліп, қартты құшақтап/ Жәпен аға, дала сіздікі, оған дау жоқ. Осы қуанышқа атайтының жоқ па?

Жәпен. Дұрыс, менің атауыма болады. Әбден жөн. Үйде ақсарбасым бар. Соны бүгін-ақ шалып жіберейін, дәл қазір осы ұлы істің үстінде.

Рахымғали. /тракторлар жаққа белгі береді/ Бастандар! /Тракторлар басынан тасыған дариядай біртіндей сөгіліп түрендерін түсіре жөнелді. Алғашқыда тырағайлап шапқан аттай қалың шаңға бей-берекет араласып кетті де қатарларын түзеп алды. Қария тіссіз аузын ашып қалыпты/

Жәпен. /бір орнында қозғалақтап/ Иә, сәт, жолыңды оңдай көр!

Рахымғали. Жәпеке, мен жүремін.



Жәпен. Жо-жок, қарағым, қазір біздікіне барасың. О не қылғаның!

Рахымғали. Жұмыс қой.

Жәпен. Осыдан артық жұмыс бола ма?

Рахымғали. Барлық жерде де осы, бүкіл аудан осылай.

Жәпен. /бөгеліңкіреп/ Тұра тұр, асықсаң қызыл секті қосқа әкеп, қазір-ақ бауыздап тастайын, /Қарт шекпеншесінің түймесін ағыта бастайды/.

Рахымғали. Жоқ, рахмет, тағы да келемін ғой. Тағы да келемін, ақсақал.

Жәпен. /аупарткомның машинасын шығарып салып, күрсінді/ Адамдар мұнша неге асығыс жүреді? Иә, асығатын орындары бар. Әмәндә асықпай болмайды. Өйтпесең ісін өнбейді. Апырау, мына қызықты қара! Көп трактордың бір тартып кеткен ізі, біздің өгізбен бір жылда жыртқанымыздай бар ғой. /Аптығып адымдап келеді/ Жиырма бес аттам. Құдай-ау, мұндай да тамаша болады екен! /Маңдайын көлегейлеп ұзап бара жатқан тракторлар керуеніне қарайды.

Кешкі шапаққа етегін малып қоңыр ала бұлттар ентелей төніп тұр. Күн бойы жұмыс істеген тракторлар қос басына жыйналыпты. Кезек ауыстыру мерзімі.

Зәуре. /трактор майлап болған Рашидке гүл ұсынады/ Аға, алыңыз жолыңызға гүл бітсін!

Рашид. /кызарақтап/ Не үшін?

Зәуре. Туысқан елден келген тың игерушісіз, алғашқы ізді де Сіз тарттыңыз, сол үшін барлық жастар атынан.

Жастар. Ұлы науқанның басталуымен, Рашид ағай!

Рашид. /қуанышты/ Рахмет, достар, ағайындар! Зәуреш қарындасым, саған ерекше! Моторға от алғызып берейін бе?

Зәуре. Жо-жок, өзім де...

/Көрші тракторда Зиятденнің кезегіне келіншегі Маржан отырған. Тракторлар жылжып жүре бастайды/.

Рашид. Жолдарың болсын, қарындастарым!

Күн шілдедегідей ыси түсіп, сызы арылмаған салқын жерді бусантып жіберді. Аспан таңғажайып көкпенбек. Бозторғайлар шырылдайды. Рашид қаздай тізілген тракторлар сапының орта тұсында келеді. Аударылып қалып жатқан



бұйра шымға қызықтай қарайды. Алдыңғы трактор тоқтап, барлығы ошарылып қалды.

Зиятден. /кабинадан басын шығарып дауыстайды/ Ей, іші ауырған адамша неге тоқтай бересің?

Бекім. /сіңбірініп/ Айқайлама, мойның тым жіңішке, өңешің үзіліп кетер! /Өзі трактордың бүйір тұсына үңіліп жатыр, асығар емес. Жігіттер тиышсызданады/

Зиятден. /тақау барып/ Ей, сен өзің жұртты қаңтарып...

Бекім. / Тұздай көзінен ызғар шашып/ Немене, әдейі тоқтап тұр деймісің?! Солярка жүрмесе, түтіктің бойымен өзім жүрмекпін бе?

Зиятден. Жоқ-ау деймін, тексеріп, жөндеп алмайтын ба едің?

Бекім. /таңқия қарап/ Кет осы жерден, Жәппеннің инелік қарасы, аузыңды бұзып жіберермін!

Дауыстар. Не болды сендерге? Қойыңдар!

Рашид. /Зиятденді шынымен ұрып тастай ма деп ұмтылады/ Қой, Бекім, жанжал неге керек. Тракторды қос басында қарап алған жөн еді ғой!

Бекім. Бәлебай неме, төбелеспекпісің? Зиятденіңмен қоса жастармын!

Рашид. Бекім, құтырғанбысың, онан да көмектесіп жібер демейтін бе едің?

Бекім. Керек-ақ сенің көмегің...

Рашид. Неге олай?

Бекім. Бұдан былай сендермен бірге істемеймін. Жергіліктің бар, қаңғырмаң бар аулақ кетіндер» Естерінде болсын, нормамды артығымен орындаймын. Білдің бе? Көресің сонда кімнің кедергі келтіргенін.

Дайыр. /атпен шоқытып келеді/ Жігіттер, не болды, не айқай?

Зиятден. Мынау Бекім жолда тұрып алып...

Бекім. Солярка жүрмей қалды, әдейі тұрмын ба?

Дайыр. Көп тракторлардың бір жерде жұмыс істеуі бөгет екені рас. Ертеңнен бастап звеноға бөлінесіңдер.

Бекім. /даурығып/ Сол дұрыс, бөлек кетемін. Көрсетемін сендерге кімнің кім екенін! /Бекім боз көздерін алайта қарайды да мотордың соңғы қуатын сығып шығармақ болып газды баса түсті. Кездесіп қалған сары төмпешіктерден асып



түсіп, шоқалақтап келеді. Ауыр түрендер жертомарларды аударып тастап барады.

Бекім. /өзінен өзі күнініп/ Шайтан көбелектей Зәурешті төңіректегені-ақ өтіп барады. Еңсесін салып үстіне түсіп тұрған пәле. Қыз әбден өзгеріп болды. Рашидке гүл сыйлап, ерлі-байлыларша бір тракторға кезектесе мініп, бірігіп кеткенін көрмейсің бе, пәлекеттің!

Жәпен қарияның үйі. Қарт сақалын салалап үнсіз отыр. Дайыр мен Рашид кірді. Қария кеудесін көтеріп, жалбыраған аппақ қасының астынан тұнжырай қарап:

— Шырағым, берік бол. Жазмыштың ісіне амал жоқ. Шешен қайтыс болыпты. Алдынан жарылқасын, жаны жаннаттан табылсын!

Рашид. /сұрланып/ Қашан, кім айтты?

Дайыр. Таң алдында қайтқан екен, бүрсікүні жерлемекші, телеграммасы мынау.

Рашид. Қайран әңкәйім менің, келем дегенің қайда? Қазақтар біздің туысымыз деп едің-ау!

Жәпен. Анадан айырылу оңай емес, берік бол, балам!

Дайыр. Қазір «Победа»мен апарып поездға мінгізіп саламыз. Ертең ертемен барып қаласың.

Рашид. Тракторды қайтемін?

Дайыр. Зәуре жұмыс істейді ғой. Шаршаса тынығып алар, ештеңесі кетпес. Өзі тілек қылды.

Жәпен. Иә, жүріп кет қарағым, жолың болсын!

Қараңғы түн. Жаңбыр құйып тұр. Аңыздың елсіз шетінде Зәуренің тракторы ащыға батып қалды, ерсілі-қарсылы тартылғанымен шығар емес. Батпакқа кіре түсті. Бұл жердің осындай екенін білуші еді. Ұйықтамағалы екінші тәулік. Рашид үшін де қыймылдап жүрген, қалғып кетті. Алыстағы тракторларға жарықпен белгі бере бастады.

Зәуре. Алақай, көрді, бері беттеп келеді. Бекім ғой, одан басқа кім болушы еді.

Бекім. /тракторын алысқа тоқтатып, айналып көріп, ысқырып жіберді/.

Е-е-е, анықтап батқан екенсің, бикеш, қалай шығарам.



Жақындайтын жер қалмапты. Ащы ми...

Зәуре. Қалғып кетіп...

Бекім. Рашид үшін күн-түн азаптанып жұмыс істейтін орның жоқ қой!

Зәуре. Көмектесуге болмай ма?

Бекім. Көмектің де көмегі бар, ал сен...

Зәуре. Ал мен!

Бекім. Жақындасып, бірігіп барасың.

Зәуре. Соны айтпақ үшін келіп пе ең?

Бекім. Айтса ше?

Зәуре. Жөніңе жүре бер ендеше. /есікті жауып алады/

Бекім. Зәуре, сен болған соң келдім. Әйтпесе әкеме де мойын бұрмас едім. Түсін. Сен ашуланба. Мен сені қашаннан сүйемін ғой. Сен үшін отқа да, суға да түсуге бармын. Сенсіз өмір маған мына қара түн сияқты, Зәуреш!

Ұлы сәскеде Зәуре қос басына келіп тракторын тоқтатты да, басқарманікіне таяу тағы бір көкқасқа «Победаның» тұрғанын көрді. Көрсеткіш тақтада «Теміржанов Бекім жоспарды 250% орындады» деген жазу өшірілмепті. Іштен Дайырдың қатты сөйлеген даусы естіліп жатыр.

Дайыр. Мақтанарлық-ақ еңбектендіңдер, жігіттер!

Бөрілінің даласын бір айда аударып шықтыңдар. Бұл дегеніңіз адам айтқысыз ерлік іс. Иә, солай!

Зәуре кіреді. Дайыр сөйлеп тұр. Ақ мұртына лайық буырыл шашын кейін қайырып аупартком секретары Рымғали отыр. Тап-таза киінген Рашид тақала жайғасыпты. Жолдан жаңа келіп отырған сияқты.

Дайыр. Жоғары шық, шырағым, уақыт тығыз, тоса алмадық, берірек өт!

Рашид. /қызарақтап/ Жоғары шық, мына жерге! /тұрып орнын береді/

Дайыр. /Сөзін жалғастырып/ Жолдастар, жақсылық пен жамандықтың қашан да қатар жүретінін қайтерсің. Сонау «Қарашілікке» қарай аңыздың ортасында қыртысты бетімен сыдыра жыртып бүлдіріп тастапты. Аз ғана жер болса сөз етпес едік.

Дауыстар. Ол кім, атын неге айтпайсың?

Дайыр. Білсем айтар едім ғой. Сіздердің араларыңда осыны істеген адам отыр дегенге өз көзіммен көрмесем нанбас едім. Амал не, шындық. Сол жерді қайта жырту керек болып



отыр міне.

Зиятден. Жерді өйтіп қорлауға ешкімнің де хақысы жоқ. Кінәлі адам мойнына алсын./ жұрт бір-біріне қарайды. Бәрі де ыңғайсызданған/

Дайыр. Осыны істеген адам арамызда, бірақ мойындауға ерлігі жетпейді.

Зәуре. /қызарып/ Ағайындар, ағайлар, ұят болды ғой бәрімізге. Мен істесем ашық айтындар, аямаңыздар. Әйтпесе кінәлі адам азаматтық арымен мойындасын көптің алдында. /үнсіздік/

Рахымғали. Қалай да, жігіттер, мыналарың ұят болды. Басқа колхоз естімесін. Мен айтпай-ақ қояйын. Абзалы өз қателігін мойындау да ерлік. Ондай ерлікті көре алмай тұрмын. /үнсіздік/

Бекім. Мен едім.

Зәуре. /селк ете қалып/ Ах, сен бе едің?

Бекім. Мен едім, Рашидпен серттесіп қалай да озам дедім. Оздырмады. Қайла істеуге тура келгені...

Дайыр. Қылмыс істегеніңді білдің бе?

Бекім. Білдім, бірақ намыс деген бар емес пе?

Дауыстар. Бүйткен намысың құрысын!

Дайыр. Е-е-е, сен мынандай екенсің ғой! Ертеңнен бастап ана жерді қайта жырт. Шығыны толық мойныңа қойылады. Дұрыс айттым ба, көпшілік?

Дауыстар. Дұрыс, реті солай!

Бекім. Жазамды мойныммен көтеремін.

Дауыстар. Жазалау керек арамзаны! Сенің сорақы ісіңнен бәріміз жерге кіре жаздадық.

Бекім. Тайыз жыртылған жерді ақысыз-пұлсыз өзім қайта жыртамын.

Зиятден. Сонда босқа айдалған трактордың ақысын кім төлейді. Атаңнан қалған техника бар ма еді? Қазір күннің әр сағаты қымбат болып тұрғанда уақытты босқа өткізбексің ғой. Ол болмайды, барлық шығын мойныңа қойылуға тиісті.

Дауыстар. Жәпенов дұрыс айтады, солай болу керек.

Дайыр. Бекім Теміржановтың сапасыз жыртқан жері қабылданбасын. Қайта жыртылған шығыны толық өндіріліп алынсын. Бұл баршаға сабақ болады. Осы қалай?

Дауыстар. Дұрыс айтасың, басқарма!



Дайыр. Кәне, қол көтеруге саламын.

Рашид. Сабыр етіңіз, менде бір ұсыныс бар.

Дайыр. Айтыңыз.

Рашид. Жолдастар, жазалауға да, айып тартқызуға да болады. Қылмысын қаймықпай мойнына алуды Бекімнен күтпеп едік. «Ұсынған мойынды қылыш кеспейді» — дейді халық. Бекім айып тартпасын, бүлінген жерді жұмыс артынан жабылып жыртып тастайық. Өзіміздің жолдас қой. Сабақ болар.

Жаздың бір құрғақ кезі. Тамшы тамбағалы қашан. Күн көзі ертемен талаурата шығып, шапшаң көтеріледі де шексіз аспан кеңістігінде шарқ ұрып тастөбеге келгенде өртеп жібере жаздайды. Жан иесін тәубесіне келтіре түсейін дегендей көпке дейін шаңқай түстен аумаи күйдіріп тұрып алады. Мұндайда тіршілік біткен көлеңке іздеп жан сауғалайды. Байтақ жыртынды үстінде бозша құйын дөңгеленіп кезіп жүрді. Сондай құйынның біреуі Зәуренің тракторын ұйпалақтап өтті. Қыз есікті жауып алды. Аспаннан күн төменнен мотор, екі тандырдың ортасында қуырылып келеді. Құрғақ далада дариядай болып алдамшы сағым жарқырайды. Құйын жайлаған жыртындымен шектесіп аптап астында тың даласы жатыр. Ақ селеудің әбден пісіп жетілген кезі. Дала бетінде ғажайып күміс жамылғы толқиды. Мотордың суы қайнап кеткен соң, Зәуре сөндіре салды. Қыз ақ селеудің сыбдырын тыңдап қисайып жатыр. Жел дейтін жел жоқ, ыстық леп бар. Тал түсте өлі дала қыбыр етпейді. Тілсіз кеңістікте кенет бозторғай шырылдап қоя берді. Дағды бойынша екіншісі, үшіншісі көтерілді. Ып-ыстық ауада әндерін қысқа қайырып тына қалды. «Қарашілік» жақтан жіңішке түтін шаншыла көтерілді.

— Өрт!

Шап шағын болып шаншыла көтерілген ақшыл түтін дереу қарақошқылданып зорайып алды. Шаңқай түсте жаяулап қана үрлейтін дала желі қас қылғандай күшейіп үлкен өзекке тиген от жолындағының бәрін жалмап, құртып ыққа қарай тоғытылды. Қурап жатқан өлі қор да қуана жанып, талдар мен шіліктердің бірінен соң бірі не шапшаң секіріп түсіп жүрдек жүріске салды.

Апат сұрапыл екпінмен көкбуырылданып, толыса бастаған



егінге қарай ақтарылды.

Зәуреш егінмен екі араны бөліп тастау үшін бар жылдамдыққа салды. Түтін арасынан үркіп шыққан бұланның дәу бұқасы тармақ мүйіздерін шайқап пысқырынып өтті. Көктемде өзі батып қалған ащының тұсынан соқаны түсіріп түтін арасына сүңгіді. Шашалып, булығып қалмас үшін демін ішке тартып газды баса түсті. Демі таусылып арғы бетке шықса от бөгетсіз тартып барады екен. Күйіп тұрған ыстық ауаны қомағайлана жұтып өрттің алдын орай қайта кірді. Булығып соңғы демі таусылып бара жатса да есінен танбауға тырысып қос тұтқаны сығымдай түсті. Бір кезде трактор маңдайы қатты соғылып тұрып қалды. Қабырғасын от қарып бара жатқанын сезіп кабинадан секіріп кетті де, есі ауысқан адамша жүгіре жөнелді. Рашид қызды ұстап алып, лаулаған көйлегін қақ бөліп лақтырып жіберді. Зәуреш шырылдап алас ұрды. Күйген денесі қаракөктеніп кетті. Рашид өз көйлегін шешіп қызға жапты да, қинала жалынды.

Рашид. Зәуреш, айналайын, шыдашы!

Зәуре. /қолдарын ербеңдетіп/ Трактор қайда, егін қайда?

Рашид. Зәуреш, сәулетайым, егін де аман, трактор да аман. Тек сабыр етші.

Зәуре. Кәне, көрсетші! Қайда?

Таяқ тастамда тіресіп екі трактор тұр. Екеуі де үнсіз, өрт жыртындыға тоқтаған. Бықсыған түтіні егін үстіне таралып жатыр. Тракторлар айнала жер жыртып жүр, Өрт машинасы су шашып барады. Аспандағы ауыр түтін астынан вертолет шыға келді де айналып өтті. Жіңішке есігінен Рақымғали түсіп келеді.

Рахымғали. Зәуреш, шырағым-ай, саған не болған?

Зәуре. Күйіп барам, өртендім! Егін... трактор... /көздерін жұмады/.

Рашид. /жыламсырап/ Ағайындар-ау, Зәурешке көмектесе көріндерші.

Бекім иесіз үйдей түнеріп тұрған аурухана табалдырығынан аттады.

Сестра. Сізге кім керек?

Бекім. Кеше вертолетпен жеткізілген қыз...

Сестра. Ол қыздың жағдайы ауыр, кісі жіберілмесін де-



ген.

Бекім. Кім айтты?

Сестра. Бас дәрігер.

Бекім. Қайткен күнде де жіберіңіз, хал біліп шығайын.

Сестра. /ойланыңқырап/ Дәрігерден ұлықсат сұрайын.

Бекім. Сұраңызшы, өтінемін.

Сестра. /оралады/ Ұлықсат етті, тек бір минутқа ғана. Науқасты мазаламасын деді.

Бекім. Құп болады, бастаңыз! /Қыз ешкінің тұяғындай өкшесімен тырс-тырс басып шапшаң алға жүрді. Бөлмеде оңаша Зәуре жатыр. Көзінен басқа бәрі таңулы/.

Сестра. Ақырын сөйлеңіз.

Бекім. Зәуреш, тәуірмісің. Бекіммін ғой, хал білуге келдім.

Зәуре. /әлсіз/ Шүкір, рахмет.

Бекім. /әкелген тағамдарын жанына қойды/ Сусын ішсейші.

Зәуре. Жоқ, кейін.

Дәрігер. Жолдас, науқасты көп мазаламаңыз!

Бекім. /сасқалақтап, бір шоқ гүлін аурудың аяқ жағына елеусіз тастай салады/ Иә, ғафу етіңіз /дәлізге шығады/.

Дәрігер. Жігіт, титтей бөгелші!

Бекім. Ие.

Дәрігер. Қыз қалыңдығыңыз ба, әлде келіншегіңіз бе?

Бекім. Екеуі де емес, еңбектес жолдас қой.

Дәрігер. /күлімсіреп/ Есеп емес, терілері қатты зақымданыпты, жағдайы ауыр сіздердің көмектеріңіз керек.

Бекім. /бойын тіктеп/ Мен бәріне дайынмын.

Дәрігер. Күйікке жамалар тері табылмай тұр.

Бекім. Мен беремін.

Дәрігер. Берудің де беруі бар. Сізден операция жолымен теріні сыпырып аламыз. Ауруханада жатып ауыр науқас халін кешесіз. Осыған риза болсаңыз ғана...

Бекім. /Кескіні қуарып/ Жо-жоқ! Мен жұмыстамын ғой.

Дәрігер. Жұмыста болсаң бюллетень жазамыз, еңбекақың жүріп жатады.

Бекім. /тұтығып, шегіншектеп/ Жоқ, жоқ... Мен, мен...

Зәуренің ісіктері қайтып келеді. Көздері ашыла баста-



ды. Бас көтеруге, қозғалуға тыйым салған. Төбеге қарап қыймылсыз жатыр. Көзін жұмса от селін кешіп жүргені. Біреу үнсіз төніп тұр. Кескіні адам шошырлық, қара-тарғыл, тістері ғана ақ.

Рашид. Зәуреш, танысың ба? Мен ғой, мен...

Зәуре апатты күнді есіне түсіре бастайды. Трактор соқтығысқанда секірді ғой. Оттан арашалап өз көйлегін жапқан кім еді сол. Ол болмаған да мүлдем күйіп едім ғой. Сол кім? Вертолетте де жанымда отырды ғой.

Рашид. Мен Рашид ағамын.

Зәуре. /Басын көтермек болып/ Рашид дейсің бе? Апырау, сізге не болған, айналайын, ағатай-ау?

Рашид. Жат, қозғалма, саған терімді беруге келдім. Менің бетім ғана, өзге жерім аман.

Зәуре. /жыламсырап/ Өзің де зорға тұрсың ғой.

Рашид. Оқасы жоқ, бетім сауыққанша аяқтарым да жазылады. Бәрі бір жату.

Күз. Бөрілінің жазығында теңіздей толқыған тың бидайының шетінен түсіп комбайндар жылжып келеді. Рашид саптың ұшар басында шалғыға түскен қалың егінге қызықтай қарайды. Жазда Зәуре өрт апатынан қорғап қалған байлық бұл. Рашид ауыр күрсінді, қызды аяп кетті. Соңғы кезде оны жиі ойлайтын болып алды. Көруге, халін білуге асығады. Рашидтың қуанышы — берген терісі қызға үйлесе кеткені болды. Жидіп, жалаңаштанып қалған күйікке жапсырған бөтен тері салған жерден-ақ жерсініп тез жабыса бастады. Рашидке оңай болған жоқ. Адамның терісін тірідей сыпыру оңай іс емес екен. Шыдап бақты.

Сестра. Жігітім, тіптен қайсар екенсің. Қыз үшін өлімге де барарсың.

Рашид. /қызарақтап/ Ардың ісі ғой. Адамға көмектеспесе бола ма?

Сестра. /күліп/ Жоқ, меніңше, басқа..

Рашид. Не басқа?

Сестра. Сүйгенсің ғой, шыныңды айтшы, жәй адам мұндайға бара бермейді.

Рашид. Қарындасым ғой. Еңбектес жолдасым...

Сестра. Жасырма, мен бәрін сеземін...

Комбайн тоқтады. Бункері бидайға толы. Түлкінің



күйрығындай аппақ шаңдағын сүйретіп жүк машинасы жүйткіп келеді. Рашид ықтап тұр. Мұрнына аурухана иісі келгендей болады.

...Иә, ол дәлізде ерсілі-қарсылы жүріп түкпірдегі есік алдында ұзақ тосатын. Алғашқы апталарда Зәурешке жібере бермеді. Қыз көбіне масахана астында жатты. Кетер күні дәрігер кездесіп қалды.

Рашид. Қарындасым еді, көріп шығайын, ертең үйге қайтамын ғой.

Дәрігер. Ұзақ сөйлесіп, мазалама. Жүйкесі әлсіз, оған тыныштық керек.

Рашид. Доктор, тек көріп, қоштасып шығайын.

Дәрігер. Кіріңіз.

Рашид. /ішке еппен кіріп, ақырын тіл қатты/ Зәуреш, тәуірмісің?

Зәуре. /аппақ тістерін көрсетіп, қуана күлімсіреп/ Рашид ағай, жақсылығыңды қалай өтер екем?

Рашид. /еңкейіп маңдайынан сүйіп/ Қарыз етпеймін, қалқам, сауығып, тезірек қатарға қосыл, тілегім сол. Ертең ауылға қайтамын. Сен аман сақтап қалған тың бидайын жыйнаймыз.

Зәуре. Шіркін-ай, алғашқы егінді жыйнауға қатыса алмағаным. /жылайды/

Рашид. Зәуреш, сен жасымашы, ертең-ақ сауығып кетесің.

Рашид машинаға астық ағызды. Кескінінен ризашылық, қуаныш білінеді. Машина қырманға жөнелді. Ол соңынан қуана қарап тұр.

Арада күндер өтті. «Победа» сабан көпенелері секпілдеген егінді даламен қатты келе жатты. Дала таусылар емес. Көзге көрінер көрінбес мөлдір бу көтеріліп, Есілдің арғы бетіндегі дөңестер мен обалардың үстіне жаздағыдай сағым қалқиды. Рашид теміржол станциясынан қарындасын қарсы алды. Жанында Зухра бар.

Қарындасы. Әбзиім, сағындым ғой! /Рашидтың мойнына асылып құшақтайды/

Рашид. Кішкентай қарлығашым менің, аман-сау жеттің бе?

Қарындасы. Зухрамен анықтап сәлемдескен де жоқсың



ғой.

Зухра. Өкпелі шығар?

Рашид. /күлімсіреп/ Сені келеді деп ойламап едім.

Зухра. /күрсініп/ Келуге тура келді. Күйеуіммен дәм-тұзым жараспады. Сәтсіз үйлену болды. Сонан соң жұрт қатарлы тыңға келдім. Сен жүрген жерде болайын деп...

Рашид. Тыңға келгеніңе қуаныштымын, бірақ...

Зухра. /жылап жіберді/ Кешір мені, Рашид, егер кеше алсаң! /Көпке дейін үнсіздік. Машина қатты жүріп келеді. Қап-қара көздері ойнақшыған шофер жігіт «Сәулем-айды» әндетеді/.

Рашид. /кенет жадырап/ Қараңдаршы, қыздар, қандай кең байтақ дала! Европаның кішігірім бір елі сиятындай жер. Игерілмей жатқаны қанша! Тамаша құнарлы өлке!

Шофер. Қазақтардың пейілі де, құшағы да кең. Даласындай дархан халық.

Рашид. Иә, мен алғаш келгеннен-ақ олар өз бауырларымдай болды, өз елімде, өз үйімде жүргендей еркін сезіндім.

Қарындасы. Әңкәйім осы елге келемін деп бек қуанып жатты ғой. /жылайды/

Машина қып-қызыл болып арайланып батуға беттеген күнге қарай туралап тартып келеді. Ауылға өрістен қайтқан малмен бірге кірді. Көшедегі электр шамдары ертерек жаныпты.

Радио «Сарыарқа» күйін төгілтіп тұр.

Рашид. /балаша қуанып/ Бауырларым, менің екінші ата-мекенім «Қызыл диқан» — осы!

Соңы



Шөгілдің көк бестісі

- Сіз көк бестіні көрдіңіз бе?
- Жоқ, көре алмадым.
- Опыр-ай, көп жылдар өткен екен ғой.

Қарт ұзақ ойланып қалды. Қырандай тас түйін болған бәкене шал қызыл көздерімен сонау сарғылт далаға қарады.

— Көп уақыт өтіпті, онда мен жоқпын. Әкем Бапалақтың жастау кезі. Бертінде жел жетпес көк бесті жайлы әкем тебірене айтып отыратын. Көк бестіні аузына алмай сөз сөйлеген емес. Ат бабы, қыран күйі айтылғанда, тілдің тиегі көк бесті болатын. Көк бесті небары бесті күнінде мерт болыпты. Ол қабырғасы қатып ат болып жетілген де жоқ еді.

— Айтыңыз, ата, бірін қалдырмай айтыңыз,— деп қартты ортаға алдық. Тәкең шоқша сақалды қоңыр бетін сипап қойып, сөз бастады.

— Ертеректе, патша заманында күн көріс қамы үшін алыс қиырларға сапар шегіп жүрген ел кедейінің бірі етікшілік ақысына жинаған тиын-тебенін құрастырып, орыс арасынан барып мәстек жылқы алып қайтады, Шашасы жер сызған кәрі көк бие екен. Әлгі етікші біздің үйге келіп қонып отырып, көк мәстектің жетекке жүре алмай бейнет болып келе жатқанын айтады. Атам Шөгел ақсақал биені көріп жабыса кетіпті.

— Қонағым, мына көк мәстекті маған сат, не алсаңыз да қолыңызды қақпаймын, - дейді.

— Бұған соншалық неге құмар болдыңыз? Түрі мынау: арқасы жауыр, өзі арық, - депті етікші. Шөп шайнаған сайын көз майы лықсып шығып бүлкілдеп тұрған биенің алды-артын орап, шал құмар көзбен қарай беріпті.

— Пәлі-пәлі, тар құрсақта шиыршық атуыңа болайын,- деп сүйсініпті. Ештеңеге түсінбеген қонағы

— Несі бар, не қылығы ұнады бұл керенау көктің? - деп сұрайды. Атам тымағын қолына алып, мәстектің іші мен кеуде қуысын кезек тындап;

— Шіркін, сабаздың өзі екенсің-ау! Іштегі құлынның жүрек соғысы бесті атткіндей бар! - деп таңдайын қаға беріпті. — Айтқаным айтқан, шырағым, қалағаныңды ал да көк биені қалдырып кет. Бұл қалыпта еліңе жете алмайды. Мынадай зіл жүкті жеткізе алмайды.

— Болдыруы анық, жете алмайтынын көріп келем, несі



бар екен? -деп, жолаушы қарттың аузына қарайды.

— Жігітім, Шөгел шал десе осы төңірек түгел біледі. Байлығым да, билігім де жоқ. Атбегі, күсбегі ғанамын: Көп жылғы тәжірибем алдамаса, көк биенің ішінде тұлпардың тұяғы жатыр. Асқан жүйрік жылқы нәсілі бар, сен менің сөзіме. Шөгел қате сөйлеп көрген жоқ,— дейді

— Салған қолқаңыз көк мәстек болса алыңыз. Өзіңіз біліп қарымын қайтарарсыз.

Атам екі биенің бірін жетектетіп жіберіпті.

— Шөгелдің қартайғаны емес пе? Мәстектен тұлпар туады дегені ақылы кемігені ғой, - десіпті жұрт. Олардың сөзіне құлақ аспаған атам көк биені күтіп, бақылаумен болады.

— Бапалақ, а, Бапалақ, бері келші, балам,— деп, атам әкемді шақырыпты. Әкемнің бозбала кезі екен, - Биені өріске апару керек, боз оттасын. Бірақ жанынан екі елі қалма, көп ұзамай туады. Құлынды қолыңнан туғыз. Ұйықтап қалсаң, не ойнап кетіп көз жазсаң, менен жақсылық күтпе,— деп тапсырады.

Бір күні бала әкесіне келіп:

— Әке, сүйінші, көк бие құлындады, еркек қара құлыны бар,— дейді,

— Құлын туғанда қалай туды?

— Туған бетте тұрып кетті.

— Бәрекелді, солай болар деп едім, Шөгел әлі қартаймапты. Ал, балам, құлыныңды көз жазбай күтіп-бақ! Қасқырға жегізбе, ұрыға алғызба, әйгілі ат болады, бағың бар екен.

Құлын құнан шыққан жылы бозғылт тартып өзгеше түлейді. Қара жүнін тастап көк құнан болуға анық бет алады. Бапалаққа әбден үйреніп алған. Қайда барса соңынан еріп жүреді.

— Міндетің көк құнанды өріске жайып оттатып келу болсын. Байқа, оған әсіресе қасқыр өш келеді, сақ жүргейсің, ол жауыздар жүйрік жылқыны қырымнан таниды,— деп, қарт Шөгел күнде қадағалап отырады.

Күз өтіп қыс келді. Қан сонар екен. Шөгел атам мұндайда үйде отыра ма? Таңнан тұрып сонарға шығып кеткен. Бапалақ сәске кезінде мал жайлап болып пішендікте жүрсе, сырттан қиқулаған көп адамның даусы естіледі.

— Атта-ан, алдынан шығыңда-ар!



Бапалақ мая төбесінен қараса, ауылды жанай өтіп қасқыр сілтеп барады. Беті Астаукөл жақ. Қалың қамысқа кіріп паналамақ ойын Бапалақ бірден түсіне қояды. Қолда дөңгелек тұяқ жоқ болатын. Қызу қанды бала жігіт Бапалақ көк құнанға жайдақ мініп, шарбақтың бір қазығын суырып алып тартып кеп кетсін. Қыстау сыртына шықса, қасқыр Астаукөлдің, ойына жақындап қалған екен. Тақымды қысып қалмай ма келіп. Жын ба, пері ме, көтеріп ала жөнеледі. Көзді ашып-жұмғанша бұралаңдап бара жатқан қасқырға жанаса берді дейді. Әкесінің жасынан сойыл сермеуге үйреткені тегін кетпепті. Бапалақ қазықпен сипай салып өткенде, қасқыр етпетінен түседі. Осы кезде Шөгел бастаған топ келіп жетеді. Сұлап жатқан қасқырды көріп баласынан:

— Мынаны соққан сен бе? — деп сұрайды.

— Мен, -депті Бапалақ мақтанып. — Көк құнанмен бір-ақ ырғыдым.

— Сен болсаң, мә сыбағаң, мә сазайың! — деп, Шөгел баласын қамшының астына алады.

— Апыр-ау, Шөке-ау, баланың жазығы жоқ кой! -деп, жұрт арашаға түскен екен,

— Көк құнан тұлпар нәсілді жылқы. Көк тайды үлкен той-думанда бәйгеге қосайын дегем. Енді бәйгеге бағы болмайды, — дейді атбегі кинала сөйлеп.

Осыны айтып Тәкібай ұзақ үндемей қалды. Көктем күні дала үстіне шырқап шығып қыздырып тұр. Мөлдір сағымды кешіп шұбар табын алыстап барады. Қарт насыбайын атып жайдарылана күлді.

— Ата, айтыңыз, сонан соң не болды? — деп жалбарындық. Тәкең бізді жалынта түскісі келгендей, немесе ар жағын айтуға батылы жетпегендей, тартпақтап отырды да, ауыр күрсінді.

— Айтып-айтпай не керек, атам айткандай бәйге бағы болмапты. Ірі тойларға, астарға апарады, Үш жүз аттың алдында екінші, үшінші болып келіп жүреді. Бірақ шырқап шыға алмайды. Озуға жүйріктігі жетпеген жоқ, бағы болмайды.

— Ал аңға қалай екен?

— Атама, аң құтылмапты, — деді Тәкең көтеріле сөйлеп, — сойқан болыпты. Ол кезде даламызда қасқыр деген қойша өріп жүрген ғой. Жылқыға шауып екі күннің бірінде қан



қақсатқан көрінеді.

— Қуушы болмаған ба?

— Болған, бірақ қайдан тауыса алсын. Көк тай дөнен шыққанда жүні ақ бурыл тартып, көшелі ат болыпты. Киіктің асығындай шымыр қалпымен жебедей атылады екен. Қар неғұрлым қалың түссе, көк бесті солғұрлым аянбай сілтесе керек. Әкем Бапалақ сонар күні қасқырдың алтау-жетеуін түсірген. Ұялы жыртқыштарды қуа жөңелгенде, соңынан ілескендер соғылған қасқырларды теріп алуға шақ үлгерген. Көк бестінің қарасын ешкім де көре алмайды. Тек қалың қарды есіп кеткен жыртқынды ізі ғана қалған. Сонда тоң жерді кертіп лақтырып отырады дейді. Пай-пай, жануар-ай, сондай да жылқы баласы туған ғой. Не деген қайрат десеңші! — деп, Тәкібай қарт көздері жасаурап, төмен қарады.

— Бір шабысын айтып берейін, — дел, Тәкең шырт-шырт түкірді. Атышулы бай, әрі болыс Торсан деген болыпты. Осы өңірге жарты патша атанып тұрған Торсан атама арнап кісі жіберіпті. «Шөгел тез жетсін, бір безбұйрек қасқыр түн сайын бір тайымызды жеп кетеді. Әбден құртар болды. Жылқы баласына ілестірмейді. Не соғуға, не атуға келтірмей тұр», — депті. Естіген соң атам тұра ма, баласы Бапалақ екеуі дереу тартып кетеді.

Таңның бір ұйқысынан тұрған сонаршылар атқа қонсын. Еснейдің Қайранкөлінің қамысынан қара қасқыр керіліп тұрып беті Ақсуат, Обағанға қарай жөнеле береді. Қысылып қорқып тұрған жыртқыш жоқ, жай шоқақтап қыр асып барады. Шөгел түлкінің ізіндей кішкене аяқ таңбаларын ат үстінен құрықпен шұқып көріп таңдай қағады.

— Апырай, мынау өзіне-өзі сенген шығанның бірі екен. Басқан ізі қарды шегедей нығарлап отырыпты.

Шалыс басуына қарағанда қаншық болу керек. Ұзаққа созылар-ақ, оңайлықпен беріспес. Қоржынында көк малтаң бар ма еді, жүрегің талып кетпесін. Қуып жетсең, алдына шықпа, жазым етер. Бөкседен сипай соқ. Балам, көк дөнен екеуіне бұл бір үлкен сын. Қараңғы түспей қарманып қал. Өйтпесен, құтылып кетеді, — депті.

Бапалақ нар тәуекел деп қасқырдың соңына түсе қалсын. Атты шуу дегенде қыспай, жай сілтеп келе жатады. Қасқыр кішкене қара түйіншіктей ақ бұрқасынға оранып сары дала-



мен батысқа қарай тартып барады. Қасқыр қуа жүріп мұндай пәлені Бапалақ көрген жоқ екен. Көлге де, шілікке де, небір пана табар жерлердің біріне бөгелмей, ұзаққа сілтейді.

Қыстың қысқа күні тез өтеді. Қасқырдың аяқ алысы ауырлағандай болады. Сол кезде Бапалақ көк бестінің басын жібереді. Күні бойы қарулы қолдың тежеуімен тұқырып келе жатқан бесті құс болып ұшады. Қасқырмен арасы тез жақындай береді. Бірақ жыртқыш та ышқына сілтейді. Алда көз көрім жерде бұрқырап ақ шаңдақ қана көрініп келеді. Ақсуат көлі артта қалғалы қашан. Қысқа күн қызыл мұнарға оранып көкжиекке асылады.

Бапалақ ашу шақырып көк бестіні қамшымен сауырға тартып-тартып қалады. Өмірінде қамшы көрмеген жануар шырқырап жіберіп, күн астына қарай ұша жөнеледі. Көзді ашып-жұмғандай сәтте кішкене қара қасқырмен қатарластыра берді дейді. Бапалақ бар қайратын жинап, қақ сойылмен сыпыра-сермеп өтеді.

Ат басына бой бермей лағып барады. «Тәк, жануар, тәк-тәк» деп, Бапалақ үзегіге шірене тартып, кейін қарай ойысады. Келсе, қара қасқыр шоңқайып отыр екен.

Көздері жап-жасыл болып, пышақ тістерін көрсетіп гүрілдейді. Әкем бір түсірген аңға екінші рет қол көтермейтін. Қасқырдың мойнына құрық салып сүйретіп елге қайтады.

Қасқырды болысқа табыс етеді.

Болыс қасқырды алыпты, бірақ жаратып қонақасын да бермепті.

— Бұдан былай бай мен болыстың айтқанына жүрсем кәпір болайын, — депті Шөгел атам. Ие, — атам қисық адам болыпты. Әкеме де сол мінез дарыған. Қартайсам да менде де қисықтық бар, — деп Тәкең мұртын сипап қояды.

— Қисық болғаннан кім пайда көруші еді. Торсанның сарандығы жайлы Шөгел жүрген жеріне жайып отырған ғой. Болыс шамданған көрінеді. Қыстың бір сұрапыл боранды түнінде көк бесті қолды болады. Әкем мен атамның басына азалы күн туады. Бастарын тауға да, тасқа да соғады. Із-түз болмайды. Көрдік, естідік деген де адамдар табылмайды.

Көктем шығады. Атам қабағынан қар жауып ел аралап кетеді.

Бір күні арып-ашып, торығып оралыпты. Қызыл жүзі



кукыл тартып, бурыл сакалы ақ селеудей ағарып кеткен екен.

— Көк дөненді таптым,— деп еңіреп жылап жібереді. — Міне, көріңдер...

Қарт күпісінің қойнынан аппақ болған бітімі өзгеше шеңбер қабырғаны қалтыраған қолымен қасиеттеп ақ орамалдың бетіне қойыпты.

— Қайран жануарды көздері қалай қиды екен, — деп аһ ұрды. Алып емендей, қайсар қартты ағайын болып жұбата алмапты. Ақыры өзінен-өзі ширығып белін шарт буыпты да, үлкен өжеттікпен аттанып кетіпті. Болыс-билер кедей Шөгелдің сөзін қайдан сөйлесін. Өзін ажуа қылады. «Құр тұлыпқа мәңірегендей, қу қабырғаға қарап біреуді айыптай алмаймыз. Мұндай қабырға толып жатыр. Көрген, білген бір айғағыңды әкел!» — депті. Содан атам ашына сөйлеп:

— Осыдан артық қандай айғақ керек. Дәл бұған ұқсас жылқы қабырғасын құлақ естір жерден тауып көрсетсеңдер дауым жоқ. Таппасаңдар — ат менікі. Мына Жанторының ұрыларынан ат құны емес, ер құнын төлетіп беріндер! — дейді. Билер сөзді байлаусыз қалдырады.

Жылдар өте береді. Атам Шөгел ол дүниелік болады. Әкем Бапалақ та қартайды. Кезінде ел арасы бөлінеді. Болыс қысым жасайды деп сырды ішке бүккен адамдар көк бесті жайын жіңішкелеп жарыққа шығарады. Болыс атама ерегіседі де, Жанторының ұрыларымен байланысып, көк бестіні сойғызады.

Тәкең иығы селкілдеп, сіңірлі саусақтарымен қалтасын қармана берді. Ол орамалын алып, онсыз да қып-қызыл көзін сүртіп, үндемей отырады. Сонан соң: — Әй, балалар-ай, қайдағы бір жүрек сыздатар жайды қозғаттыңдар-ау! — деп тізесін басып мамырлап орнынан тұрды.



Тағдыр

Жақаң — Жағыпар Байқасов майданға бес ағайынды болып барып, жалғыз қайтты. Содан шығар, қабағы қатып, түнеріп жүрер еді. Басқалардай серпіле сөйлеп, көсіліп кеткенін көрмейтінбіз. Қысқа қырықтырған, аздап ақ араласқан қатты шашын ірі саусақтарымен қайырып, салалап, қысықтау кішкене көздерін бір нүктеге қадап, жиі әлдебір ойға шомып отыратын. Ондайда кескінінен адам айтқысыз кек, ашу - ыза аңғарғандай болатынбыз. Араға біраз жылдар түссе де, соғыстың қатал заңын, зобалаңын ұмыта алмай-ақ қойғандай. Әр сөзі бұйрыққа ұқсас келте, әмірлі естілетін. Ол соғысқа жасөспірім кезінде аттанып, жиырма бестен асқанда «егде кісі» болып оралды. Артық сөйлеу, ақтарыла күлуді жаны сүймейтін.

Түн ортасы ауа оқыс оянып, ұйқысы шайдай ашылып кеткен Жағыпар өзінен-өзі: «Апырай, оның аман қалатын реті әбден бар еді-ау», — деп өзіне ғана белгілі бірдеңелерді күбірлейді. Зайыбы Күлбәршін маңдайынан сипап, тұншыға сыбырлап: «Тағы да ұрандап кеттің ғой» — дейді. Көрші бөлмедегі құсұйқы кәрі анасы күңкілдеп, тілін кәлимаға келтіреді.

— Әлгі фашист иттің кесірі ғой, — деп күрсінеді Жағыпар. — Көпірдің ернеуіне тығылып жатып, пулеметін сақылдатады-ай бет қаратпай.

Дунайдың арғы бетіндегі қала өрт құшағында. Алға ұмтылмақ болған екі-үш жолдасын пулемет оғы қас қаққанша баудай түсірді. Әсіресе көптен бірге жүрген, кимас серігінің окқа ұшқанын айтсайшы. Жақаңның тағаты қалай таусылмасын? Жұдырықтай жүрегін ыза кернеп, бүкіл денесі болатпен құрсанған қамалға айналғандай. Жауына жай оғындай атылуға әзір. Жо-жоқ, бұл жолы атыла алмады. Олай етсе, тағы да опынады. Өзі басқаратын взводын жасырып қойып, гранаталардың ауыр бір бумасын алды да, дұшпанның елеусіз жағына қарай жер бауырлап жылжыды. Әйтсе де алда пана болар не жартас, не жартымды төбе, тіпті ағаш бұтасы да жоқ еді. Өзеннің қызыл, тақыр жиегі. Пулемет оғы борап тұр, толастар емес. Таз төмпешіктің тасасындағы жан сауғалап жатқан біздің жауынгерлерді бас көтертпейді.

«Қазір, қазір. Саған қан құстырмай қоймаймын». Жақаң



жылжып келеді. Кенет жау пулеметі мұның өзін нысанаға алсын. Біліп қалды құзғындар. Сүйікті командирін қорғамақ болған бір солдат жаудың назарын аудару үшін төмпешікті айналып жүгіре бере морт құлады. Ол соңғы күшін жинап, тағы да ұмтылды. Пулеметке граната лақтырды. Дөп тиді. Сұрапыл жарылыс. Астан-кестен дүние... «Отан үшін! Алға! Ура... а... а...!» — деген дауыстар жер жаңғыртады...

Шырт ұйқыдан тағы да селт оянған Жағыпар сол жолы өз солдаттарының жау бекінісіне қалай басып кіріп, жарқ-жұрқ найзаласқанын, жеңіске жеткендерін еріксіз еске алды. Болған оқиға, қанды шайқас сол қалпында көз алдында. Маңдайының суық терін сүртті. Терең күрсінді. «Күлбәршін, ғафу ет. Бұл құбыжықтарды ұмыта алмаспын, сірә».

— Қайдан ұмытылсын, ұмытылатын іс емес қой, — деді Күлбәршін. (Оның да жалғыз ағасын соғыс жалмаған-ды).

Иә, қан майданнан оралмаған көп. Осынау шағын ауылдың өзінен аттанған отыз жігіттің тек бес-алтауы ғана қайтып келді, төрт мүшесі сау біреуі жоқ, бәрі ақсақ-тоқсақ, жарымжан, шолақ. Қимас жандарынан айрылып сорлаған ел бейнебір ішін жел кеулеген кеспек секілді. Қан жұтып, құсаланған көптің мұң-зары қара тастың өзін еріткендей. Күні кешегі нәубет... ашаршылық... Арада аз жыл өтіп, жас өсіп, жарлы байып, енді-енді ес жидық па дегендегі бұл зұлматты кім күткен?

Соғыс сұмдығын кім ұмытсын!...

Біршама уақыт дайындық сапында болған Жағыпар 1942 жылдың ерте көктемінде, 1 сәуірде соғысқа кіріп, ұзамай Сталинград шайқасына қатысты. Одан Венаға дейін барып, майдандық сапарын сонда аяқтады. Соғыс біткен соң да әскери қызметін жалғастырып, едәуір іркілді. Туған жерге кешігіп оралды...

Көзін жұмса-ақ болды, майданда көргендері жан-дүниесін дүрліктіріп, кәдімгідей елестеп, жаңғырып, әрі-сәрі күйге түседі. Қашан құтылар екен бұл азаптан...

Тағы да сол әуен, сол суреттер, баяғы Сальски даласынан, Қалмақ қыстақтарынан басталған жорық Украина жеріне жетті де, әрі қарай, қанды қол жыртқыштардың шыққан ұясына қарай жалғаса түсті. Кезекті қатты шайқас кезінде ауыр жараланып, Чебоксарыда әскери госпитальде емделіп шығады.



Туған жердің әр сүйемі, әр қарысы үшін жауға жай тасындай атылатын жауынгерлердің алғы сапынан үнемі Жағыпарды көруге болады.

Бір ай, бір жыл емес, мінекей, төрт жылға жақындады, ол да үнемі от пен оқтың ортасында. Одан бері де арада қанша жыл өтсе де, «Отан үшін!» деген сол ұран жүрегінде мәңгі сақтаулы. Ол әлі де сол ұранмен өмір сүруде. Бұл шындық.

Гитлер сұмның «жеңілмейтін әскерлерін» қойдай қуып, еліміздің шекарасынан әрі асыратын күн де есте, әрине, 1941 жылдың маусымында фашистердің құмырсқадай қаптаған танктері аяусыз таптап жермен-жексен еткен шекара бағаналарын іздеп тауып, салтанатпен қайта тұрғызу сәттері де жадында. Сонда жауынгерлердің қахарлы жүзін жас жуып, бағаналарды құшақтап, аймалап еді-ау. «Сүйікті Отан, біз сені азат еттік, бұдан былай да ардақтап, үнемі аялап өтеміз»,— деп ант етіскен-ді. Бұл қызыл сөз емес, жүрек үні, айнымайтын серт.

1945 жылдың көктемінде Совет әскерлері Венгрияның астанасы Будапешт қаласын жойқын шабуылмен алып, Германияның оңтүстік аудандарына өтетін маңызды стратегиялық бекінісі — Вена қаласына кірді. Бораған оқ, жарылған снаряд, сұрапыл жаңғырық құлақ тұндырады. Жақандардың бөлімшесі 1945 жылғы 13 сәуір күні соғысты сол қалада аяқтады. Жағыпар әскери комендатурада, 72 күзет батальонында 1945 жылдың 15 сәуірінен 1946 жылдың 1 маусымына дейін қызмет істеді.

«Елге қайтасыңдар»,— деген хабарды естігенде, қуанышта шек болмады. Көптен ұмытылған бейбіт өмірге қайта оралу неткен зор бақыт. Соңғы кезде туған ел, өскен жер түсіне жиі енеді. Үйрек ұшып, қаз қонған көгілдір көлдер, ақ селеу өскен орманды дала көз алдына елестейді «Я, сәт, оң сапар болғай»

Жақаң 1946 жылдың жазында өңіріне үшінші дәрежелі «Даңқ» орденін, «Будапешті алғаны үшін» және «Германияны жеңгені үшін» медальдарын тағып ауылына келді.

Кішкентай ауылдың сәні кеткен, ер-азамат некен-саяқ, қарттар да сиреп қалған, шаруа күйреген. Бұрынғы бір үй толы жаннан шүйкедей қарт шешесі ғана қалыпты. Төрт бауыры майданнан оралмаған. Қамзадан ғана дерек бар.



Қалғандары хабар-ошарсыз. Майданда жүргенде бауырларымен үйде кездесетіндей көруші еді. Енді міне, Қамзаның опат болғаны жайлы шеті жыртылып, көз жасына суарылған тілдей қағаз. «Калинин облысы, Ржев ауданы, Дешевка деревнясында 1942 жылы 30 шілдеде ерлікпен қаза тапты», - деген қысқа ғана хабар.

«Апырай, мынау дәл сол күн ғой, иә сол» - деп өзегі өртенді Жағыпардың. Екеуі майдан даласында кездейсоқ жолыққан күні оны опат болады деп ойлап па? Есіне түсіре бастады. Бірнеше күн бойы дамылсыз шайқасып, қатары едәуір сиреген Жағыпардың бөлімшесі сол деревняда аз — кем аялдаған еді. Бір солдаттың жүріс-тұрысы алыстан көзіне жылы ұшырап, жүрегі алып ұшсын. Ұзамай бір-біріне егіз қозыдай ұқсас, екі бөлімшенің екі жауынгері — қос қазақ жігіті құшақтаса кетті. Кескіндерін күн қақтаған сұңқарлар арқа-жарқа. «Бауырым, Қамза, аман жүр екенсің-ау». Көздерінен жас ыршып кетті. Өзін әрең тежеген. Қамза бұрынғысынан қатайып, бойы ұзарып, нағыз сайыпқыран жауынгер болыпты. Дағдылы ақжарқын мінезімен қуана күліп тұрып амандық сұрасқан. Олар көптен көрші бөлімшелерде қатар соғыса жүріп бірін-бірі білмегендерін тандана сөз етті. Бір бөлімшеге ауысып алуды айта бастағандарында жорық кернейі тартылды да, Қамза асығыс жүріп кетті. Жағыпар оның соңынан көз жазбай қарап тұрды. Әскер киімі жарасқан, бойшаң, сұлу жігітке Жақаң сонда іштей сәттілік тілеп еді. Тентек інісінің жоталы азамат, қас батыр болғанына қуанды...

Ұзамай шабуыл басталды. Ұшы-қиырсыз майдан алаңы от құшағында. Айнала шаң-топырақ, көк түтін. Қираған үйлердің кейбірінің қабырғалары, сорайған мұржалары ғана қалқияды. Ржев өртеніп жатыр. Кескілескен ұрыстың неше күнге созылғаны жадында жоқ. Біраз күндерден соң шайқас сәл саябырлады. Жауынгерлер тыныс алды. Көрші бөлімшелерді аралап інісін іздеді. Жанталасып сұрастырып жүр. Қамзаны да оның бөлімшесін де білетін ешкім жоқ. Асығыс жолыққанда адресін де алмапты. Сөйтіп, тағдыр ағалы-інілі қос жауынгерге бір-бірін соңғы рет көруді сол күнге жазған екен. Бірер сағаттан кейін, Қамза 1942 жылы 30 шілдеде оққа ұшқан. (Ол 2 гв.МАД, 4 гв. МАП құрамында



байланыс командирі болып соғысқан.)

Үлкен ағасы Фазылдың «қызыл қырғынның» құрбаны болып, Омбыда еңбекпен түзеу лагерінде қайтыс болғанын кейіннен білді. (Фазыл ағасы 1958 жылы ақталды.) Екінші ағасы Қалинұр шала сауатты, балуан денелі, күш-қайраттың адамы еді. Соғыс басталған бойда шақырылып, із-түзсіз кетті. Кенже інісі Құдайберген майданға он жеті жасында өз еркімен аттанып, ол да кері оралмады. Әлі белі қатып, бұғанасы бекімеген нәзік тұлғалы бозбаланың қырғын соғыстың жуан ортасына баруды аңсап жүріп үйіне жазған хаты кім-кімді де бейжай қалдырмады. «Мен жексұрын жауды біржола құрту үшін қолыма қару алдым. Жауынгерлік дайындықты жақсы аяқтап, майданға жіберуді асыға тосұлымын. Фашистердің ең соңғысын Берлинде талқандап, ауылға жеңіспен ораламын. Солай болатынына мен сенемін, сендер де сеніңдер» — депті қайран жасөспірім.

Амал не, ауылда Құдайбергенге «Айналайын інім, — болыпсың. Аман сау оралуыңа тілектеспін», - деп жауап хат жазарлық ағаларының бірі де жоқ еді.

Бес ағайындыдан аман қалған Жағыпардың өзі. Ендеше, қашанда қабағы ашылмай, іштей мұң-шерге батып, күйзеліп жүргеніне түсінбейтін несі бар? Төрт бауыры бірдей шәйіт болғанын айтпағанда да, соғыста ұзақ уақыт жаумен шайқасудың уытты жарасы бір адамның өз басына да жетіп артылмас па, деп пайымдаймын мен кейде. Ия, қиын тағдыр, өте қиын, не айтары бар...

Колхозда Жағыпар істемеген жұмыс жоқ: бригада есепшісі, колхоз бухгалтері. МТС-та нұсқаушы бухгалтер, ревизор, колхоз басқармасы. Білімінің кемдігін сезіп, жасы отыздан асқанда Петропавл қаласында ашылған колхоз басқармаларын дайындайтын облысаралық техникумда оқыды. Агроном-зоотехник-мал дәрігерлік мамандықтары бойынша арнаулы орта дәрежелі білім алды. Баян МТС-інде, «Баян» колхозында, кейіннен «Приишим» совхозында бірде агроном, бірде бухгалтер, бірде зоотехник, бірде мал дәрігері бола жүріп, жыл сайынғы заңды еңбек демалыстарын пайдаланбастан, уақытпен санаспай жұмыс істеді.

— Мен өзім үшін де, майданнан келмей қалған бауырла-



рым үшін де еңбек етіп, өмір сүруім керек, — дейтін Жақан жарықтық.

Бірнеше жыл соғыс даласында мұз төсеніп, қар жастанып, әлденеше жараланған, сызды окоптарда жатып, етікпен су кешкен жауынгердің денсаулығы соңғы жылдарда біртіндеп төмендей берді. Ауырып жүріп жұмысын тоқтатпады, тіпті аурумын деп айтудың өзін ар көрді. Ақырғы күші сарқылғанша еңбек етті де, бір күні жатып қалды. Ұзақ емделді. Ауруханалардан оралған сайын туған жердің орманын, көлін, даласын қызықтап, едәуір ойланып тұратын да: «О, жарықтық, қазағымның кең жазирасы-ай, сол үшін жанымызды текке беріп, қанымызды босқа төкпеппіз ғой», — деп тебірене толқитын.

Соңғы рет ауруханадан келгенде көңіл-күйі жап-жақсы еді. Кейінгі күндері нашарлай бастады.

Бір күні аяқ астынан: «Мен өмір сүруім керек. Маған өлуге болмайды!» — деп орнынан атып тұрды. Жылы киініп белін буды. Аттарды арбаға жегіп, агроном кезіндегідей:

«Мен даланы аралап қайтамын» — деді.

Орман алқаптарын, егін даласын аралап, айдын көлдің суымен бетін жуып, үйіне түс ауа көңілді оралды да, әйеліне:

— Күлеке, мен бір жасағандай болдым, — деді маңдайының терін сүрте беріп.

Тәуір болыпсың, айығып кетерсің енді, — деп, Күлбәршін куанды.

Дәл сол күні Жақан — бар саналы өмірін ел мүддесіне арнаған ауыл ардақтысы, қарапайым соғыс ардагері Жағыпар Байқасов-алтын күн ұясына қона бере өз үйінің төрінде, жалғыз қарындасы Камештің қолына сүйеніп отырып, у-шусыз, тып-тыныш қана үзіліп жүре берді. Ол не бәрі қырық алты жаста болатын.



Менің Бөлекбай ағатайым

Ойымда дәнеңе жок, өмірде бар немесе болашақ жайдан шамалы әзіл жазып гәзетке ұсына салмаймын ба. Басыла қоярына пәлендей сенген де емеспін. Тисе терекке тимесе бұтаққа дегендей баяғы...

Міне қызық, бір күні, ие бір күні, яғни газеттің бір санына әлгі әзілсымағым жарқ ете түссін.

— Әй, собалақ, сен бері келші, сықақ жазып жұртқа күлуді қайдан шығардың-ей? Бері келе қал, кәне, бері! — деп бөлімше меңгерушісі өзіміздің Бөлекбай ағатайым дүрсе қоя бергені.

— Е, кімге күліпшін. Мен жәй нетіп... - деп міңгірледім.

Ағатай арыстандай бітімімен ентелей түсті. Сәбидің басындай қоңыр жұдырығын түйіп алыпты. «Біткен жерім осы шығар» деп тілімді кәлімәға келтіріп, тоңған адамдай басымды иығыма тығып бір уыс болдым да қалдым. Бөкен жұдырығын мұрныма тақап, ежіктей, тістене сөйледі:

— Басқарушылықты сұрап алды дейсің, көпірме сөзге үйір дейсің, шөпті аз шауып өтірік мәліметпен көбейтті дейсің, малы шулады дейсің, қашан шулады, қашан?! — деп жақындап келді.

— Сіз емес қой ағатай, жәй өмірде болған жағдайды ала салғам — деп мәністете бастап едім.

— Тарт былай, былжырама — деп ақырып калды. Саған сүйінші бере ме жазғаныңа! Жұрттың ыржақтап күліп жүргені анау. Бөлекбай ағатайым жер тебінгенде сасқанымнан көзім қарауытып кетті.

— Сіз емессіз онда жазылған — Бөген деген біреу. Сіз — Бөлекбайсыз және менің жазғаным әдеби жанр, — дедім сендірмек болып.

— Әдеби жанр болмақ түгіл сайтанның сапалағы болса да «оллаһи» деп айтайын, мені жазыпсың — деді де жұдырығын иіскетіп қойып бастырмалата жөнелді. — Мәжіліс сайын жанжалсыз шықпайтын мектептің маскүнем директоры Мақанды сықақтаған да сен емеспісің, айта қой, кәне! — деді ол быртық бармағымен езуін сүртіп. Осы жолы шаруаң біткен шығар дегендей көздері ойнақтап.



— Жо-жоқ, оның аты Майтан емес пе. Мақан әкесінің аты, құдай ақына ол емес деп иығымды бүлкілдетіп қойдым.

— Тағы кімдерді жазғаныңды жіпке тізіп берейін бе? — деп Бөлекбай ағатайым әбден еркінсіп алды. Онымен сөз таластырудың пайдасыздығына көзім жетіп үндемей құтылдым. Жалғыз-ақ айтқаны:

— Парткомға шағынып бюрода қаратамын, жалақордың жазасын білетін шығарсың, жазғышым! — деді, ол саусағымен кеудемді нұқып.

01.09.1979

Ал, соқ! (репортаж)

Көршіміз Бөкендікі тойға шақырады деген соң әйелімді жетектеп жетіп ақ бармаймын ба. Кешкі сағат сегіз кезі, жұрт әлі жиналмапты.

— Төрлетіндер, қош келіпсіздер! — деп Бөкең жалпақтап жатыр. Әйелі ашулы, сазарып алыпты. Кәкір-шүкір шаруасын жайғап салып, үй иесі тізе бүкті. Кәрі қойға ұқсап басын изеп қойып:

— Тым құрыса карта ойнайтын біреуі келсе-етті, — деді.

— Сегізге шақырды деген соң... — деп міңгірледім.

— Біз осылай шақырамыз, араға бір-екі сағат сала айтпасак құдай сақтасын! Онға шақырсақ он екіде жиналады. Біз де тегін қу емеспіз ғой! - деп Бөке күлген болды. — Сіздерге бұл жат көрінуі мүмкін, алғашқы кезде біз де, сөйткенбіз. Мұндағы жұрттың ата-кәдесі осы, жүре келе үйреніп кетесіндер ғой — деді Бөкең темекісін түтіндетіп.

Қонақтардың алды келе бастады. Құнжиган қонды біреуі амандасып үлгермей жатып дала құдығындай терең қалтасына қолын сүңгітіп жіберіп, бір қола картаны сүйретіп шықты:

— Кәне, соғып жіберейік! — деді ол сақ етіп. Сол-ақ екен екеу-үшеуі мені ортаға алып, бөлектеген жылқыдай баста-



рын түйістіре берді. Карта білмеуші едім дегеніме әлгілер шегі қата, күлмесі бар ма.

— Апырау, бұл жігіт аспаннан түскеннен сау ма? Карта білмей қайда өскен адамсың? — деп ду-ду етісті. Сүзеген бұқадай бірмойын қара жігіт ала көздерін төңкеріп маған қарады да:

— Шығып тұр! — деп дүңк етті. — Әй, Салқамбай, кел бері мынаның орнына!

Әлқисса, карта ойны қызып кетсін. Даурыға сөйлесіп, ұзақ керкілдесіп болып, бір мойын қара жігіт мұқыл қара саусақтарымен карта үлестірді. Карта үлестіріп отырып:

— Сайтанның сапалағысың, сенен оңбаған жан өтпес. Карта ойнай білмеген соң жан болып жүруің бекер ғой, — деді жас әріптесіне сүзіле карап.

— Ағатай, білмейтінім рас еді, — деді жігіт қызарып.

— Білмеген соң мұндай іске ұмтылмау керек, — деп ыңк етті де, Кәпірбек ағасы мұқыл бармағының басына түкіріп алды.

Кейін келгендермен сәлемдесуші жан болмады. Оған ренжіген ешкім жоқ. Олар да қалталарын қарманып, төртеу-бесеуі оңашалана қалды. Бөкең үйінің шілдеханасы «Карта ойынының турниріне» айналды да кетті. «Ал, соқ! Көтеріп ұр! Бәрекелді, О, қасқа!» деген дауыстар естіліп жатыр. Бөлменің екінші жағында әйелдер топтаса қалыпты. Орталарында кейуана сары қатын өсекті шұбыртып әйел біткеннің басын шұлғытып қойыпты.

Түнгі он бірге иек артып барады. Бөкең әлі біреулерді тосулы. Асықтай жұтқыншағы ерсіл қарсыл жүгіріп Кәпірбек есікке қарайды. Басқалар да оңып отырған жоқ. Карта ойнамаған қалайықтың біреулері бөксесін бері салып ұйықтап жатыр. Бір кезде әйелдерін ертіп еркек қырғауылдай сәнденген екеу келді.

— О, бәрекелді. Жетті-ау әйтеуір, құдайға шүкір, келдің-ау! — деп ас үйге ұмтылды. Көсе сары бөлімшенің кілтшісі болу керек, еркін сөйлеп даңғырлап кетті. Алдымен бүрісіп ұйықтап жатқан шеткі біреуді сүйреп тастады. Анау ұйқыдан алжасып, алақтай берді. Сонан соң қарташылардың картасын жұлып алды. Өзі істеген істерінің бәрі өзіне қызық көрініп,



шиқылдап келіп күледі. Діңкеміз құрып отырған бізді бұл да бір серпіп тастады. Көсе сары сілекейін сүртіп:

— Жалмақтың үйінде арағын да, сырасын да, сілтедік әкесіне танытып! - деп бұлғақтап қойды. Сонан соң дәмсіз ұзақ күлкімен діңкемізді құртып алды да, жанындағысын тізеден бір салды. Анау тыжырынып теріс айналды. Табақ тартылып ішіп-жеу басталды...Түні бойы қажыған тойшылар алдарына келген тағамды қауға тиген жалындай отады. Көп ұзамай Бөкеңнің үйі араның ұясындай гүілдеді. Кімнің не айтып жатқаны белгісіз. Әркім өз айтқанын естіртем деп, жұрттан асыра айқайлайды. Сәл толас тапса, қапсағай денесімен қарсыға келіп Бөген ағай дігерлейді, өзі масаң, бозарыңқы көздерімен отырғандарды шолып:

— Бөкең тойында араққа тоймадық демексіндер, Ә? Ертең былай шығып, сөз қылғыларың келеді, Ә? Жо-жоқ, олай болмайды. Ішпей көр, кәне! — деді, жер сабап.

— Жігіттер, несі бар, арақтың атасы су емес па? Жұта салайық! — деді біреулері, ұрандап.

Кәпірбек лайықсыз көп жеп, дарылдата кекіріп отыр.

— Уа, Тоқсанбай атам: «Бір жерде бірге жүрсең басың қосып, біріңнің бірің сөйле сөзін тосып», — депті той, халайық. Аталы сөз айтам, бата берем, мен білмейтін бата, мен білмейтін аталы сөз жок. Бата жолы менікі! — деп қақылдады бір кезде.

— Батаңмен басың қатсын! Өзіңді жарылқа аталы сөзіңмен! — деп, жұрт тарай бастады.

10.09.1979

Қызықтың әкесі...

Бетіме газетті төсеп алып сыдырта оқып отыр едім. Біреу жүгін сәкіге тастай салып жаныма қонжия кеткені. Кеудесінің шуын естіп қарт адам ба десем инелік пішіндес жадау сары екен, тістерін көрсетіп күлді де:

— Уа, жігітім, жол болсын, қай жердікісің!? — деп төтелей салды. Көздерімді газеттен аудармай совхозымның атын ата-



дым да іс сонымен біткен шығар деп, қыңыр бұрылыңқырай бергем. Көршім жерден жеті қоян тапқандай:

— О, садағаң кетейін, алла-ай, деп жіңішке жетім дауыспен сарнай жөнелді. — Өзің бері қарашы, осы менің жан досым Айтанның тұрған совхозынанбысың? Ой, бауырым-ай, онымен жүргенде көк Есілің шұлығымыздан да келмеуші еді-ау. Тұра тұршы дені-қарны сау ма, байғұстың? Әлі сол ішетін шығар? — деп алып жауабын тоспастан сыдырта берді. — Ой-бой, ішкенде келістіріп ішетін едік қой. Бәстесіп сілтемейміз бе? Он рюмкені ол жөнелтті, тоғызын мен сылқыттым. Мені үйге итшанамен сүйреп апарыпты. Ол пәлекет емес пе жерді қара табанымен басып кетіпті, әйтеуір. Несін айтасың араққа мықты-ақ еді сабаз, Ха-ха ха-а!

Қықым-ай, түбі түскен шелектей гулеп кеттің ғой, байқасайшы! — деп қоянның көжегі пішіндес бәкене көршісі санынан нұқып қалды.

— Ойбай-ау, бірге істескен жетпегір емес пе еді. Ол мектеп директоры, мен оң қолы запқозы болатын-мын. Жіліктің майлы басын бірге сорыстық қой, мұқым. Талақ бауырдай жабысып алдық қой әбден...

Қықым есімді көршім сұңғұланың желіндей есіп отыр. Арасында сұр көздері қызарғанша күледі де: - Қызықтың әкесі — деп алып бауыры жазылған жүйріктей сілтей берді. Газетті оқытпайтын болған соң бетімді туралап келсең келге бекіндім. Қықым жіңішке мойнын созыңқырап:

— Іншегім, аздап ұрттап жіберуге қалайсың? — деп сұрады ол, құлақ оты жерден. Сөйтті де, қойнынан шишаның ақ тебетейін көрсетті. Мен бас шайқаған соң қойдың тобығындай жұтқыншағын ерсіл-қарсыл жүгіртіп тамсана берді. Автовокзал іші ыстық. Жолаушылардың көбі қалғып отыр.

Келіп-кетіп жатқан автобустар жайлы диктордың әбігер даусы естіледі.

— Қызықтың әкесі, — деді Қықым шишаның аузынан байқатпай сылқ еткізіп. — Айтан жүрдік. Мектеп қорынан, интернат балаларының тамағынан, қызметкерлердің жалақысынан жымқырттық. Жүрек жұтқан еді ғой сабаз. Жетім балаларға берілмек үш жүз сомды бір, бес жүз сомды бір түгімен қылғытып салдық. Қалай дейсіз ғой? Онша



кинала да қойған жоқпыз «үлестіріп берілді» деп тізім жасап, жалған қол қойып жымдастырдық та ақшаны қалтаға сүңгіттік. Алған — ұры, көрген құдай хих-хих... Өзі көзге түспей көбіне маған істететін еді-ау! Олжаның кеудесін ол жеп, қанаттарын маған қалдырады, мен байғұс риза бола берем-дағы. Жалпы Айтекеңнің жаны белгілі дәу Шойын құлақтың жанындай керкиіктің құрсағындағы, алтын сандықтың ішіндегі, шүпірлеген қызыл шақа балапандардай менің қалтамда жүрді. Не шатағын білмедім мен. Ұрлығымыз да, өтірігіміз де бір. Сонан соң қызықтың әкесі...

Қықымның кеңесі шайтанға мінген Алдар ағанның әніндей таусылар болмаған соң қолымды бір сілтеп орнымнан тұра беріп едім, көзі күл сепкендей бозарып жыламсырап:

— Қызығы бар шыдай тұршы, құдай үшін титтей бөгелші!
— деді.

Сағатқа қарасам автобуска әлі ертерек екен. Бітіріп жатқан не бар, мейлі...

— Айтан жігіттің көк қошқары еді ғой — деп сабақтай жөнелді Қықым, - Сенікі-менікі деп есептеспедік. Мал байдікі, жан құдайдікі. Обалы нешік қаражатқа қараулық істеген жоқ. Өзі де қара шұнақ болып байып, құйыны күншілік жерден көріне бастады. Сұмдық жұлғыр еді ғой сабаз. Пайданың түсер жерін алыстан шалып, жауыр көрген сауысқандай шықылықтай бастайтын...

Қықым жанасқыш бұзаудай өз қойнына өзі ұмтылып шисадан бір жұтты да:

— Қызықтың әкесі, — деп аш қораздай қырыс-қырыс мойнын созып маған қарады. — Ол әрқашан көңілді дархан болатын. Жақсы болмақтың бәрі мынада емес пе, қалтаң болсын, қалта-аң. Құдайдың тал түсінде тәлтіректеп жүрген жерінен өзіміз талай үйіне апардық. Кейде шәкірттері де апарып жүрді. Ауылымыздың еркесі еді ғой!...

Қықым жүрегінен асылы түсіп қалғандай кинала күрсінді. Айтанды мақтағаны ма, даттағаны ма ақылым жетер емес.

— Сіздіңше Айтан жақсы кісі ме өзі? — деп тандана сұрағанымда Қықымның көзі атыздай болды.

— Ту-у, не дегенің, дос едік, рюмкелес едік, құдай айырған соң қайтейін, құдай...



Қықым жұмсақ шалқаймаға сүйене беріп, үлкен аузы ебедейсіз қисайып, көздерінен ыстық жас домалап түсті. Кескіні ұшынған адамдай бозарып:

— Ақыры екеуміз де істі болып тергеуге алындық. Айтан өлуші ме еді дос-жарандарының көмегімен сотталмай қалды. Сотталмағаны құрысын тоғыз жерге қоныс аударып ақыры сіздің ауылдан бірақ шықты.

Мен болсам жуырда ғана ел бетін көрдім. Айтанды білмеймін өзім енді ондайға бара қоймаспын, аллам сақтасын!

Қықым осылай деп, басылып, сөніп отырды да көптен соң:

— Ол өзі әлі іше ме? — деп алғашқы сұрағын қайталады.

— Аздап... — деп күңк еттім мен.

— Ойбой, Айтекең ішті дегенше тағы да қоныс аударып, тентіреді дей бер.

Қықым кәрі текедей басын шайқап сәл тұрды да:

— Қызықтың әкесі! — деп ызалана күліп жіберді.

01.09.1979

Әзіл әңгімелер

Терінің құны

Сүкең бір құшақ буды үйге ертіп ала кірді. Жәкең етпеттеп газет оқып жатқан.

— Бәрекелді жақсы келдің! — деп басын кетеріп алды. Азанда суат басында кездесіп біраз жерге барысып қайтқан. Сөйте тұра бір жыл көріспегендей-ақ шұрқыраса кетті. Жәкең төр алдына көрпе тастатып еді. Сүкең кебісін шешіп төменірек шарт жүгініп отырды. Сөйтті де мұжық саусақтарымен қара насыбайды шымшып алып тілінің астына тастап жіберді. Жәкен де сөйтті. Сонан соң қаңылтыр қалбырға шырт-шырт түкіріп кеңесті қай жағынан бастауды ойластырды.

— Бүгін жылытыр Ахметпен жанжалдасамын деп күнді кеш қылдым. Соғымның терісін апарып едім. Таразыға тартып жіберіп, жынын шақырған бақсыдай өзінен өзі күбірлей



бастағаны. Бір кезде түйедей торы биенің терісі үш сом алпыс екі тиын болды да шықты.

— Бәтшағар-ау, жылқы терісінің осындай бағасын кім көрген. Қойдың терісі де бес сом болып жатыр ғой деп едім.

— Мен одан артық ала алмаймын — деп отқа түскен тұздай шыртылдады.

— О, тоба-ай, мынау құстан сүт сауып, май айыратын пәле ғой! — деп жағамды ұстадым.

Жәкең насыбайын саусағымен көсіп алып, шертіп жіберді де: Ақылы жоқ басқа бадырайған көз береді деген осы. Осынша жасқа келгенше істің мәнісін білмейді екенсің. «Ақырзаман боларда мың қойды бір қозы емсе де тоймайды» деген екен. Жұртты қақтап сауса да жылтыр Ахметтің бүйірі шықпайды. Таразыдан жеп жалақтап барады. Тері-терсек, қыл-қыбырымды үйіп-төгіп берсем болмашы тиын-тебенді алақаныма қысып жымыңдап кете барады. Азсынсаң алмай қояды. Әбден діңкеме тиген соң бір тамаша ой келе кеткені. (Осы арада Жәкең рахаттана күліп кемпіріне, шекесінен қарап қойды). Қатынға көп қылып ет астырып, бір шыны «Экстра» алып (жылтыр Ахметтің «Экстрадан» басқаны ішпейтінін білемін) үйге шақырмаймын ба? Арақты ішіп, етке тойған соң соғымның терісіне тоғыз теңге он тиынды лақтырып тастап кете барғаны. Қуанып біз қалдық. Көңілденіп ол кетті. Солай, шырағым, әр нәрсенің өз жөні бар, берген перде бұзады деген сол! — деп Жәкең ақ көйлектің қарын тұсынан қос қолдап шымшып алып желпініп қойды.

— Сонда терінді Жылтыр жайға әкеткен ғой — деп Сүкең күлкі буып қисая берді.

02.09.1979

Туған жер

Жәкең буырыл мұртын сипап күлімсіреді де:

— Кеше өзіміз Отан соғысында жаумен жағаласқанда — деді (осылай деу сөзінің шарты болатын) — Бірнеше күн ұйқы көрмей қажыған кездеріміз болды. Жүріп келе жатып көзіміз ілініп кетеді де, ауыл түсімізге кіреді. Оянсаң



көңілденіп қайраттана түсесің. Аяқтарыңды нық тастап алға ұмтыласың. Бірде қалғып қатардан шығып кетіппін де қараңғыда саптан қалып қойсам керек. Біреу жағамнан жармаса түскені. Қарасам теке сасыған неміс екен, айқаса кеттік. Бірде ол, бірде мен дендеймін. Ит жығысқа түсіп бірде ол мені аударып тастайды, бірде мен. Еңгезердей қарулы неміс әлсіретіп барады. Өмір сүру керек оған да, маған да. Әбден қалжыраған кезімде бар қайратымды жұмсап:

— Уа, қасиетті Масалым, сен үшін! — дегенде Қобыланды атамның қайраты бітті ме деймін, фашисті алқымынан бірақ сықтым — деді Жәкең.

— О, садағаң кетейін Масалым-ай! — деді Сүкең қызыл көздері жасаурап. - Сенің қасиетіңе шек келтірмеймін. Соғыста жүргенде Ленинград фронтында көргенімді мен де айтайын.

Сүкең насыбайды ауыстырып салып қалбырға шырт еткізді.

— Жау шабуыл жасап келеді. Беті қатты. Окоп қазып алып, бауырымызды төсеп атқылап жатырмыз. Жер барда біз мықтымыз. Фашистерді баудай түсіріп беттетпей қойдық. Бір кезде алыстан соғатын зеңбіректің ауыр снаряды ысқырып келе жатты. Мұндайда тыңдай қаласың. Қай тұсқа түсетінін шамалайсың, байқаймын тура бізге келеді. Жерге жабыса түстім. Айтқандай-ақ снаряд қақ жанымнан гүрс етіп, мені аспанға ұшырып жіберді. Үйдің шатырындай көтерілдім-ау деймін, есім дұрыс сияқты. Аспанда жүріп аяқ-қолымды қозғадым сап-сау. Бірақ менде күш те, қасиет те қалмапты. Құлашымды жазып дереу жерге ұмтылдым. Жерге бауырым тиген соң қаһарға мініп алып, ал келіп жауды ота. Пулеметтің оқпаны қып-қызыл болып балқып кетті. Бір кезде «Максим» мелшиді де қалды. Оқ бітіпті.

— Оқ! — деп айқайлап едім ешкім үн қатпады.

Немістер граната лақтырды. Қағып алып өзіне жібердім. Сөйтіп жаудың өз гранатасымен өздерін жусатып салдым. Туған жерге бауырымды төсеп мықты жатырмын. Ондайда саған өлім жоқ.

Сүкеңнің әңгімесі Жәкенді қатты толқытса керек:

— Шіркін, туған жердің несін айтасың! — деп көздерін сүрткілей берді.



Жылқы мінезді

— Адам жылқы мінезді деген рас қой — деп Жәкен кішкене сары көздерін Сүкеңе қадай сөйледі. — Өзіміздің мына Бәридi айтам, сот жазасын өтеп келгенде моп-момын жөндем адам болып оралған. Содан сауданы жағалап, әуелі күзетші, сонан соң жүкші болып істеді де бастығына жағып қойма меңгерушісіне тұрды. Сарайға түскен атжалман алғаш қапты искелеп көреді де, дереу бөксеріп тастап жей бастайды ғой. Бәри де сөйтті. Дүкен қоймасын атжалмандай жалмады. Не жақсы тауар жең ұшынан жалғасып жан-жаққа кетіп жатты. Жәй емес баға қосылып сатылып Бәкеңнің қалтасын қалыңдата түсті. Қоймаға келген тауарды електен өткізіп, өтімдісін былай қойып саралап шықпай ішкені ас болмайды. Енді жұрт керек заттарын дүкеннен емес Бәридiң жекжаттарынан сұрастыратын болды.

Құныға келе қоймадан тауар алған сатушы әріптестеріне салды ауызды. Бәкеңнен екі жарым мың, Кәкеңнен мың сом, Секеннен сегіз жүздің тауарларын мәдкапыда сіңіріп кетті. Сатушы ағайындары айып төлеп жатса Бәри кетік тістерін көрсетіп күлумен болды. Жағымпаздар «Бәкелеп», «Көкелеп» әбден басын айналдырды. Көзі тұманданып ештеңені көруден қалды.

«Жердің құлағы қолыма ілексе шыр айналдырар едім» деген Қазіреті Ғали жарықтықтай терісіне сыймай кетті. Кеше ғана қоймашылыққа қолын жеткізген бастығын қаймықпай-ақ қоймадан қуып шықты. Ауылнай ағасын аяусыз боқтап айдап салды. Құлақтарын тас төбесіне шәншіп алып, жер тарпыған Көбен мәстектей болып Бәриіміз тұр — деп Жәкен шырт-шырт түкірді.

— О, тоба-ай, адам жылқы мінезді деген рас екен-ау! — деп Сүкең сирек мұртын сипалай берді.



Мен болсам

Өзің білетін Бөлекбай інім, жиналыс сайын ұзақ сөйлеп, шыдамын тауысатын — деп Сүкең бір сөз бастады. — Мынау бригадирдің пәлен кемшілігі, түгел жолсыздығы бар. Зоотехник пен агроном сылбыр, момын. Бөлімше меңгерушісі барып тұрған кеше. Жұмыстың ана саласы ақсап, мына жағы кері кетіп жатыр. Егер мен болсам өйтпес едім. Малды күйлі, егінді шығымды, шаруашылықты тиімді етер едім. Мен болсам маскүнемдікпен мықты күрес ашар едім. Мен болсам жолсыздық атаулыны жолдан сыпырып тастар едім. Мен болсам...

«Мен болсам» дей берген соң Бөлекбайды бөлімше бастығы сайлады. Алғашқыда анамен де соқтықты, мынамен де қақтығысты. Басын тауға да ұрды, тасқа да ұрды. Қолымен от көсермен болды. Ұйқы-күлкіден қалды. «Үйдегі көңілді базардағы нарық бұзады» дегендей Бөлекбайымыздың берекесі кетті. Алға басқан бір жұмыс жоқ. Жоспар біткен орындалмады. Малы күйсіз, егіні шығымсыз. Байыбына барсақ Бөлекбай інім қырсыз, көпірме мақтаншақ, әрі қорқақ екен — деді Сүкең жер шұқып.

— «Мен болсамның» артында мың пәле жатады ғой — деп Шәкең кеңкілдеп тұрып күлді.

02.09.1979.

Қазақша күнтізбе, 1974

«Мен болсам» Алғашқы жазылуы қыркүйек 1972

Ақымақты тапқан екенсің

Көк мәстек қар кешіп келеді. Алғаш бүлкектеп еді бара-бара мимырт аяңға түсті. Ызғырық соғып көбік қарды үйіре бастады. Шанада Бөкең қалтырайды. Жаяу жүгіріп алса жылынып кетер еді жаяулауды ар көріп отыр. Ескі тонның тігіс-тігісінен жел саулайды. Бөкең тоңған сайын көк Шолақты қужай түседі. Арық ат аяңнан әрі аспайды. Әлгінде ғана арақ



ішіп қызынып алған дене тез қалтырады. Қарсы жолыққан ауылдасы:

— Бөке-ау, тоңып қалыпсың ғой, қарқарадай қара ішігің бар емес пе, неге кимейсің?— деп еді.

Бөкеңнің қызыл көздері ойнандап:

— Ей, не шатасың, менің ішігімде неңнің құны бар. Осы ауылдың хат-хабарын тасуға қара ішікті киіп тоздыратын ақымақты тапқан екенсің, берсін маған басқа ішік! — деді.

— Жүреңнен жат ендеше! — деп, анау атын борбайлап шаба жөнелді.

12.09.1979

Қазақша күнтізбе, 1974

Жолдағы жөндеу

Сейілханның әлде несі ұмыт қалғандай жалтақтай берді. Жұтқыншағы кеуіп аузына арақтың кермек дәмі білінді. Өткен кеште ішкен ащысы жүрегін қыжылдатып, басын мәңгіртіп отыр. Мұндайда бір шөлмекті жұта салса басы дұрысталып, көздері жайнап кетер еді. Амал не жанында мықты күзетші бар. Құдайдың қызыл көз пәлесі бұл. Осының қырсығынан мол дүниеден қанып іше алмапты. Шәшкеге қолын созса жеңінен тартып, көздерін ойнақтатып, жұмысыңның біткен жері осы деп ым қағып отырғаны.

Тыңдамас едің-ау үйге келген сон тақымбұрауы даяр. О, Тәңірім, бұрын ғой еркек үстем болып әйелге айғаймен ұғындырса, бұл күнде әйел ыммен-ақ жайын таба салады.

Мараш көзін алайтса жүрегің зырқ ете қалады. Бұдан да қыз болып неге тумадым екен.

Сейілханның көздері жасаурап жолға қарады. Қара сұр асфальт машинаның астына сусып кіріп жатыр. Күркелеген тар кузовта кәрі-жасы, әйел-еркегі бар оншақты көңілді жұрт келеді. Мараш көпей баласын бауырына қысып ойға кетті. — Арақты көп ішкізгенді мақтан көре ме екен — деді басын қатыра ойлап. — Құда аттанарда ғой бір-бір шөлмектен



алып шығып, әркімнің аузына бір тосты. Ішпегенін зорлады. Тілдерінен майын тамызып, жүйкесін босатты. Сонан соң құда біткен ері ауғанша ішті. Көбін машинаға көтеріп салды. Мараштың аңдығаны Сейілхан еді. Көз жазбады әйтеуір. Сақтығынан аман алып шықты. Әйтпесе өлгенін біле ме бұл. Жалғыз байыма ие бола алмасам кім болғаным. Шүкір есі бүтін құтылды. Мені ұнатпай алакөзденіп отыр. Мейлі, тетігі қолда ғой үйге барған соң жақсылап құшақтап жіберсе...

Мараш күлімсіреді, баласын бауырына қысып маужырай бастады. Машинаны Сейілханның құр қауызы айдап келеді. — Құда түсерге барып та адам осылай көңілсіз қайтады, ә? — деді басын былғақтатып. - Шофер деп ішкізбеді. Осыларды әкеле жатқаннан басқа жазығым не? Кузовтағылар кәукілдесіп, майрақан-тайрақан болысып жатыр. Мен болсам перінің салқыны соққандай мең-зеңмін. Адам сиқым жоқ. Ең құрығанда құдай үшін бір рюмка берсе осылардың дарбазасы құлайтын ба еді. Үйге барған соң ішерсің деп бір жартылықты қоржынына салды. Арақ таба алмай жүр ме екем...

— Мараш-ай, сен жерге түсіп машинаның артына баршы, тормоздың жарығы жанбай келе жатқаны.

Жөндеп алмаса жүруге тиым салынған. Майрашта сөз болған жоқ. Баласын құшақтап жерге түсті. Педалды баспастан:

— Жанды ма? — деп сұрады.

— Жоқ.

— Ендеше тоса тұр, қазір жандырам.

Сейілхан қоржыннан жартылықты алып тебетейін лақтырып жіберді де орталап ішіп бір дем алды.

— Жанды ма?

— Жоқ.

— Ендеше қазір...

Бос шыныны қоржынға тығып, педалды басты.

— Жанды ма?

— Жанды-жанды!

Машина ілгері қозғалды. Сейілхан көңілді, белгілі көк мылжың әдетіне басты.

— Секең тек өмір берсін! Секең текке өлетін жігіт емес. Секеңнің қолдары алтын емес пе. Көрдің бе шамды жарқ ет-



кізді. Секе-ең...

— Ой, осы сенікі не мылжың? — деп Мараш кескініне қарап еді.

Сейілханның көздері бозарып, тұманданып кеткен екен. Машинаның да буыны босап бұралақтай бастапты. Жолдың екі бетіне кезек ауытқып ирек салып келеді. Мараш қоржынды ақтарып бос қалған шөлмекті көрді. Көрді де жүрегі кеудесінен атып кете жаздады.

— Ойбай, шұнақ құдай, бүйте берсең бір күні басымды ашып миымның қауашағын да ұрларсың. Жегенің желкеңнен шыққыр, қу жексұрын. Арақтан іші іріп кететін болды-ау. Ана темір тістеріңді жерден тергізейін бе? — деп тоқпақтай жұдырығын байының мұрнына тақады. Қорапта отырғандар улардай шуласып даланы басына көтеріседі.

— Оншадан мұнша жүріп өлер жерімізге жеткен екенбіз. Ойбай-ау, әлгінде машинаның доңғалағы жарға тайып кете жаздады ғой — деді біреу ықылық атып. Қорапта созылып жатқан масаң шал аппақ кірпіктерін қимылдатып:

— Жетпіс бірге шығармай желкемнен қиған жері осы екен. Жамағат, иманымды үйіріңдер, иманымды - деді зарлап.

Біреулер күліп, біреулер жылады. Мараш машинаның кілтін байынан жұлып алып рульге отырды да жүйіткіте жөнелді.

Кебісін көлденең қойды

Нәси ағаң соңғы кезде құдайшыл болып алған. Ораза ұстап, намаз оқып дегендей шама шарқынша «ол дүниелік» қамын ойластырды. Былайынан оқуы да терең болмайтын. Әптиекті тәмәмдап, құранды бірер аударған. Қапар қари бар, басқалары бар ортаға алып:

— Сен көп жыл белсенді болдың, құдайға, құранға тілің тиді. Сират көпірдің барына сенсең ораза ұста, намаз оқы. Бұл алдамшы дүниеге кездейсоқ келдің негізгі тұрағың сол жақ. Тәубеңе кел, құдайдың құлы, Мұқаметтің әулеті! — деп қаумаласты.



Сыркаттанып жүрген. Түсіне бабасы аян беріп:

«Уа, менің иір бұтағым, тіршілікте істеген күпірлігің халден асып кеткен екен. Құдайға шын жыласаң кешпес күнәсі жоқ. Біз мұнда оңбадық», дегелі түсіне сақалы сала құлаш шал кіріп үрейін алды.

Құранды мақамдап, қай намаздың неше бас екенін әркімнен сұрастырып, дәреттену жайын да есіне түсіріп сары табан бола бастаған. Бұрынғы тағат-ғибадат етіп жүрген қарттардың соңғысы өліп ауыл шал біткеннен таза айрылғанда кемпірлер жағы көздерінен сарасы ағып:

— Біздей қаусап отырған жоқсың, келешегің бар. Жұртқа бас болып мұсылманшылық дағуанды құр, баста бізді жұмаққа — деп отырысып алды.

— Несі бар сөйтсем сөйтеіін — деп келісе кетті. «Рамазан Шәріп» айында бір топ сулы көз кемпірлерге бас болып азан шақырды.

— Дарбазаға шығып қышқырған әтештей-ақ бар екенсің, — деп күлісті құрдастары.

Олар пайдалы еңбекке араласып, ойнап-күліп жүрсе бұл оразаға көшкен ермек деп бір бүктеліп жатады. Аштық кескінін алды. Қашаннан ұмытылып бара жатқан «давлениясі» бас салды. Көзі кіртііп кетті.

— Сахарға тұр, ей, шал! — дегелі қашан, әлі жатыр. Күздің керенау таңы білінді.

— Қатын-ай, — деді ол басын көтеріп. — Көртышқандай жарықтан қорқып-ақ өлдім ғой. Сәресінді Әбдір мен Қаппас ішсін. Ораза да ұстамаймын, намаз да оқымаймын, молда да болмаймын. Ол дүниесіне көппен бірге барармын білдің бе?

— Ұят-ай, құдай жолын қайтесің, қу шал! — деп қатыны байбалам салып еді:

— Құдай жолына кебісімді көлденең қойдым — деп шырт түкіріп тастады.

13.09.1979



Бәртiк

Дүкенде Бәртiктiң шәңкiлдеген даусы естiлiп жатты.

— Не сандаласың, бестiң құйрығы қайқайып кеткенге мен кiнәлiмiн бе? Мұның бағасы үш сом емес — бес сом. Әйдә, дүкендi босат, кәләкәйттап тұруға уақыт жоқ, о, несi-ей!

Жалпақ бетiнде кiшкене ғана тәмпiш мұрны бар сатып алушыны дүкеншi бастырмалатып, iстен шығарып тастады.

— Әмәнда тауардың бағасына дау салып ереуiлдейсiң, бессовыссың барып тұрған. Бестiң құйрығының терiс қайқайғанына мен бейнаматпын ба? Бұл үшке ұқсағанымен нақты бес сом — деп Бәртiк үлкен ернiнен насыбайын көсiп алып, сөрениң астына лақтыра салды. Лақтыра салды да ащы насыбайға елтiп дүкен iшiне былш-былш түкiрдi.

Колбаса демедi, қант салған қап демедi түкiрiк астында жатты. Жалпақ караға ашуланған әрi насыбайға елтiген Бәкеңнiң шикi сары бетi бұрынғысынан да қушыып, тышқан көздерi суланып алқына дем алды. Бөктергiнiң тырнағындай саусақтарымен халваны кесiп алып, таразыға тартты.

— Қолыңыздан жиiркенiп кеттiм-ау! — деген жас жiгiтке:

— Шық, дүкеннен, иттiң күшiгi! — деп ақырандап едi анау жәй ғана күлiп:

— Шығуын шығамыз ғой, шықсақ сiздi алдымызға сала шығамыз — дедi.

«Мына найсаптың сөзi қалай едi» деп Бәртiктiң жүрегi зiрк ете қалып:

Не истеппiн мен, не-не? — деп халваны сығымдай түстi.

Өзгенi қойғанда настығыңыздың өзi шектен шыққан. Қолыңызға күн тәулiгiне бiр су тимейдi. Сонымен азық-түлiктi ұстайсыз. Насыбайыңыз анау... Жүйке тамырыңыз әлсiз наукас адамсыз, емделу керек, Сiзге сатушы болу дұрыс емес — дедi жiгiт.

— Мынау не дейдi, ауырған адамды қусын деген қай За-кун — деп Бәртiк белгiлi айғайға басты.

— Токтай қалыңыз, ол десеңiз жұрттың қалтасына, қол салғаныңыз өтiрiк пе? Бестiң құйрығы терiс қайқайды дейсiз, мәселенкi фактураңызды берi тастаңызшы, көрейiк!



— Ей, сен кімсің, құдайдай тергейтін?

Жігіт қойын қалтасынан «Халық бақылаушысы» деген куәлігін алып ұсына бергенде сатушының саусақтары қалтырап кетті.

Сәлімжуар

Алпысты әлдеқашан артқа тастаған сақал-мұрты ықшам, тықрандаған кісі екен. Қариды дарбаза алдында қарсы алып кәукілдеп қалды.

Қари алпамсадай болып шарт жүгініп отыр. Қарашұбар жүзінде селдір сақалы бар. Сақалы селеудей аппақ.

— Уа, Сәлімжуар, дәм айдап келіп қалдым. Көріспегелі көп болыпты. Әуелі аруақтарға дұға бағыштайын — деді де атша шұлғып бір қиын аятты қирағаттап кетті. Даусы сұмдық беймаза еді. Араб мақамы түгіл қазақтың қара өлеңін көптен естімеген жатақтың құлағына түрпідей тиіп барады. Қаридың көзі анда-санда бір ашылып қызарған орны керінеді. Аруақтарға жеке-жеке бата арнап түгендеп шықты.

— Енші алла тілегімізді қабыл алар, әмин — деп таптарғыл бетін сипады.

— Қари, шәй даяр, ужинать етіп алайық — деді үй иесі төрт тағандай тұрып.

— Жоқ, шырағым; сабыр ет, екінді болып қалыпты, дәретің бар ма еді?

— Қари, намаз дегенді білмеуші едік.

— Жетпіске келгенде сәждеге маңдайың тимеу пәндәшілік, құдай алдында күнә. Олай болса бүгін сені намазға жығуым керек. Кәне, дәреттене қал!

— Қа-қа-қари, напрасный болмаса... Мен ештеңе білмеймін ғой, ей, богу...

— Білмесең ниетінді құдайға, жүзінді қасиетті қағыбаға қойып жығыла бер. Мен не істесем соны істе.

— Шаруа адамға молитса етуге уақыт та болмайды ғой, Қари — деп міңгірледі Сәлімжуар.

— Шаруа адам құдайдың құлы емес пе? Тез дәреттен!

Сәлімжуар сақалын сулап, жайнамаз шетіне табанын



тигізді. Қари «Қибыла осылай ма» деп сұрап алып, күңіреніп азан шақырды. Сәлімжуарда қосылмақ еді үні шықпады, қылғынып барып тынды. Имам тұрса тұрды, жатса жатты. Тышқан көмбесін аңдыған мысықтай сақ. Айтып жатқан, жалғыз ауыз құлшылығы да жоқ. Бір кезде даладағы жұрт жәйлауын өрт алғандай у-шу болды. Сәлімжуар ұзын мойнын созып жіберіп «Ой, беда!» деп жылан қуғандай жүйткі жөнелді.

Көше қалқы бір жегулі жылқының соңында еді. Есі кеткен жануар мөңкіп шананың алдына кептелген шошқаны шыңғыртып жүр. Жеңіл киінген мәсішең Сәлімжуар құстай ұшып аттың сулығына жармаса түсті де, арпалысып әзер тоқтатты.

Жабылып шошқаны арашалап алысты.

— Андрюша-ау, сенің шошқанды танып, ей богу қорқып кеттім — деді Сәлімжуар сақалды шаруаға ентіге тіл қатып. Сөйткенше сарыала жайнамазда төбедей болып отырған Қари есіне түсіп қайта жүгірді.

— Ойбай-ау, окошкеге көзім түсіп кетсе, Андрей соседтің шұбар поросенкесін ат дарылдатып сүйреп барады екен. Тұра ұмтылмаймын ба, бүкіл село халқының шамасы келмеген кара мәстекті тырп еткізбедім. Содан шұбар поросенкені... — деп әрі қарай бастырмалата женеліп еді.

— Тоқтат! — деп Қари барқ ете түсті. — Жетпіске келдім дейсің, қасиетті байтолға жүзінді қойып, ниетінді аллаға беріп тұрып көңіліңді арамға бұрдың. Шарифат айтады: Намазға ұйып тұрғанда өз балаң отқа түсіп жатса бұрылма, көршінің баласы отқа түсіп жатса ғана бұрыл деген. Ал сен бәдбақыт доңызға бола...

— Қари-ау, құран дұрыс айтқан, мен соседім үшін емес пе? Андрюшаның шұбар поросенкасы...

— Тоқтат сөзінді!

— Андрей ағайын болып кеткен адам. Өзімді Бәселей-Бәселей деп қандай қадірлейді. Он қазаққа айырбастамаймын, ей богу, деп айтайын!

Сәлімжуар шәй қамдауға шықты. Қари қобызсыз қалған бақсыдай үнсіз. Ішінен:

— Апырай, мынау дырау кәпірдің өзі екен ғой! — дей берді.



ТАНЫС КЕСКІНДЕР

Бастық

Жаңа бастығымыз Бірімжанды жұрт жақсы атап жүр, жақсы ғана емес-ау, тұп-тура мақтап жүр.

— Пәле, осындай бастық болса деуші едік, бағымыз ашылып қайыбынан түсті келіп. Шіркіннің келбеті мен кескіні-ай, сөйлеп кетсе сөзі қандай, аудан басшыларына беделі таудай, қай мекемеге барса да шаруаға керекті іліп түседі...

— Ұрт мінезі жоқ па?

— Аздап ішеді.

— Ойбой, ендеше қоя тұр! — деп түршіге қалды былайғы жұрт.

— Болды десейші жұт.

Сол бастығымыз қоңыр күзде жиналыс ашты. Мінбеге шығып қос қолдап ұстанып алды. Маңғазсыды, сонан соң сылдыр сөзді сапырды келіп:

— Мен келгелі колхоз жөнге көшті, мал басы едәуір өсті. Шөп шабу жоспарын артығымен орындадық, еселеп силос салдық. Бұйырса биыл малымыз күйлі болады, қорамыз жайлы, жылы болады. — деп Бірекең даусы қарлыққанша жар салды. Шайтан көбелектей жағымпаздар қошеметтеп қарсы алды.

Наурыз бен сәуір келді. Жем-шөптің қоймасы сыпырылды, қас қылғандай боран да құтырынды. Бастықтың жағы қарысып жылап тұр. Малдары азан қағып шулап тұр.

Бейсекең

Бейсекең ақсақалдың үйінің жанына көршілері жиналып кешқұрым сұбыхаттасып отырды. Қарт сирек сақалын сала-лап қойып, желпіне сөйледі.

— Колхоз деген ағып жатқан бұлақ емес пе? Емпәния жұрттың тамшы терінен жиналған алтын байлықты қадірлемеушілер көбейіп кетті. Түбімізге осы бейқамдық



пен салақтық жетті. Орақшылар аңызға масақ қалдырады, бастықтар оған ауылдың малын жайдырады. Машиналардың қорабы жыртық болып бидайы шашырап жүреді. Қарға құзғынды асырап жүреді. Қырман біздікіне жақын болғандықтан күнде көріп отырам. Бидайға қараторғайлар мен шымшықтар қонады. Мына көптің маңдай тері ысырап болады. Бір кезде мен де жұмыс істегем, осы колхоздың өркендеуіне күш бергем — деп қызына келіп шырт түкіріп алды.

Ту сыртынан біреу әбігерлене айқай салды:

— Уа, пірәдір, қырманға өгіздер кіріп барады. Қарасан келгірлер таптады ғой, бидайға бас салды ғой! — деп еді:

— Бас салса қайтейін, мен оларға бақташы ма, әкірендеме бас-басыңа! -деп Бейсекең міз бақпай отыра берді.

Көршісі тұрып күңкілдеп:

— Жаны ашығаны осы ма? — деді.

Рысжан мұғалім

Рысжан мұғалім арнаулы тапсырма алып, лекция оқымаққа кам қылды. Қағаз қопарды, цитаттар терді. Лекциясының тақырыбы адам санасындағы ескіліктің зиянды қалдықтары еді.

— Бұрынғы кейіпсіз әдеттер неге құрымайды? — деп қазымырланды ол. Кейбір ортан қолдай белсендіміз бала піштіреді, ауруын баксыға үшкіртеді. Ал көп шалдар құрбан шалады, шамадан тыс тақуа болады. Жиында әйел мен еркек қатар отырмайды, ана орыс жұртынша осылардың бастары неге қосылмайды. Қыз ұзатып қалыңға ақша алады, ырым-жырымын жымқырып басқа алады.

Айта берсе ескіліктің сарқыншағы толып жатыр. Осыларды түп-тамырынан құртатын уақыт молынан болып жатыр. Соған басшылық ететін кімдер? — деп әр мансаптың адамдарын саусақпен санап теріп жатыр...

Ащы шектей шұбалтып жазғандарын оқып көрді. Халайықтың алдында тұрғандай тамағын кенеді, айнаға қарағыштап үсті-басын жөннеді. Жағасына бұрқыратып әтір



себеді. Сонан соң марқайған көңілмен ісініп-кебініп клубқа жөнелді.

Бұрын лекция оқып кім көрген, абырой бере көр, — деп аллаға сиынып келеді, жүрегі бар болғыры дүрсілдей береді. Осы кезде асығыс басып алдынан бір әйел өте шықты.

Лекторымыз кәрі қойдай кекейіп тұрып қалды.

— Енді жолым болмайды! — деп сағы сынып қалды.

Сатушы

Ашаң өнді, сауысқан мұрын жігіт шықылықтап дүкенде сауда жасап тұр, қимылы ширақ, екпінді-ақ.

— Уа, жақындандар бері, асфәһани кілемнен басқаның бәрі бар. Жібек керек пе, жүн керек пе? Құдайға шүкір «Ақмағанбет» ағаң тағы бар, — деп жымың қақты. (Өзі аздап ішіп алыпты) — Көйлектің қызылы керек пе, аласы керек пе, трусидің көгі керек пе, қарасы керек пе? — дейді майлы қасықтай жылмындап, өзі есеп-шотты көз ілестірмей қағады, Жұрттың дегбірін алады. Сол екі ортада аңқау ағайынның тиын-тебенін жымқырып қалады.

— Шыбыным-ай, есімнен тандырдың ғой, басымды даң қылдың ғой, қайыра есептеші — деп қарт әжей өтініп еді.

— Ей, кемпір, сөзді қой, тек тұр, кәләкайтқа уақытым жоқ, маған сауда керек, саған дау ма керек?! — деп тоңқ ете түсті.

— Көжек-ай бір пәлеге ұшыраған екем ғой! — деп шешей есікке беттеді. Көпке дейін сатушының қылығы есінен кетпеді.

Қыркүйек, 1979

Ес пен Дос

Әйгілі екі өтірікші Ес пен Дос жолаушылағанда әмәндө бірге жүрмейді екен. Ағасы күншілік жер алға кетеді де, інісі ізін басып отырады.



Сөйтіп, Ес тепектей жортып жайлаудағы Уақтың бір ауылына келіпті. Қотандағы бар итті дүрліктіріп бай үйдің бірінен сөйлес сұрайды.

— Уа, кім бар, алыс жерден келе жатқан мейманмын. Ұлықсат болса қонамын — дейді.

— Ана зарлап тұрған кім, әрі қуып тасташы! — дейді бай ішігіне орана түсіп.

— Ұлықсат жоқ, түспесін дейді — деді малайы.

— Байға айта бар, алыс жолдан келе жатқан жолаушымын, таң қаларлық жаңалығым бар, тыңдамаса арманда қалады — депті

— Апырай, жаңалығы болса түсірші, бір қужақ екен — дейді бай.

— Ес төрге жайғасып алып үнсіз отыр. Кескіні томсарыңқы, күйзелулі еді. Бай үйінің сараң қонақ асын ішіп болғанша тіс жармай үһілей берді.

— Мейманым, бағана айтам деген жаңалығың не түрлі, айтатын болсаң айтсайшы енді — дейді.

— Айтуға, қалай оқталсам да, аузым бармай отыр, мырза. Бүгін құлақ естіп көз көрмеген сұмдық көрдім. Ақырзаман тақау ма екен!

— Апырай, не дейсің?

— Сары далада жортып келе жатқам, күн ашық аспанда бір түйір бұлт жоқ. Бір кезде құрым киіздей қап-қара көлеңке төбемнен жапты да кетті. Шулаған мал, жылап-сықтаған балалар мен әйелдердің дауысы азан-қазан болды. Апырай, не сұмдық деп жан-жағыма қарасам ешкім жоқ. Аспанға көзім түсіп кетіп қалшидым да қалдым. Құдай салмаса-ен, мырза-еке-ай, мұндай да көрім болады екен. Бүкіл бір ауыл бұлттың бер жағында шулап көшіп барады. Жылау-сықтау, малдың азан қаққаны солардікі болып шықты. Тыңдап тұрсам «Елім-айға» басып еңірегенде етектері толған шарасыз көш. Көшті қапталдай шапқан торы жорғалы өзіндей бір мырза:

— Ей, жігіт, аузыңды неге аңырайтып тұрсың, бүгін бізге келсе ертең сенде құтылмайсың, таңырқайтын ештеңе жоқ — дегені.

— Апырай, тақсыр-ай, не күйге ұшырап едіңдер? — деп жылап жіберіппін.

— Аллаға аз жалбарыныппыз, тасаттық, құрмалдық бер-



меппіз, кедей-кепшікке қараспаппыз, қайта қысым көрсетіппіз. Мейманды бетке қағып жарытып қонақасы бермеппіз. Енді соның жазасын тартып ауылымызды о дүниеге жер аударып көшіріп барады дегені ғой. Осыны айтып «Елім-ай, қалдың кейін-ай» деп әлгі мырза көш соңынан шаба жөнелді. Мен байғұс не болғанымды білмей мелшиіп тұрып қалыппын. Аспан көші қоңыр бұлттарға шым батып жоқ болғанша қарап тұрдым - деп, Ес ауыр күрсініп жер шұқи берді. Үй иесі:

— Апырай, рас па, анық көрдің бе?! — деп шошынып сұрады.

— Рас, өтірік айтып не көрінді, өзім де қатты қысылып опық жеп отырмын. Сол мырзаның басындағы менде де бар еді, қайтерімді білмеймін - деп мұңаяды.

Ес ертемен аттанып кетеді. Бай қаттылықты қойып, дәулетінен біраз мал шығарып құдайы етіп, кедейлерге қолқайыр қылуға ойластырды да жолаушының сөзіне сеніңкіремей арқасын кеңге салды. Кешінде сол ауылға Дос келіп қонады. Ауыл өте алаң болып отыр екен.

— Шырағым, осындай бір жаманат естіп отырмыз, не білдің, не көрдің? -деп жапатармағай Достың аузына қарайды. Дос та қатты шошынған рай көрсетіп ойланып қалады.

— Апырай, рас болмасын, кеше Ақсуаттың сары дала-сында аспаннан салбырап түсіп келе жатқан киіз үйдің бір уығын көрдім, көшкен елден түскен уық болар ма екен? — депті. Мұны естіген ауыл пысығы сүріне қабына мырзаға жүгіріпті.

— Рас екен, мырза, рас болды, осылай да, осылай - деп, Достан естігенін екі есе қылып айтады.

Ее пен Дос сапардан қайтып келе жатса әлгі ауылдың байы құрмалдық шалып, жарлы-жақыбайларға қайыр-садақа үлестіріп шығынданып жатыр екен. Екі қу күліп өте шығыпты.

Ес бір ауылға келіп:

— Апырай, бір сұмдық көрдім! — депті

— Не болды?! — деп шошыпты жүрт

— Балықшының қалдырған отынан бір көл дым қалмай күйіп, тақыры қалыпты — дейді.

Жұрт сеніңкіремейді. Сенбесе сенбесін Естің қандай ша-руасы бар. Ертеңінде сол ауылға Дос қонады. Ауыл халқы



Естен естіген «кереметін» айтып, не білдің, не көрдің? — деп қаумалайды.

— Көл күйді дегенді естігем жоқ, бірақ, ұлы сәскеде құйрығы отқа шарпылған бір балықты шағала тістеп бара жатты — дейді Дос беті бүлк етпестен.

Ескерту. Ес пен Дос өмірде болған адамдар. Қантай руынан. Қазір немересі Қайрөш Қожантаев Архангельска селосында тұрады (Жамбыл ауданы). Кішкене Құсайын Қожағұлұлы 60-жылдары кайтыс болды. Әңгімелерін өзінен ауызба-ауыз естідім, жұрттан жинадым.

Кішкене Құсайынның әңгімелері

Тәуін

Құсекең жұдырықтай-ақ кішкене шал, пішіні жаңа жыл кешінде аяз ата болып ойнаған балаға ұқсайтын. Сақалы мен мұрты, қасы мен қабағы жапсырып қойған мақтадай. Дене бітімі доп-домалақ, жүрген жері думан, мың болғыр қария еді. Кеш болса кеңес естуге қаумалап аламыз. Ондайда шал аппақ кірпіктерін ашып-жауып мырс-мырс күледі де:

— Жас кезіндегі қайдағы бір құрыған күндерді еске салып қайтесіндер - деп шырт-шырт түкіреді. Онысы айтсам айтайын дегені, біз қуанып ентелей түсеміз. Әңгіме айтарда қып-қысқа аяқтарын астына басып шарт жүгініп алады. Әр сөзі күлкі, бірақ, өзі езу тартпайды. Уақиғаның желісіне қарай кескінін құбылтып, кейде қаһарлы, кейде монтаны болып оп-оңай өзгере береді.

— Ол кезде бұл күндегідей театр, кино тағы басқа сауық орны жоқ, көді-сөдиді ойын қылып көңіл көтереміз. Жолаушылап шыққанда жігіттердің ермегі мен болам. Бір жолы Атбасардың жәрмеңкесіне кетіп бара жаттық. Оншақты жігіт-піз, жалпақ даланы асып сұлу Сырымбетке төренің ауылына жеттік. Кедей болсақ та әлімізге қарамай бай үйді іздейтін әдетіміз.



— Неде болсақ төренің өз үйіне ат басын тіресек кайтеді. Өзі биыл қайтыс болған, дұға оқимыз, халфеміз ортамызда — деп Боқтығұлдың Шәймердені мені иегімен ымдап көрсетті.

— Түсіре қойса — деп біреу, күдік айтып еді. — Әйда, тарт! — дедім мен. Жігіттер халфеше киіндіріп, Шәймерден күтушім болды. Қақпа алдына тоқтаған соң:

— Әй, шырағым аттан түсіп, ұлықсат сұрап шықшы — деп әмір еттім. Шәймерден жүгіріп кетті де, сәлден соң қайта шықты.

— Ұлықсат жоқ, жағдайымыз келмейді дейді, Халфе!

— Кім айтады, айтқан кім? — деп ақырдым.

— Төренің бәйбішесі айтты — деді Шәймерден қызарақтап.

— Не дейсің, малшы-сауыншылардан сұраған шығарсың. Исі қазаққа мәлім, қақпасынан ат кетпеген кешегі қан иемнің шаһары алдынан қонақ кетті деген не сұмдық. Бәйбішеден сұрадым дегенің өтірік. Ыңғай бір былжырайсың да жүресің — деп Шәймерденнің құлын жақысын тарсылдатып сабап жүрмін. — Әй, Мырзагелді, сен баршы, мына бәтшағардан іс шықпас! — деймін күмпілдеп. Мен Шәймерденді қамшының астына алғанда төренің қатыны қақпадан сығалап тұрған. Мырзагелді барғанда үйіне кіріп отыра қойыпты.

— Ұлықсат, түссін — деді — деп жігіт күлімдеп шықты.

— Бәсе солай болса керек еді, сен-ақ зығырданыма тидің — деп әлі де Шәймерденмен болып жүрмін. Жігіттер жымың-жымың етеді. Мені ортаға алып үйге қаумалай кірді. Бірі киімімді шешіндіріп, енді біреуі тымағымды сілкіп іліп бәйек болулы. Жүзі сынық шұбар бәйбішеге сәлем беріп төрге шарт жүгініп алдым да құлағымға сіңген бұхар мақамымен заулатып құран оқыдым. (Аятты шалалау білетінмін.) Құран оқып болып, хазіреттерше құлашымды кең жайып бата қылып бәйбішеге көңіл айттым.

Даусымды бұза сөйлеп, көздерімді ұзақ сүртіп, қайғырып отырып қалдым.

— Алланың ісіне шара жоқ, жаны жаннаттан табылсын — деймін естірте күбірлеп. Сонан соң үлкен меруерт тасты тасфиқымды сыртылдатып тарта бердім. Жігіттердің біреуі сөйлейін десе екіншісі тоқтау салып мен жаққа ым қағады. — Халфеге бөгет жасама — деп қоғадай жапырлады. Бәйбіше



даяшысын шақырып қонақ асы жайын сыбырлап жатты. -Сейдахмет хазіреттің оң қолы Хұсайын халфе дегенге ес қалған жоқ. Тез арада қымыз, одан соң шәй жетті. Шәйдан соң дағдылы тасфиғымды тартуға кіріскенде көрші бөлмеден аурудың ыңқылы естілді. Тыңдай қалдым. Бәйбіше ұлықсат сұрап сөз алды.

— Айтуға батпай отыр едім, халфе, баламыз сырқаттанып тұрғаны, басым ауырады дейді, бір жақ аяғы сырқырайды, бұлтты күндерде жатып қалады. Қырықтың бірі қыдыр боларсыз, тамырын ұстап көрсеңіз ... дегені ғой. Алла бұйырса, құдай уатағала сабағатын салар — деп құжырандап қалдым. Қыз сылти басып бері шықты да тәжім етті. Тұнжыраған қайқы мұрын арық бойжеткен екен.

— Шәймерден-ай, сонау белбаумды әперші. Әйел жынысының тәніне қол тигізу әлбәтте намахрам боладүр — дедім.

Шәймерден қалбалақтап тұрып қызыл шыт белбауды алдыма тастады. Бір ұшын қызға лақтырдым да:

— Ұста шырағым, мықтап ұста, ішіңнен салауат айтып отырғайсың, — деп көзімді тас жұмып мүлгідім де қойдым. Белбаудың ұшын сығымдап ұзақ тыңдаймын.

— Е-е-е, жарықтық-ай, мұндай да аруақты адам болады екен-ау! — деп танданып бәйбіше отыр. Мен өзімше әуремін. Не дәлел айтсам екен. Сылти басқаны қай аяғы екенін де анықтап алмаппын.

— Бағана жолда түсіп қалған арбаның қай доңғалағы еді? — деп сандырақтап сұрасам Шәймерден түсіне қойды.

— Левый — деді орысшалап.

Мен сөйлей жөнелдім.

— Бәйбіше, қорықпаңыз шипасы бар науқас, кешкілікті қора маңынан салқын жел болып жабысқан екен. Алғашқыда денесі қалтырай беріпті де кейін сол аяғы сыздайтын болыпты. Ыстық өкпемен қағып дем салып жіберсе оқасы болмас, іншалла айығар — дедім.

— Аруағыңнан айналайын халфе, үшкіріп беріңіз қырықтың бірі қыдыр деген — деп қатын сарнап отырып алды.

— Амал жоқ алла ризашылығы үшін үшкіріп берейін. Меңсіз қара ешкі табылар ма екен? — дедім.



— Бар — деді

Ешкіні сойғызып, ыстық өкпесімен қызды қағып, басына шарпысын орап, жатқызып салдым. Қыз түні бойы терлеп ұйықтапты. Сәскеге дейін ұйықтаумен болды. Біз оянуын тоспастан аттанып кеттік. Төренің бәйбішесі дағды бойынша қара ешкінің етін татпастан бізге салды. Терісін де қалдырмады. Жолазыққа молыққан жігіттер жымың-жымың етеді.

Ұлы сәскеде сары далаға шығып алып, ал кеп күл, жігіттер аттан түсіп домалап жатыр. Осынша күлкіні іштеріне қалай сыйғызғанына қайран қалып мен тұрмын.

— Қойыңдар, кеттік! — дедім мен түк болмағандай.

Борақай

— Бозбала кезім, — деді Құсекең қозғалақтап қойып, — астымда тайынан үйреткен торы дөнен бар. Торы дөнен жұқа сүйек қарабайыр еді. Жасынан көкиық болғаннан ба, сылбыр, ынжық. Оңашада шыкпыртып зәресін алып қойғам. Ауыл қарасын көрсе жол жорғасына салып тепектей жөнеледі. Құйрығын түйіп, кекілін тарап әуреленіп жатқаным. Торы дөнен болса біздің үйдің шаңырағына біткен жалғыз дөңгелек тұяқ. Содан ба, мен үшін торы дөненнен жүйрік, торы дөненнен әсем жылқы жоқ сияқты.

Торы дөнен — осылай торы дөнен болып тұрғанда Қарауылдағы апама барып келейінші деген ой келді. Әкешешеме айтып едім, барып кел десті. Ұзын сөздің қысқасы елең-алаңда сипай қамшылап жолға шығайын. Мына Жалпақталдың арғы тұмсығында біреу салпақтап барады. Қуып жеттім. Келсем Салтақ құлаға мінген Саршадағы Борақай деген кісі. Жөн сұраса кеттік. Оның да бет алысы солай қарай екен.

— Балақай, үй жолдас болдың ғой, бәрекелде-е! — деді Борақай кеңкілдеп. Істік қара сақалы, келте қара мұрты мен мол денесі жауға аттанған қас батырға ұқсас еді. Астындағы топырыш құла тілерсегі майысып ауырлап келеді. Танаула-



рынан құшақ-құшақ бу атқылап жиі пыскырынады. Көзіне тер құйылып құлақтары салпаңдап қалыпты.

Қыстың күні болса да май тоңғысыз, маужырап тұр.

— Бореке, қансонар деп осындай күндерді айта ма? — деп сөзге шақырып едім. Үн қатпады. Насыбайын екі бетке түкіріп «Сонар деген де сөз болып па» дегендей жайбарақат келеді. Шамадан тыс үлкен денесімен ерге жантая отырып терең ойға кеткендей. Менде қайтып сөз қатпадым. Салтақ құланың мимырт жүрісімен, Борақайдың іш пыстырған үнсіздігі зеріктіріп шоқытып алам. Борақайдікі сол салпақ, екі тізесі қапталдықты ұрғылайды. Үй жолдас болдың деп қуанғанымен мені жан құрлы көріп келе жатқан ол жоқ.

Дала таусылып Есіл алқасына құлағанымызда күн ұясына төнді. Батыс жақ өртеніп жатқандай қып-қызыл. Батар күннің шапағы жалғыз мұнаралы мешіттің күміс айшығына шағылып жарқырап тұр. Ауылға кірдік, иттер шабаланып ортаға алды. Кешкі аязда мұржалардан түтін тік ұшып жатыр.

— Қайда түсеміз — болды оның тіс жарғаны.

Өзіме билік тиіп тұрғанда:

— Анау үлкен үйге барайық — дедім.

Борақай мұрт астынан мыңқылдап:

— Үлкен үйден де өзіміз құрыпты кедейі дұрыс болар — деді. Жолаушы салтында ауылдың үлкен үйіне түсу бар. Бірақ біз сияқтылар емес жілігі майлы, жақсы-жайсаңдар сөйтеді. Біз солардан кем бе деген бір өзімшілдік пайда болды да торы төбелдің таса жағынан білдіртпей тебініп, шеки аяңдатып, биік мама ағашқа жетіп келдім. Қорбаңдап түсіп жатырмыз. Борақайды алдыма салып бұрылысы көп қаракөлеңке қорамен алыстағы есікке қарай жүрдік. Табалдырықтан сүріне-қабына кірдік.

Кең бөлменің дәл ортасында батып бара жатқан күнге қарап үлкен адам отыр. Сақал-мұрты бурыл тартқан. Борақайдан да ірі кісі жұп-жуан мойнын бері бұрды. Кескіні суық, сәлемімізді асығыс алып:

— Тез намазға тұрыңдар ақшам жамырап барады! — деп бұйырды.

Борақай сасқалақтап:

— Апырай, отағасы-ай дәрегіміз жоқ еді — деді.



— Дәреттерің болмаса тез дәреттене қойындар, бол! — деп дігерлемесі бар ма.

Борақайда береке қалмады. Үлкен денесін қайда қоярға білмей сасқалақтап тұр. Мен пәледен құтылу үшін қасақана:

— Хазірет, үлкен дәретіміз жоқ еді — дедім.

— Екеуіне екі құман су құйып беріндер, тез! — деді асықтырып.

Амалымыз құрыды. Қысқы кеш ызғып тұр. Шомылмақ түгіл қорада қол жуу бір қиямет.

— Қарағым бала, мынау қалай болады? — деп Борақай маған жалына қарады.

— Бетінді, басыңды жу, мұртыңа су ат, құлағыңа су жүгірт — дедім мен.

Борекең аһлап-үһлеп айтқанымды істеді. Су сол қалпы қалды.

— Тоқымадан шүмекті шығарып суды сыртқа төгіп таста — дедім. Өзім де соны істеп, қалтырай тоңып, үйге қарай жүгіре жөнелдім.

— Әй, бала, тоқта, титтей кідірші — деді есікке тақап қалғанымда. -Қарағым бала, мен намаз оқыған кісі емеспін, не деймін, қалай оқимын айтсайшы — деп лапар қолымен иығымды сығып жіберді.

Қапелімде намаз үйрете алам ба, жалғыз-ақ айтқаным:

— Бореке, қам жеме, анау үлкен кісі не істесе соны істе, көз жазып қалма -дедім.

Борекең басын изеп қойды. Риза болған қалпы бар.

— Бәрекелді, тез жайнамазға тұрындар! — деп үлкен кісі орнынан көтерілді. Борақайды арғы бетке жібердім. Ол жақта биік төсек жанында қыздар іс тігіп отырған. Күліп қоям ба деп тасалана бердім. Үлкен кісі екі бетке кезек қарап алды да, бармағын құлақтарының жұмсақ жеріне тигізіп азан айта бастады. Сол-ақ екен Борақай орнынан тұрып, өрекіп:

— Алла Әкпар, ашадан айналайын — деп, азаншымен қабаттасып барқырай жөнелмесі бар ма? Борақайдың даусы азаншыдан басым түсті. Күлкім келіп барады, тістеніп алдым.

Азан айтылып болды. Сәждаға бас қойылып жатыр. Борақай құлақ шекесін жайнамазға тигізіп, бір көзін үлкен



кісіден айырмайды, тұрса тұрады, бүгілсе бүгіледі, еңкейсе-еңкейеді. Намазға ит қорлықты керсетіп жатыр. Өзі де әбден қара тер болды. Қолапайсыз үлкен денесімен иіліп, бүгілу бір қиямет сияқты. Еңкейген сайын тері шалбарының ышқырлығынан жалаңаш белдемесі көрінеді. Борақай жақтағы қыздар жағаларын тістеп бүрісіп қалыпты. Иықтары үнсіз селкілдейді. Менің де құр жаным тұр. Бір кезде намаз ақырына тақалып молла сақалын жыбырлатып тасфиқ тарта бастады. Сырт қараған адамға ұзын тасфиқтың қоңыр тастарын мұқият есептеп отырған сияқты еді. Борақай «енді не істеймін» дегендей еңкейіп маған қарады. Қолдарымның буындарын шұқып, қалай тасфиқ етуді ымдап көрсеттім. Ол жүзі жылып, түсіндім дегендей болды. Сейтті де орнығып отырып алып саусақ буындарын «біреу, екеу, үшеу...» деп зор даусымен гүжілдеп санай бастады. Манадан тығылып отырған қыздар күлкіге булығып шығып кетісті. Езу тартуға хал жоқ. Борақай болса санды жүзге қарай алқындырып барады. Бір кезде имам сақалын сипап екеумізге кезек қарады да:

- Мүскіндерім-ай, барып тұрған надан екенсіңдер — деп ызбарлана тіл қатты. Молданың бұл ғайбатын Борақай мақтау сөз деп ұғып, іс тындырып тастағандай күлімдеп, жұтынып отыр. Қиямет көрінетін намазды да әп сәтте үйреніп алды. Әрі кетсе Хазірет, әйтпесе осы елдің мықты молласы мына дәу адаммен тізе қағыстырып намаз оқу деген әркімнің қолынан келе бермейтін іс. Әй, балақай-ай, жақсы жерге түсіріпсің, жігіт екенсің дегендей жылы ұшырап маған қарайды. Өмірі молдалықпен өткендей шарт жүгініп алыпты. Үй иесі біреуді шақыртып ым қақты, екеумізді жетектей жөнелді. Сол қалпында төл үйден бірақ шықтық. Жартсына қозы-лақ қамалған балшық үйдің бір жағында шөп төселген жер сәкіде екі-үш малайы отыр екен. Үсті-басын кір басқан жалақ қара сырылып орын берді.

— Әлгі Хазіретпен намаз оқыған «Молдалар екенсіңдер ғой — деп, сылқылдап күлмесі бар ма, — Хазірет бұларды намазға жығып сауапқа қалам десе керек, керісінше күнәсін көбейтті ме деймін — деді.

— Әй, жыбырлағым, қойсайшы естіп қалса бұл күніңді көп қылар, — деп кесе сары жер шұқи берді. Көже қатық ішіп қисая кеттік. Таң атпай Борақай жұлқып оятты.



— Немене?

— Кеттік

— Неге?

Жауап қатпады, тері шалбарын қаудырлатып шапшаң киіне бастады. Ауылдан шыққанымызда таң аппақ атқан еді. Хазіреттің құжырасынан:

— Алла әкпәр, алла әкпар... деген азанның даусы күңіреніп қоя берді.

Борақай салтақ құланың ашамайлығында құнысып кетіп барады. Тұмағының құлақ бауын тас қылып байлап алыпты. Көпке дейін үн қатпады. Былай шыққан соң кең даланың ауасымен еркін тыныстап:

— Апырай, құтылдық па, — деп қалып бара жатқан мешітті ауылға кектене көз жіберді. Сөйтті де, тепектеп жорта жөнелді.

Қайтарда тордөненді лекітіп оқ бойы келе жаттым. Хазіреттің ауылына тап анадағы мезгілде, күн батарда жеттік. Ат басын іркіп Борекеңді тосып алдым.

— Ал отағасы, қоналқы уақыт болды, әнеугі үйге барамыз ба, әлде басқа үйге ме, — дей беріп едім, Борақай қарсы шабар сілеусіндей шамданып:

— Әнеугі үйді бас қылып осы ауылды өрт алсын, қотанынан шауып өте шық! — деді.

16.09.1979

«Петнә» Құсайын

— Құсеке, сізге осы «Петнә» деген жанама ат қайдан тағылып жүр? — деп бірде сұрай салдық.

Шал қаркылдап күлді де, ашу-аразсыз:

— Айтайын-айтайын, — деп жайдарылана түсті. — Сонау тақыр қоянда қыс қатты болды. Жаз қуаңшылық жайлап, қылтанақ шөп шықпады. Байлар жылқысын алыс Төкәлаға айдап, сол жақта қыстауға қам-қарекет жасады. Мына Жұмықта Мұса деген бай нағашым барда. Нағашымның тарылып тұрған кезі екен. Қызыл бурыл сақалын салалап ел жағдайын, жер жағдайын сұрастырды.



— Жағдайымыз жаман емес өзек арасынан шырмауық тырнап, көлдің көк өлеңі мен балқұрағын орып алдық. Құдайға шүкір шөптен қысылар емеспіз -деп қасақана серпіп сөйледім. Сол екен нағашымның жүзі жылып:

— Апыр-ай, қыр елі қысылмайды екенсіңдер, — деді қуанып. Алғаш рай бермеген тырысқақ шал жүзі жылып, бәйбішесіне шәй дайындатып, қымыз келтіріп, аяқ астынан бүлінді де қалды.

— Ішіп-же, жиенжан, сен де бір ұрпағымызсың, жиен назары күшті деген, — деп өзеуреп барады. Соның керек маған деймін.

— Шырағым, жиенжан, мына қуаңшылық ақыры жұтқа апарайын деп тұр. Жылқыны Текәләға айдаймыз, қара малды қайда қоярға білмей далмыз, біразын алып қыстатып беруге қалайсың? — деді.

— Қайдан болсын, нағашы, қайдан болсын, — деп жер шүкі бердім. Шал менің көмейімнің бостығын көріп ентелей түсті. -Екі дүниеде ұмытпайын, жиырма тайшамды қыстатып бер, — деп, көздері бозарып, жалына бастады.

— Қайдам...

— Қайдамды қой, жиен болған соң салмағымды көтер, — деп Мұса енді омырауға салды.

— Жиырмаңыз өте көп. Онын берсеңіз — дей беріп едім.

— Жарайды ғой, жарайды, — деп кеңкілдеп күліп жіберді.

Айтқаным айтқан, бұзаулайтын он тайша бер, ағайындарым сауып ішсін, көктем шыққан соң төлін ертіп қайтарамын — дедім.

Осылай келісіп, сәлем-сауқатын алып, ауылға оралдым. Күзде нағашым он тайшаны әкеп қорама қамап кетті. Оларды кедей ағайындарыма үлестіріп бердім.

Айтқандай-ақ қыс қатты болды. Қоңыр күзден үскірік соқты да тұрды. Күртік ағаш басына жетті. Мал қырылып, ел күйзелушілікке ұшырады. Мал соңында жүріп талай адамдар үсікке шалдықты. Өліп қалғандары да бар. Төкәлә жақтан да жайсыз хабарлар келіп жатты. Жылқы жерге тұяқ сала алмай баудай түсіп қырыла бастапты. Байлар жағы сендей соғылысты.

Көктемнің кешіккені сонша қойға күртік ашқан күректің



сабына қонып көкек шақырды. Жұрттың соңғы күш-қуатын сарқып титықтатып барып бір күні қар қозғалды-ау. Қар күрт еріп, көлкіп сала берді. Жер көктеп, жұрттың аузы аққа тие бастады. Бір күні Мұса нағашым да жетті.

— Ал, жиен, малыма келіп қалдым. Жылкым болса қырылды. Төкәлә дегеніміз қу пәле болды, — деп көкірегі қарс айрылды. Мен де қабағымды кіртитіп, үлкен қасірет шеккен адамдай мұнайып отырмын.

— Бізде оңып жатқамыз жоқ. Бірлі-жарым «күнкөргішіміз» ит жемеде қалды. Сіздің тайшаларыңыз да сөйтті. Өңкей ақиық кедейлер өздерінікімен қоса сіздің малды да қырып алды...

— Мен қыруға бергем жоқ, малымды шығынға ұшыратқаннан қайтсем де төлетіп алам, — деп шал бажылдап қоя берді.

— Малыңды ұрып өлтіргем жоқ, құдайдың жіберген жұтынан өлді, — деп бұлтаққа салып едім, көнбеді.

— Ал енді төлетсеңіз, тайшаларды құртқанның бірі - мына Аймырзанікіне барайық — дедім. Нағашым соңымнан ерді. Аймырзаның жер үйінен лыпасыз арық балаларды көрді, киім де, төсеніш те жоқ. Халдері адам шошырлық еді.

— Дәугеріңіз осылар, жанын алмасаңыз малы жоқ. Жұт өзінікі деген жалғыз мөшкені де жұтып қойды, — дедім. Мұсаны ертіп өзге кедейлердің үйіне апардым. Бәрі де бірінен бірі өткен болатын.

— Жоқ, бұған көнбеймін! Болысқа барам, биге барам! — деп Мұса нағашым Сүлеймен болыстікіне ертіп келді. Келген бетте қолымды қақ бөліп көрсетіп «жартсы сенікі» деп ымдадым.

Өккі болыс бірден түсіне кетті. Маған жүзі жылып, Мұсаға рай бермеді. Көріне сөзімді сөйлеп шықты.

— Жұтты тілеп келтірген ешкім жоқ, отағасы. Қазасы жеткен адам да өліп жатыр. Мұндай жылы өлген малды тірілтіп бер деу ақылға сыймайды — дегені ғой.

— Міне, ақиқаты осы емес пе? — деп нағашыма дүрсе қоя бердім.

— Е-е-е, сені кішкене Құсайын дегенше «Петнә Құсайын» деген дұрыс шығар — деп жағасын ұстап нағашым кете барды. Ол кеткен соң Сүлеймен болыс:



— Әлгі берем деген бес тайыншанды әкеп таста, — демесі бар ма?

— Ойбай-ау, Сүлеке-ау, бесеу түгіл біреу де жоқ, тайшалары расында қырылып қалған. Мен сізге әділін айт, ең құрығанда жартысын төлет, әйтпесе мынау нашар ағайындарың сорлайын деп тұр, дегенім — емес пе? Қате түсінген екенсіз ғой — деп жалпақтай бердім.

— Мұса айтса айтқандай сен барып тұрған петнәшінің петнәшісі болдың деп болыс қисая кетті. Не десең ол де. Он тайша ағайынға ас болсын деп мұртымнан күліп теріс айнала бердім. Байлар жағы «Петнә» дегенді ызамен айтса халық сүйгенін, шұнағым дейді — деп Құсекең шырт-шырт түкірді.

Ескерту: “Петнә” - сұм, алдауыш немесе алаяқ деген мағынада.

Қымызшылар

Атбасар түбіндегі елдің байлары базарға апарып қымыз сатып кәсіп қылатын еді — деп Құсекең жаңа бір кеңес бастады. Қымыз саудасын көктемнен күзге дейін созады. Үлкен байлар арнайы ақ үй тігіп, биелерді үйірімен апарып сауса, орташалары жұрт жиналған жерге отыра кетіп торсықтарын изендетіп, көздеріне кара шыбын үймелеп отырғандары. Содан ғой Атбасар аузындағы Қозғандардың үйлеріне барсаң қымызға сараң, сусының бір қанбайды.

Бірде базардан қайтып келе жаттық. Үш-төрт адамбыз, бәрімізде салттымыз. Әр караға бір ұрынып жүрген желбас кезім. Сәске көтеріліп қалды. Ат соғып, шөлдеп келеміз.

— Уай, жігіттер, анау дөңнен құлағандарды көрдіңдер ме? Қамшымды шошайтқан жакка бәрі қарай қалысты.

— Көрдік

— Кім екенін білесіңдер ме?

— Анық айыра алмай тұрмыз, білсең өзің айтшы!

— Айтсам қымыз әкеле жатқан осы маңның байшікеші, базарға кешіккен ғой асығыс көрінеді. Арбасында саба бар піспегі шошаяды.



— Болса текке бере ме, бір тиынды мың тиындай көріп жүрген қарынбайлар емес пе?

— Береді.

— Қалай?

— Шап айылдарыңды мықтап тартып, атқа қоныңдар, мен не істесем соны істендер! — дедім де шандатып шаба жөнелдім. Іркес-тіркес шапқан бетте арбалыға тақап қалдық.

— Ойбай-ау, қырды ғой, қырды ғой, науыт болды ғой, көп жұрт! — деп бажылдап келем.

— Өлтірді түге! — деп жігіттер де шуды көбейтті. Таран-тасты қайыстыра отырған денелі адам шошынып:

— Не болды, кімді өлтірді?! — деп көздері шарасынан шығып барады

— Ойбай-ау, базарлап жүрген жұрт емеспіз бе, бір шеттен жанжал бұрқ ете түсті — деп көкі жөнелдім. -Лаң қымыздан шықты. Қымыз иесі көп сұрайды. Жұрт қымбатсынады. Ұрыс басы «боқ жеме» емес пе бір аккөзжігіт: -бар пәле осы қымызшылардан, қалтамызды қағып бітірді, құртыңдар, сойылдандар бәрін! — деп атқа мініп шыға келді. Сол-ақ екен базар халқы қымызшы біткенді жусатты да салды. Бас жарылған не сән, қол сынған не сән, өліп қалғандар да бар. Қымыз үйлердің шаңырағын ортасына түсірді. Бір үй сау қалған жоқ.

— Апыр-ай, бір үй сау қалған жоқ деймісің? — деп байдың ұрейі ұшып кетті.

— Отағасы-ай, бекер шығып қалған екенсіз, қырғынға тап боласыз-ау, жұрт қымыз көрсе әкесінің қанын көргендей өшігулі! — деп безек қақтым.

— Апыр-ай, мына қымызды қайтем енді?!

— Құртыңыз, өшіккен жұрт бері беттеп қалды. Қолға түсіп жүрмеңіз жүндей түтеді, құдай сақтасын беттері қатты, — деп едім, байдың мысық мұрты жыбырлап, қолдары қалтырап кетті.

— Енді қайттім?

— Сабаңызды ақтарып тастап тез қашыңыз — дедім асықтырып. Бай сабасын төгуге ыңғайланып еді:

— Отағасы, жерге қиған асыңыз ғой бізге аздап жұтқызсаңыз қайтеді -деді жігіттердің бірі күңкілдеп.



— Ішіндер, қайтейін арамға шыққан бір ас қой — деп аяқтарды алып жағалата бастады. Алғаш асығыс ішіп едік, ықылық тиіп берекеміз кеткен соң жайлана сімірдік. Байдың ботқа беті қыбырлап біз келген жаққа қарайды.

— Жігіттер, тездете көріңдер, мен кетейін осы арадан — деп селкілдеп тұр.

— Сабаңыз бос болған соң сізге не қылар дейсің — деп жұбатамыз.

Бай қымыздың қалдығын төгуге қимай арбасын салдырлата жөнелді.

— Сау бол, саудагерлерге сәлем айт, қымыз көптің асы сауданы қойсын! -дедім дауыстап.

Қызып алған жігіттердің күлкіден езуі жыйылар емес. Қымызға сонда бір өлердей қанып едік — деді Құсекең.

«Хұсайын халфе»

— Жолаушылап келе жатып бір қаралы ауылға тап болдық — деді Құсекең. -Толған адам, байлаулы аттар. Бізде аттарымыздан түсіп төрдегі сегіз қанат үйге беттедік. Босағада шұжықтай ала құнан байлаулы тұр. Құнанның шылбыры ішке тартылған. Өлікке жаназа оқуға қамданып жатқанға ұқсайды.

Түр-тұлғамды халфелерге ұқсатып алғам. Үстімде ұзын сарт шапан, басымда ақ сәлде, сақалды дөңгелете қырқып, аса таяғымды сілтей тастап «Аллалап» кіріп келем. Өлікті көлденең тастап сапқа тұрып қалыпты.

— Халфеге жол беріндер! — деп біздің жігіттердің бірі көтере дауыстап жіберді.

Өліктің бүйіріне тақалып тұрған осы елдің жемқор молласы «халфе» деген соң тездетіп жаназаға кірісіп кетті. Онысы ала құнанды бұған бұйыртпау еді. Жаназа басталғаннан-ақ имамның шалалығын аңғара қойдым да намаздың ниетіне кіріскенде:

— Әстағыпыралла! — деп айғайлап жібердім. Күнәңіз халден асып кетті, молла, мұсылман баласына жаназаны бұлай оқымайды, мына бейшара мәйітке әбден обал қылдың!



— дедім кимелеп. Жұрт ақтарылып қалды. Молданы жайнамаздан қағып тастап бұқар мақамына ұқсатып, бұралақтатып өзім оқи жөнелдім. Қайтадан ниет айтып, кәдімгі имамдарша құлақ қағып:

— Жамағат, мәйіт жақсы кісі ме? — деймін. — Жақсы — деген болысып жатыр.

— Апыр-ай, қазірет-ай, қайдан тап болып едіңіз. Қырықтың бірі қыдыр деген, енші алла иманды болар — деп өлген байдың баласы жалтақтайды.

— Алла сабағатын салар, әлбәтте — деймін құжырандап. Осы арада жолдас жігіттер Сейдахмет Хазіреттің оқ қолы Хұсайын халфе деп жеткізіп қойыпты. Ала құнанды әкеп алдыма тартты. Шапан-шақпыты тағы бар.

— Асығыс едік, жаны жәннәттан табылсын! — деп аттанып жүре бердік - деді Құсекең.

19.09.1979

Шырылдауықтың тұқымы

— Көбештің базары қызған күн еді деп тағы бір әңгіменің шетін шығарды Құсекең.

Күн суық. Мұндайда қасап-үйлердің төңірегі аттарға, іші адамға толы болады. Базаршыл халықтың жүрек жалғайтын жері. Семіз жылқыны сойып, бұтарлап тай қазандарға асады да ауылдағыша мүшелі табақтар жасап базаршыларға сатады. Қасапшылардың жалақтап жүретін кезі. Қасап-үй ұстайтын да әлділер жағы. Төрт-бес жігіт шеткісіне бас сұқсақ ет пісіп сатылып жатыр екен. Дөңгеленіп отыра қалдық.

— Бізге бір табақ жасаңыз — деп Кәртайдың Шәймердені ақшаны суырып тастады. Дәу табақты ортаға алып, қаужаңдап жатырмыз. Бір зор адам сәлем беріп кіріп келді. Даусы гүрілдеп шығады. Қолындағы қоңыр бүркітін босағаға байлап, төрге келіп тізе бүкті. Отырғандағысы тап менің түреген тұрған бойымдай.

— Бір табақ ет жасаңыз! — деді қасапшыға.

Қазы-қарта, жал-жая бар дәу табақты алдына қойып, ірілеу кесіп бірер қабытты да асықпай турап, ұсақтап болып бір



шара аяқ сорпа алдырды. Етті қос қолдап көсіп екі-үш асағанда табақ ортайып-ақ қалды. Шәулі бүркіттің асағанындай кең алқымынан сылқ ете түседі екен. Біздің төртеу-бесеуміз тауыса алмаған табағымызды бір өзі сипап салып, сорпа ішті.

— Мені Қарауыл Сәдір балуан дейді, бүркітшімін. Сонау отырған қызыл балақтың өзін ғана жиырма жыл салам деді.

— Бүркітші болсаңыз қыранның тегі мен бабын жетік білетін шығарсыз, қандай тұқымдары бар? — деп тақымдай түстім.

— Толып жатыр ғой... — деді балуан тісін шұқып отырып.

Орал тауындағы ұядан ұшқан бүркітті «Оралдың ақиығы» дейді. Ал қарағайға салған ұядан ұшқан бүркіттердің түсі көбінесе қызғылт сары болады. Оларды «Қарағайдың қызыл сарысы» дейді. «Қобданың қарасы» дейтін қыран да, сексеуілдің «Қанішер қарасы» деген тұқымдары да бар. Бабын тапсаң аң алмайтын қыран болмайды. Бабы келмесе самғап ұшпай кеуек аңдитындары да кездеседі. Қыранның алғыры «Оралдың Ақ иығы» қасқырды да оп-оңай бүктеп тастайды. Ал «Қарағайдың қызыл балағы» мен «Қобданның қарасы» деген бүркіттердің мінезі сыпайы болса, құмдағы сексеуілде ұя салған «Қанішер қараның» тұқымы ызақор келеді.

— Бүркітіңіз қайсысына жатады?

— «Қарағайдың қызыл балағы» дейді мұны — деді бүркітші құсына риза көзбен қарап. Адам мен адамның арасы жер мен көктей, құс пен құстың арасы жер мен көктей, ит пен иттің арасы жер мен көктей деген екен. Бүркіттің бәрі қыран бола бермейді. Тышқаннан басқа ауқаты жоқ тексіздері де кездеседі.

Оралдың ақ иығы суық аспанның қиырында самғап жердегі аңға сорғалап түседі де сығып тастап басып отырады. Қызылға ұмтылмайды, өте паң, төре тамақ.

Ал қызыл балақ қоңыр аңға талғамай түсетін өлермен құс. «Еділдің ақ құйрық сарысы» деген бүркіт жан кинамай қоянның кебегін аңдып ұстайды, биіктеп ұшпайды. Ал «Қанішер қара — шырылдауықтың тұқымы» дейді. Көңілі келмесе иесіне де тырнақ салып жіберетін әдеті бар. Біз түз тағысының биік аспанда қанат қағысынан айырамыз — деді. Саятшы істік қара сақалын сипап дәм қайырып.



— Олай болса — дедім мен қалжыңға бұрып. — Мынау Еламан молланың баласы Мұхамедия мырза бүркіт болса қандай болар еді? — дедім.

Бүркітші шарт жүгініп алды. Қалың қабағының астынан тасырайған сары көздерімен Мұхамедияны бір шолып өтіп, менің әзіліме шын жауап берді.

— Бүркіт болса шырқап ұшпайтын, онай олжа іздеп, кеуек андитын кәдімгі Еділдің ақ құйрық сарысы болар еді — деді.

Жігіттер күліп жатыр.

— Ал мынау Ұлтарактың Жәнібайы ше, өзі әнші, домбырашы сері жігіт деп едім. Бүркітші шақшасын қағып насыбай атты да:

— Бұл да шырқап ұша алмайды екен, шүйілген аңын бірде іліп, бірде маңып кететін бабы қиын құс болар еді — деді.

— Ал мына Кәртайдың Шәймердені ше? — дедім мен бастырмалатып. Бүркітші Шәймерденге құмарлана қарап біраз бөгелді де көздері ұшқын шаша күлімдеп:

— Пәлі, шіркін, қолға түспес Оралдың ақиығы осы — деп жалбыр мұртын ширата берді. Шәймерденнің білікті ел адамы, сөзге шешен, елге қадірлі жігіт екенін бүркітшінің тап басқанына жұрт риза болып күлісіп жатыр.

— Ал бүркіт болсам мен қандай болар едім? — дедім

Бүркітші көп ойланбастан шырт түкірді де:

— Шарылдауықтың тұқымы екенсің, иесі барғанша алған аңының өкпесін суырып жеп қоятынның өзісің! — деді. Күлкіден Қасап — үйдің түндігі желпілдеді. — Ой, көп жасағыр-ай, кәрә қылдың-ау! — десіп жатыр. Құсекең осылай деп өзі де күлді.

27.09.1979

Әтке (ықпал)

Үлкен де, кіші де оны өз атымен атамай Әтке дейтін. Дөң мұрын арық шалды турашылдығы үшін жақсы көретінбіз.

Қария бүркеніп жатыр екен.



- Жай ма?
- Жай, дем алып... — деді бәйбішесі.
- Тұмауратып қалмаса болды, — деймін мен.
- Шал ояу екен, көкшулан түк жағын қасып:
- Сен не дедің әлгінде? — деп сұрады.
- Тұмауратып қалды ма деп қорқып едім — дедім.
- Қария ұзың сақалын сипалап мырс етті.
- Тұмау да ауру ма сол?
- Енді қалай, әсіресе қарт адамдарға ауыр, — деп дәрігерлерден естігенімді айта бастадым.
- Қоя ғой, айналайын, сендерден бұрын маған келмейді. Токсанға аяқ салып тұрмын. Ауырған пәнде емеспін. Жап-жас адамдар тістерінен айрылып сүйек шайнаған сиырдай мылжандайды. Тісім мынау мәржандай, түсім мынау азаматтай, сонда мені мәңгінің суын ішті дейсіңдер ме? Жоқ. Мен өмір бойы тісіме кір шалдырған пәнде емеспін, арақ пен темекі дегенге қол созғам жоқ.
- Сонда бар пәле арақ пен темекіде ме?
- Енді неден, айта ғой, кәне! — деп Әтке өршелене түсті. Шүңірек көздері ұшқын шашып, күйзеле ашуланып
- Осының барлығына сен кінәлісің, сен! - деді
- Мен анық саскалақтайын дедім
- Сен-сен! — деді Әтке тұқыртып алайын дегендей бастырмалатып — Сен болмасаң сенің замандастарың. Кеше Абай не деді, «адамның жаман болмағы замандастарынан» демеді ме? Сен неге ықпал етпейсің. Жас кезімізде үлкендер тіл алмаған жасөспірімге дүре соқтыратын.
- Мен күліп жібердім.
- Сен күлме, неге күлесің, қызық ештеңе жоқ мұнда.
- Сонда ұр дейсіз бе, Әтке-ау?
- Ұрмасаң да ұрғандай ететін жұрттың талқысы бар. Көптің ортасына шығарып сілкілеп көрші, санасы болса дүреден кем соғар ма екен. Арақтан азып-тозып кеткендерді көріп жүрміз. Арақ ана сүтімен дарып па оған? Жаман дағдыдан сөйтті ғой. Сақтандыруға болмайтын ба еді?
- Болатын шығар...
- Жо-жоқ, әбден болады, бәріне ықпал ету керек. Жакында бір үйде лас шылапшынды әкеп су құя бастады. Бұрыл мұртты, қара мұрттылар шіреніп отырып қолдарына су құйғызды. Маған тақалғанда су құюшы жігітке:



— Тарт былай, мүгедек емеспін, дастархан жаятын жерге ләген сүйреткен қайткенің деп ақырып қалдым. Отырғандар ұялды. Ұялғаның керек деймін ішімнен. Кейін бұл әдет қысқара бастады. Көрдің бе қалай ықпал ету керектігін.

— Сонда маған не істе дейсіз, Әтке-ау.

— Не істеу керектігін менен сұра, клубқа ауылды жинап не жақсы, не жаман екенін білмейтіндерге түсіндір, бәріміз де болайық, айтайық. Әр бұрышта күңкілдескенше ашық сөйлесейік — деді.

Өткенің қою шайын ішіп, көп кеңесіп үйге беттеп келем. Тынысым кеңіп жігерлене түскендеймін.

30.09.1979

Кәжекең

Кәжен қарт төр алдында, бұрынғы орнында жатыр екен. Ақ селеудей сакалы ұйпалақтанып танауы қусырыла түсіпті. Көздері бір нүктеден тапжылмайды. Өзі баққан көп жылқыға осылай қарап:

— Жылқы жарықтықтың несін айтасың малдың төресі ғой — дейтін.

Қарт сондай бір кездерін есіне түсіріп жатса керек, күлімсірегендей болды.

— Келдің бе? — деді естілер — естілмес сіңірлі қолын маған созып. - Тамырымды ұсташы әлсіреп тұрмын.

Шыт-шыт болып жырылып кеткен ерніне әжей су тамызып еді қозғап тамсанды да:

— Қалай екен? — деді.

Салқын тарта бастаған сүйекті қолдың тамырын ұстап отырмын. Бұрын тамырлары әжептәуір бүлкілдеп соғып тұратын. Бүгін болмашы ғана қыбыр-қыбыр етеді. Күнде мен:

— Ештеңе етпейді, әлі-ақ оңалып кетесің — десем қарт сергіп қалатын. Қысылған сайын менен сол бір жылы сөзді естуге асығады екен.

Адам деген қызық қой болмашыға жабырқап, болмашыға



жадырайды Кәжекең жақсы сөзімді естуге зарығып жатыр. Тамыры баяулап, жүрек соғуы сиреп барады. Көздері өткір, жүзі суық. Қартты алдау лайықсыз, әйтсе де:

— Кәжеке, тамырыңыз сөйлеп тұр, ештеңе етпейді әлі он жыл жасайсыз деймін. Қария күлімсіреді. Жүзіне жылылық келді, соңғы күшін сарқып:

— Шіркін-ай, тағы бір бес жылды қосуға аяп тұрмысың — деді. Соны айтты да бетін терезеге бұрып туған даласына құмарлана қарады.

30.09.1979

Қожанасырдың ұрпақтары

Ұзын бойлы арық қара шал тап-тақыр иегін сүйкеп қойып, дөкей сарының жылтыр кескініне қарап:

— Әй, Сүгірбай-ай, күніңнен бұрын қартайып саған не көрінді. Кеше ғана балақты түріп жіберіп асық атқан балалар емес пе едік, ту-у, шіркін-ай, сені де бір қатынның байы дейді-ау! — деп қарқылдап тұрып күлді. Оған налып жатқан Сүкең жоқ, кетік тістерінің арасынан жұп-жұқа қызыл тілі жылтың етіп:

— Әй, өзің қыл бабында тұрғандай... — деп иықтарын селкілдетті.

Қара шалдың аты Шауыпкел, екеуі бірге туып бірге өскен, іргелері ажырамай бірге жасасып келе жатқандықтан мұның атын жұрт Сүгірбайға ұқсас Жүгірбай қойып алған.

— Шауыпкелі не, Жүгірбайы не, тәйір бір сөз ғой — дейді Шәкең. «Жүгірбай» десе «Әу» деп масаттанып қалады.

Жүгірбай тыриған арық, сақалсыз, сіп-сирек ақ мұрты бар. Ал Сүгірбай денелі, жуантық шикі сары, мұрт бітімі оныкі де тапшы, ақ-сары, тікірейген. Онысын оқтаудай саусақтарымен мәпелей береді. Көзі көкшіл емес ақ-боз десе де жарайды. Үнемі күлімсіреп сөйлегендіктен жалпақ бетіне келістіріп қондыра салған домалақ мұрны «мен мұңдалап» тұрғандай. Тіс кетігінен тілін жылтың еткізгені Сүкеңнің жарыла



күлгені. Ал Жүгірбай аузын ашып анықтап тыңдап алып, ұзын кеңірдегін ашып дарылдай жөнеледі. Ондайда қап-қараңғы аузының түпкірінен тістің жетім тұқылы ағарандайды.

Екеуінің түр-түсі жер мен көктей болса да біз бір-бірімізге егіз қозыдай ұқсаймыз дегенді ұнатады. — Иә, Сүкең мен Жүкең судың екі тамшысындай ғой — десіп шашбауын көтеріседі қулар.

— Еш шәй деспей қатар жасап келе жатқан біздей кім бар? Малда бір, бала да бір, керек десе қатын да бір — деп Жүгірбай бір серпіп өтті.

— Рас-рас — деп Сүгірбай шұлғиды.

Сөз арасында Жүкең жердің құрғап бара жатқанына, жауынның тамбай тұрғанына налып еді, Жүкең жұлып алғандай:

— Жауады, осы түні селдетіп тастайды — деді.

Жүкең кеңірдегіндегі қойдың тобығындай бұдырмағын адыраң еткізіп:

— Брогност ештеңе деген жоқ қой — деп еді Сүкең өршеленіп кетті.

— Сонау Мәскеу мен Алматыда отырып осы жердің жағдайын менен артық біле ме? Жаңбыр жауады, көр де тұр — деді.

— Аузыңа май, жер қайта көктеп, жасарып кетсінші бір, ту-у. құдай ондаған екен, үгірет те бір суланып қалсыншы. Осы үйде үгіретке су шашатын кісі жоқ, бірімізді-біріміз жұмсаймыз — деді Жүгірбай жаңбыр құйып тұрғандай масайрап.

— Қатыны қарнын көтере алмайтын жуан, өзі болса қаңбақтай қағылез, осыларға обал-ау, — деп аяушылық білдірді.

Сонан соң көпке дейін ұйықтай алмады. Терезеге қарап еді толған ай алыс аспанда ақырын жылжып барады. Бір түйір бұлт болсайшы, апырай, мына құдайдың да кісілігі жоқ екен ғой, жауады деген соң жауғыза салсайшы, қолынан келіп тұрған іске осынша қасарып, ә. Жүгірбаймен жүз шайқасып қалғанын есіне алып: — Жоқ, өтірікші болу жараспайды-ау — деп қатынына білдірмей киіне бастады.

Ауыл ұйқыда, үйлер қап-қара болып түнеріп тұр,



корқынышты-ақ. Мұндайда жалғыз жүрген адамды шайтан андиды деуші еді, аллам бетін аулақ қылсын. Түнде далаға арық қатыны Қапиды алдына сала шығатын Сүкең қорықса да намысқа жеңгізді. Жүгірбайдың терезесіне қарап:

— Ұйықтап жатқаны-ай батырдың! -деп оның ауласына білдірмей кірді де суды, шүмегін ашып шлангамен қаусап тұрған үгіретті селдетті. Сонан соң есіктен бастап бүкіл аулаға бүрке берді, бүрке берді. Аула әбден саздап болған соң, бақшалығын түгел суарып таңға жақын жаурап жатып қалды. Қанша ұйықтағанын білмейді Жүкеңнің дарылдақ даусынан оянып кетті.

— Апырау, Сүке-ау, құдай да емессің, құдайдан бұлай да емессің ғой! Жауын көп жауыпты, жақсы ырымға мына біреуді әкеп едім — деп ақ бас шампанды қойынынан суырып алды.

Сүкең жұтынып:

— Екі сөйлеу ердің ісі емес — қолдан келіп тұрғанда...— деп тілін жылтың еткізді.

— Жауын осылай жаумай үгірет жарушы ма еді — деп қызарған көздерімен Жүкең шардай домалақ сары кемпіріне қарады. Ажары тая қоймаған кейуана күлді де:

— Сүкең екеуің кеше күн ұзақ текке бас шұлғыстыңдар ғой суара салсандар етті — деді.

— Жо-жоқ, текке емес шаруа жайын сөз қылдық, біздікі ел камы, — деп Жүгірбай селдір мұртын ширатты. Әлгі Қапиды шақырыңдаршы, бұйырған дәм ғой -деді.

Шалдар шампанды бөліп ішіп алып желпініп отыр. Қапидың арық бетін тер жуып, шәйді тарта түседі. Ал Жәпидің ақсары толық кескіні қып-қызыл болып албырап кеткен.

Осы арада Жүгірбай бір ақылды ұсыныс айтты:

— Сүке, сен жуан сарысың, қатының мынау Қапи қатқан кара, мен тыриған арықпын, қатыным мына Жәпи денелі, сенің егізің сияқты. Қарап отырсам құдайекен осы арада аздап жаңылыңқырап кеткен екен. Соның қателігін түзеп жіберсек қайтеді. Қатындарымызды өзімізге лайық етіп айыр-бастап алсақ — деді.

Сүгірбай ойланайын деді, аздан соң тілін жылтың еткізіп:



— Бұл айырбасқа қолды ұрып-ақ жіберер едім-ау, саған обиды болады ғой, сенікі менікіндей екі бар, бесасы да артық — деді.

— Ой, тәйір-ай, сен қатын күте білмейсің, менің қолыма тисе Қапиың да күпідей болады — деді Жүгірбай.

Екі шал мал саудаласқандай қол соғысып, бірін-бірі қажап, таусылып жатқанда кемпірлер шәйға қанып кекіріп отыр еді.

— Әй, қатын, Қапи деймін, мына Жүкеңмен айырбасқа... — деп айқайлап еді, кемпірлер бетін жыртып кете барды.

— Осылай сөз тыңдамағаны келіспейді-ақ — деп Жүкең налып қалды. Сонан соң оңашада екеуі кеңесті зауқытсын келіп.

— Баяғыда, — деп бастады сөзді Жүкең — Иә, баяғы болып барады ғой анық солай, екеуміз шопан болып жарысып тұрғанда мен үнемі сенен оза бердім ғой. Бастықтар: Жүкең еңбектің ері, шопандардың серісі деп арқаға қағатын еді. Бір жылы төл кем болып қалды. Әрі санаймын, бері санаймын планға бес қозы жетпейді. Бес қозы түгіл бір қозың кем болса шаруаңның біткені, Сүгірбай озды да кетті дей бер. Қиналатын мен бе, өзіміздің жеке меншік қойлардың қозыларын қостым да жібердім. Қозы айыруда Жүкең тағы озды.

Мақтауды алғаныммен қатынның қысымы барын ойламаппын.

— Жеті қозы қайда? — деп Жәпи мәселені қырынан қойды. Көзі көкшііп, кескіні шаңытып кететіні қандай. Сасқанымнан:

— Қасқыр жеп қойған, пұшпағы да бұйырмады, — дедім.

— Жә, өзінді жеп кетпесе болды, — деді Жәпи кекетіп.

Осы арада Жүкең қарт қораздай мойынын созып жіберіп дарылдап келіп күлді.

Қабағы кіртііп отырған Сүкең:

— Әй сен мені осылай соқтым десейші, әй қу-ай, сен бе сен... деп тілін жылтың еткізді.



Әзәілдің жолы

Жалпақ сары жолдың үстінде жап-жаңа «Жигули» қозғалмай тұр. Кәдімгі ақ белбеу қызыл «Жигули». Өткен жылы ғана сатып алып дүрілдетіп той жасаған Нүрекеңнің жүйрігі.

— Апырай, бұған не болды? Жүйткітіп-ақ тұр еді ғой! — деп кілтті әрі-бері қозғап көріп амалы құрып, қақпақты ашты. Қақпақты ашқанымен несіне түсініп жатыр. Тақыр иегін ернеуге сүйеп, көздері болдырған жылқының көздеріндей болып телміріп біраз тұрды.

— Әй, шал, шопырлық сенің не теңің, — деп кемпірі егелей бастады.

— Алпысқа келгенде жүйрікті ерттеп мінген осы мен осалмын ба, — деп серпіп жіберетіні болушы еді, Күпірлік-ау, деп таңдайын тақ еткізді. Сөйтіп тұрғанда бүкіл даланы басына көтеріп азнап ақтұмсық «Камаз» келе жетты. Шал қалбалақтап алдынан шықты.

— Қарағым, аяқ астынан машинам от алмай, тіпті түк жазығым жоқ, бар болғаны дәрет сындырдым да, кемпіріммен бірер ауыз сөз қағыстырып қайта отырғам, бық-бық, шық-шық етіп сілесі қатты да қалды, — деді. Құлын кекіл бала жігіт доңғалақты бір теуіп:

— Аккумуляторы отырған, — деді

— Қалай отырған, қайтіп?

— Кім білсін...

— Апырай, ә, енді қайттім?

— Сүйреп жіберейін аккумуляторшыға барып көрсетіңіз.

— Сүйтші, шырағым, сүйреші, кемпір де көзімді шұқып, қалжаға кешігем деп... - деді шал.

Қызыл «Жигули» алғашқы тартқанда сыр етіп от алып кетті. Құлын кекілді бала жігітке рахметті жаудырып Нүрекең ұша жөнелді. Сол бетімен мазасыз кемпірді қалжа болатын үйге жеткізіп тастап, аккумуляторшыға келсін. Иісі әлем-жәлем сопақтау кең бөлмеде қауқиып біреу отыр. Бес биенің сабасындай жынтоқты ірі еркек қалың көзілдірігінің арғы жағынан атан түйедей бадырая қарайды. Жап-жалпақ бетінде сәбіздей қып-қызыл мұрны бар. Иегіне қаулап өскен ақтұқыл



сакалы мойнының қырыс-қалтарыстарына түгел жайылып қаулап кетіпті.

— Қарағым, ісім түсіп келіп қалып, бек зәру болып... — деді шал. Анау сол бадырайған қалпы. -Жолда бір бала сүйреп жіберіп, содан әйтеуір кемпірді қалжаға кешіктірмей жеткізіп, Ух, деп өзіме өзім келіп...

Көзілдірікті әрең қозғалып қалтасына қол апарды. Шақшасын иіскелеп біраз отырды. Содан насыбайды алақанына салып қап-қара мұжық саусақтарымен уқалап ерніне қыстырды. Шалдың арық бетіндегі мың торап әжіммен ыстық тер жылжып ағып тұр.

— Қарағым, бірдеңе десейші, бір жақсылығың бола ма?

— Отағасы, бұл совхоздың шеберханасы, жеке адамдардың ісін қылмаймыз, техстанцияға апар «Жигулиді» сонда жөндейді, — дейді.

— Қарағым, сенің атың Жырым ғой, әкенді де білуші едім, бір жақсылық істе, машина от алмаса осында қонуым керек пе?

Осылай дегенде шалдың көзінен жас та шығып кетті.

— Көрейін, — деді анау ауыр бөксесін қозғап.

— Көр, қарағым, ақынды жемейін, әкенді білуші едім - деді Нүрекең.

Жырым сиырдың тұяғына ұқсас арнайы аспаппен аккумуляторды тұрткілеп көріп, ауыр күрсініп, үлкен басын шайқады.

— Апырау, не болыпты, әйтеуір аманшылық па өзі? — деді шал көздері күл сепкендей бозарып. Жырым насыбайын түкіріп үн қатпады, кескіні ашулы. Нұрым үміті үзілген бейшара қалыпта Жырымның шикандай бетіне жаутаңдайды.

— Кұрғап қалыпты, — деді анау көптен соң.

— Кұрғаса не құйылады оған?

Осы арада Жырымның өлі кескінінен жан кіріп күлген болды. Қап-қараңғы аузында кәрі жылқының азуындай біресары тістері қалыпты.

— Апырай, осының шілдеханасында болып едім-ау, енді мұнша қаусап қартайған, ә? Арақ мүжіп бітірген-ау пақырды — деп ойлап үлгерді шал.

— Арақ керек, «Жигулиге» арақ құйылады — деді Жы-



рым даусын көтеріп.

— Қазір, — деп шал дүкенге жүгірді. Осы арада Жырымның рюмкелесі Қыйқым пайда бола кетті де екеуі оңашаланып жартылықты қақ бөліп қарынға жөнелтіп жіберді.

— Қожанасыр шалды құдай айдап әкелген шығар, әзәзілдің жолы болады деген осы, — деді Жырым күліп. - Бұйырса тағы бір-екі келетін қылам, көрде тұр. Арақ ішетін өңешің болсын.

— Бұлар — шопандар ақшалы ғой, — деп изендеді Қиқым. Ала бер ретін тауып.

— Алмағанда, — деп алайды Жырым. — Жеке меншік түгіл совхоздың өз шопырларынан да қағып түсем. Осылай етіп әбден талдырып алсаң қажыған соң арақты өздері әкеледі. Әй, шырағым-ай, ептілік керек, ептіле-ек...

Сай-сай болып терлеген, әбден зықысы шыққан Нұракеңді Жырым жерден алып, жерге салды.

— Мәшинәнің мәнін білмеген соң жоламау керек. Қартайған екенсің үйіңде жат. Көрмей көзің шығып кетті ме? Аккумулятор құрғап қалыпты. Совхоз техникасы болса штрафты өкіртіп-ақ салатын шалсың — деді.

Аккумуляторға су құйып, аз-мұз тоққа тигізіп қойып қолына берді.

— Жүрмей қалса өзіме кел, — деген болды қамқорсып.

— Келейін қарағым, келейін, бала-шағаның игілігін көр, кеше әкеңмен жолдас болып едім — деп, машинасын сыр еткізіп кете барды. Жолда шал кемпіріне шекесінен қарап:

— Қалай, Нұракең машина тілін білмей ме екен, ә? Әй, кемпір-ай, айтасың-ау, бұл таза еркектің ісі ғой, сен түсінбейтін іс деді. Ертеңінде машина тағы от алмай қалды.

— Не болды?

— Тағы сол — әкмәләтр...

17.08.1985



Зауал

Кескіні арса-арса болып анық қартая бастаған кішкене сары кісі темір бөлшектер шашылып жатқан кең столда іс қылып тұр. Бұрғылайды, егейді, кеседі. Осы шеберханада менің қолым тимейтіні кемде кем шығар, — дейді ол сөйлесе кетсең. Бірақ, тап қазір, осы бүгін іс өнбей қойды. Басы ауырады, балтыры сыздайды дегендей көңілінің қошы болыңқырамай есік жаққа жалтақтай берді. Қалың ернін жалағыштайды. Таңдайы құрғап, тағаты кетіп, кескіні қалмаған. Қолында бір темірі бар құдасы — қызының қайын атасы Сыйқымбай келді. Қалың қара мұрты аузын мықтап жауып тастаған жоталы жігіт екен.

— Жәпеке, машинамың осы біреусін жөндеу керек болып... — деп алдына тастай салды. Бұлтаруға халі бар ма дереу іске кіріссін. Егелеп, бұрғылап тұрып қалай емеуірін таныту керектігін ойластырды. Мұндайда сырмінез кісіге шынашағынды шошайта қойсаң жетіп жатады. Ал құдаға не дерсің, әлі қылауы түспеген жаңа құда. Қабағын қатты түйіп, қозғалған сайын ыңқылдап, кіржіндеп, белдігі босаңқы кішкене мұрнын шүйіріп, кезерген ернін бүрістіріп берекесі кетіп-ақ тұр.

— Құда, сіз сырқаттысыз ғой — деп Сыйқымбай тіксіне қарады. Жапай көзі жасаурап:

— Басы түскір қақсап, жүрегім лоблып... — деді.

Құдасы қалтасына қолын сүнгітіп жіберіп:

— Мінекейіңіз аспирин, бастың ауырғанын жұлып алады — деді.

— Жо-жоқ басқа дәрі...

— Апырау, ол қандай дәрі? Дәрігерге айту керек шығар, әлде ауруханаға алып барайын ба?

— Жо-жоқ, атама аурухана дегенді!...

— Енді қандай?

Жапабай темірді егеп, кесіп ойдағыдай қылып қолына ұстатты да:

— Болдым, мінекейіңіз - деді.

Рахметті жаудырып құдасы кете барсын. Терісіне сыймай Жапабай тұр.

— Қапсағай адам ақымақ деген рас-ау, түкке түсінбеуін



карашы — деді Сол ашумен залдың сонау шетінде жұмыс істеп жатқан токарь баланы шақырып алды.

— Аманбысың, дені қарның сау ма?

— Шүкір.

— Жұтатын бірдеңең бар ма? Басы құрғыр жарылды ғой.

— Аға, бұл жерге ішімдік қайдан келеді, — деді ұзын шаш бала мұртын сипап.

Жапабайдың қушық беті бір жағына қарай ауыңқырап кеткендей екен.

— Ішпей-жемей күніңнен бұрын өлмекпісің, осылардың қырсығы жұртқа тиеді. Анау келсе де, мынау келсе де текке істеп береді. Бір қызыл әкел десең шаңырағы шайқала ма? Әлгінде құдам істетіп алды да кетті. Дүлей адам сияқты түйсігі жоқ. Бізге жеке адамның ісін қылма деп отыр ма, отыр.

— Аға-ау, болмашыға ақы сұрау ұят, өзіміздің ауыл ғой, адам күні адаммен, қалай бәлсінем — деді токарь бала.

— Анау да болмашы, мынау да болмашы, сонда маңыздысы не?

— Адамның ұяты шығар...

— Атаңның қатқан басы, ол ішіп-жеу, мына тұтамдай өмірде шайқап қалу...

— Шайқайтын жер осы ара емес қой, аға-ау!

— Ой, атаңның ғана аузын ұрайын, бұзау өгізге ақыл үйреткеннің кері...

Бала жігіт қолды бір сілтеп кете бастап еді, Жәпекең түп етектен алды.

— Тоқта, күшік, сөз тыңда! Көріп тұрам еменге де, семенге де темір жонып беріп, алғысқа мәз болып ыржындайсың да тұрасың. Құрғақ «рахмет» қаражат бола ма?

— Маған артық қаражат керек емес.

— Керек болмаса шарапқа салып қызара бөртсең басың ісе ме?

— Атама аға, арақ ішпеймін, ішіп те көргем жоқ.

— Ішпесең іш, қасиетін сонда білесің!

Осыны айтқанда тіпті Жапабайдың көңілі босап кетті.

— Жұртқа тегін іс қылсаң ит те, құс та ішетін жайдақ су боласың, қалтаң бос, аузың кеуіп жүреді, — деді.

Жәпекең аталы сөз айттым деп мәз болып:



— Отағасы-ау, өзіміздікі де жетіп жатыр емес пе? Маған айықпас сұғанақ, айықпас маскүнем болсын дейсің бе? — деп жас жігіт енді асығыс жөнеле берді.

— Ой, атаңның ғана аузын ұрайынның сөзін қара, - деп Жапабай қалды. - Үлкенге қарсы шығу қайдан келген әдет бұл, ә?

Қысқа күн еді, әйтіп-бүйткенше уақыт та бітті. Жапабай үйіне осы жолы сау-сәлемет оралды. Көктем шыққалы қоқып жатқан ауланы сыпырды. Мал қорасын тазалады. Балта саптады, күрек шындады, тағы не істеді? Әйтеуір тындырмағаны жоқ. Жұмыстан келіп өлген түйедей сұлай кететін Жәпеңнің мынасы бір жақсылық нышаны болды. Өзінен әлде қайда денелілеу, әлде қайда айбарлылау қатыны Қыздықой шайқалақтай басып жанына келді.

— Құлағыңды бұрап жүріп істете алмайтын едім ғой — деді үлкен жаңалық ашқандай қуанып.

— Танданатын ештеңе жоқ, — деп мыңқ етті байы.

Кешкі асты ішіп отырып Жапабай Қыздықойға мөлііп:

— Әнеугі берем деген қызылыңды әкел! - деді

— Қайдағы?

— Үй шаруасын тындырсаң бір шиша шарапты өзім берейін дегенсің.

— Ә-ә, шарап па саған — деді Қыздықой сұрланыңқырап

— Жұмысыңды істетесің, бір шиша шарап беруге жарамайсың — деп өкпе айтты байы.

— Үй кімдікі?

— Кімдікі болса онікі болсын мен тегін жұмыс істемейтін адаммын, әкел бері!

Жапабайдың дауысы шырылдап ызалы шықты. Осы арада Қыздықой да қызып кетті білем:

— Аракқұмардың дауы үйінде деген осы. Болмашыға ақы алып, арақ ішіп күнде мас, күнде жанжал шығарып айықпас сорлы болдың. Қой енді, жетті -деп ақырып қалды.

— Неге сорлы боламын, үш ұлы бар кісі сорлы бола ма? — деп Жапекең де күшейе бастап еді:

— Тоқтат! — деп Қыздықой жұдырықтарын түйіп жақындап келді.

— Жанға айтуға аузым бармағанда енді өзіңе айтайын. Аракқұмар әкеден ақымақ бала туады. Үш балаңның үшеуі



де жарымес. Үлкені өзіңе тартқан маскүнем, қолынан іс келмейтін ынжық. Оқу оқып, жұмыс істей алмады. Жиырма бес-тен асқанша үйленген жоқ. Қалған екеуі де сондай. Азамат емес - азап. Сол балалардың обал-жазығы сенің мойныңда, көзің ашылмасын білдің бе?

Осылай деп Қыздықой аяқты созып жіберіп зар қақты.

— Қой, қатын, біреу естіп...— деп қылқына сыбырлады Жапабай.

— Естісін, осы қарғысымды енді айдай әлемге жария етіп айтам, естісін бәрі! Ұрпағына қас қылған маскүнем біткен естісін, зауал келсін бәріне!

— Алла-алла, қатын-ай, сен қалай едің! — деп құлақтарын басып Жапабай шыр айналды. Түннің көбі өткенге дейін көзі ілінбеді.

Ес білгеннен бергі тірлігі көз алдынан өтті. Қатты қиналып терлеп оянды. Салқын суға жуынып, шәйінді, шәйін ішті. Сонан соң белін тартып буып:

— Жарайды қатын, сеніңше -ақ болсын, іштік қой біразын! — деді.

01.09.1986

Адасқан ұл (болған оқиға ізімен)

Жұқа сүйектілеу, кемиектеу келген сары шал аязға бір қырындап келеді. Суық тигізбей тезірек үйіне жетсе дейді. Бәдишә марқұм барда шәйі қайнап, сорпасы пісіп тұратын.

Тер шығаратын «дәрісі» тағы бар. Бірде сол құрғырға бола жүз шайқасып қалғаны есіне түсіп жүрегі шәншіп кетті.

— Шіркін ол да бір күн екен-ау, — деді суық ауаға демігіп. Үйіне тез жетіп қалғандай еді. Есіктен аттай беріп иегі селкілдеп, тамағына тас тығылғандай тұтығып:

— Апырау, болары болып тынған ба?! -деді.

Келін мен баласы ортақтіл табыссын деп кетіп қалып,



шалдарына барып шәй ішіп, Насыбай атысып келгендей, өткен-кеткенді сөз қылып күн өткізді.

Моншаға түсіп кештетіп оралғаны. Үй бұйымдары шашылып жатыр. Қарттың көздері өліктің көздеріндей шарасынан шығып:

— Апырай, болары болып тынған ба? — деп әлгі сөзін тағы қайталады. Солай деді де буындары құрып, шаңдақ сәкіге шөге берді. Көп отырды, ойына не келіп не кетпеді.

— Иә, тірі адам тірлігін қылуға лазым, — деп сыйыршылап тұрды. Ақсаңдай жүріп үй мүліктерін жинастырды. От жағуды ойластырды. Бұл таза әйел жұмысы деп білетін еді, көпке дейін тұтата алмады. Маңдайы қызған сайын денесі қалтырап кетті. Тер ұстаған екен. Ыстық шәй ұрттап қисая кетсе ғой.

Дала да айдама боран. Қора сыртынан ішін тартып сиыр мөңіреді. Шал белін басып, шойнаңдап шықты. Мал шашпада, желдің өтінде тұр екен, үстері аппақ қар. Сиыр суатқа қашты, қайыру берер емес.

— Әй, алаөкпе келгір-ай! — деп, назаланып соңынан ерді. Қатып қалған суатты өкшесімен тепкілеп, кесек мұзбен түйгіштеді. Сынық мұздарды жалаңаш қолымен тазартқанда ызғары өкпесін қапты. Қоңыр сиыр көздері шатынап, суды тартып жатыр. Іші басынан асып доп-домалақ болып кетті.

— Обал-ай, ұрыс кіргенде ырыс қашады деген, ә?

Шалдың денесі қалтырап төсегіне алып ұрды. Киім біткенді үстіне үйсе де жылынар емес. Безгек қысқандай сарнап жатыр.

— Батько, малды жайладың ба?

— Жайладым.

— Қамадың ба?

— Қамадым.

— Ну-и молодец!

Қарсы қайырған қалың шашы жол-жол болып ағарған, ұрты салыңқы жайынауыз сары жігіт әкесінің моладай томпайып жатқанына жетісіп күліп:

— Әй, батько, саған не болды? Терің ұстады ма, ұстаса терлетіп жіберем, мінекей нағыздың өзі, деп бір шиша арақты көз алдына тақап қойып, шалдың иманын үйретіндей шарт



жүгініп:

— Ой, батьком-ай, ризамын өзіңе. Қызықты көрдім ғой, шалқып жүргенім сенің арқаң. (Осы арада баласы жылап та алды). — Мені өсірдің, кем қылған жоқсың. Қатын әпердің, бала болды. Ауырдың астымен, жеңілдің үстімен жүрдім.

— Тоқтат! — деп шал барқ ете түсті. — Ақтадың соның бәрін, қолымды жеткіздің...Баласы түшкіретін кісіше кең таунауын делітіп шалқая берді де, өті жарылғанша қарқылдап:

— Қара мұны, өліктей томпайып жатып ақырады тағы... — деді

— Келін қайда, немере қайда?

— Қуып жібердім, керек болса тағы біреуін кіргізе салам...

Әке енді басын көтерді. Көздері қанталап жасаурап тұр еді.

— Мен сені солай өсіргенім үшін кінәлімін бе? — деді иегі дірілдеп.

Жігіт темекісін түтіндетіп, аяғымен жас мысықты ойнатып отырып:

— Әке, сөзді қойсайшы, сенің жасыңда ішкен асыңды біліп, тыныш отырған жақсы, — деді.

Шал енді ұшынған адамдай бозарып кетті.

— Семьянды, кішкене сәбиінді аясаңшы! Не деген бетсіз едің, кімге тартып осындай болдың...

— Өзіңе тартқам әке, арақты да өзің үйреткенсің!

— Қашан, қалай?

— Бала кезімде зорлап ішкізетінсің, ішіп-жеп шалқып жүрмеген жігіт жігіт пе, — дейтінсің. Иә, енді сол ақылыңмен...

— Ту-у шіркін-ай, — дегеннен әрі бармады шал. Ну ормандай қалың ойға шомып үнсіз қалды. Жалғыз ұлды қайтсем ер жеткізем, қайтсем тезірек азамат етем деп жүріп, қызық үшін рюмке соқтыратын. Мас болып сөйлегеніне рахаттанып күлетін. Сөйте келе баланың мінез-құлқы әбден өзгерді. Өзі теңдес балалармен балаша ойнай алмады. Мінезі әпербақан, ұрда-жық. Оқу қонбады. Әйтеуір трактористер курсін зорға бітірді. Жұмыс істеп жарытпады. Арақ ішіп келіп келіншегін шырылдатып сабайды. Обал әбден. Ақыры мынау...

Қарт ауыр күрсінді. Көзі өлген балықтың көзіндей



күңгірттеніп:

— Енді не істейсің, шырағым, — деп сұрады. Баласы үлкен аузын жайып:

— Ештеңе де істемеймін, сенің пенсияң екеумізге жететін шығар. Тракторымды алып қойды. Өзімді сотқа тартпак, — деді.

— Неге?

— Бір жігіттің басын жарып тастадым.

— Арағыңды өз жайыңа ішсең етті, біреуде нең бар. Е-е-е бейшара балам-ай, ақыры түрмеге түсемін десейші.

— Оған сен кінәлісің, әке,

Баласы сәкіге жығылған бетте ұйықтап кетті. Әкесі қозғап төсекке жатқыза алмай бас шайқап күрсіне берді. Шүңірейіп ұясына еніп кеткен көздерін сүртті. Түнді ұйқы мен ояу, өлі мен тірінің арасында өткізді. Не ойлап, не қойғаны есінде жоқ. Біреулердің есік қаққанынан селк ете қалды. Терезелер бозғылт тартыпты. Екі-үш адам аязды ертіп ала кірді.

— Жаңбырбаев Сағындық үйде ме?

— Үйде, міне жатыр.

Баласы келгендер жаққа қарамастан қос қолымен шекесін сығымдап, қойнындағы шишасын аузына апара беріп еді, милиция қызметкері тартып алды.

-Жетті, болды, тұрыңыз!

Айдауға түсіп бүкжеңдеп бара жатқан баласын көріп, аспан айналып жерге құлағандай көздері қарауытып кетті. Қарт түнде баласы ұйықтап шыққан жалаңаш сәкіде жүрелеп отыр. Жан-жағына анықтап қарап алып, кішкентай жұдырығымен еденді түйіп қалды. Белін буып от жақты, су әкелді. Малың жайлап болып ауылдық советке барды.

Барса баласын әлде қашан жөнелтіп жіберіпті.

— Сіз ақсақал, соңынан қумай-ақ қойыңыз. Қусаңыз да жете алмайсыз, онан да өлмес күніңді көр — десті.

— И-и-я сола-ай де, — деп мағынасыз ыңылдап кейін қайтты. Қолдарын артына ұстап, теңселіп үйіне жетті де төгілген, шашылған заттарды жинастырды. Баласынан калған орта шиша арақты легенге төкті. Бойы сәл жеңілдегендей болды. Үлкен бөлменің төріне ұзын дастарханды жайып, мол етіп нан турады. Тұңғыш рет жалғыз отырып шәй ішті. Ой



ойлады.

Көп қыздан соң көрген ұлға Сағындық деп ат қойып, әр ісін қызық көріп, бетінен қақпай өсірген басым-ай. Сен кінәлісің деді-ау. Обал-ай...

Шал шәй ішіп болып, күсті алақандарын жайып:

— Құдайым, баламның жолын оңғар, сәламаттық бер! — деп бетін сипады. Тұңғыш құлшылығы өзіне де ерсі болды білем, қолын сілкіп тастап шақшасын суырып алды.

Әйелі тіріде үй шаруасын істеп жарытпаған ол мойнына түскен соң сиырды да сауды. Кірді де жуды. Балам келгенше түтінін сөндірмейін деп, қарманып жатқаны ғой. Бұрын араққұмар деп ұнатпайтын көрші-ағайын іш тартатын сияқты. Қонаққа шақырады. Сынамаққа ма арақ тосатындары да бар.

— Жоқ, шырағым, жетті, бұл маған да, басқаларға да ара-мас болсын, -дейді.

«Адам үш күннен соң тамұққа да үйренеді» дегендей аксақал тіршілік тауқыметіне лажсыз көндіге берді. Бір күні биесін жегіп көрші ауылға жол тартты. Онда құда-құдағиы, келіні мен немересі бар. Бет-жүздерін көріп, амандық біліп, немересін иіскеп қайтпақ. Құда-құдағи өзі шамалас қартаң адамдар еді.

— Жол айрығы деген осы, — деді құдасы түнеріп отырып.

— Жетті, болды! — деді құдағиы күйзеліп. - Қызымызға көрсетпеген қорлығы жоқ. Енді сіздің жақты құдай жазбасын!

— Білместікті кешу ету керек, шырағым, — деп шал дәлелдей бастап еді, құдағи:

— Қысқарт сөзді! — деп шаптығып айғай салды.

Қарт танысының үйіне ат шалдырып, шәй ішіп кейін қайтты. — Келінім мен немеремді де көрсетпеді-ау! — деп жол бойы күйзелді.

Сағындықтан көптен хабар жоқ. Анау жолы айдап әкеткен милиция қызметкерлерінен сұрап еді жарытып ештеңе айтпады. Қазір жаз шықты. Бір күні Қазақстанның өте алыс шетінен хат келді.

«Әке, депті, аман-саумын. Жазамды өтеп, әрі емделіп жатырмын. Сендерді көргім келеді, келіп кетсеңдерші!» — дейді. «Сендері кім, келіншегі мен кішкентайын да ай-



тып отыр-ау. О, сорлы балам-ай, олар енді саған жоқ» - қой, деп ауыр күрсінді. Осыдан соң Тұран ақсақалдың ойы Жайық бойындағы сол қалаға тарта берді.

Түсінде жүдеп, қамығып жүрген баласын көреді. Өкпелейтін сияқты, бетін бері бұрмайды. «Балам-ау, мен сорлының жол жүрер халі бар ма? Мына шаруаны кімге қалдырамын? — дейді баласы алдында отырғандай жалынып.

Әйткенмен де қария жол жүруді есінен шығармады.

— Барып қайт, шаруанды жүдетпейміз, — деді ауылдастары.

Қарт баласына өзі көтергенше азық-түлік, киім-кешек алып жолға шықты. Әуелі пойызға сонан соң самолетке мінді. Қалтылдақ кішкене самолет екен, іші-бауырын алқымына тығып әбден берекесін алды. Жайық жағасына келген соң моторлы қайыққа отырып төмен ықты. Есек арбамен шағын қалашыққа жетті. Көгалды жазықта екі қабатты үйлер көрінеді. Кәдімгі қаланікіне ұқсас. Бірақ айналасы биік дуалмен қоршалған екен.

— Сізге кім керек?

— Жаңбырбаев Сағындық деген бала осында ма?

— Бізде бала болмайды, ал Жаңбырбаев деген азамат бар.

— Иә-иә сол, дәл өзі...

— Сіз кімі едіңіз?

— Әкесімін, алыстан келдім.

Милиционер күзет үйіне кіргізіп, шалды анықтап тексеріп, жүктерін ақтарып көріп:

— Отағасы, арақ берсеңіз немесе арақ алуға ақша берсеңіз шатақ болады, содан сақтаныңыз — деді.

Қарт баласымен тар дәлізде кездесті. Құшақтап алып сәби күндегісіндей шөпілдетіп сүйіп жатыр, сүйіп жатыр.

— Балам, амансың ба әйтеуір?

— Армысың, әке?

Әке мен бала бір тәулік бойы бірге болды.

— Жүдемепсің, әйтеуір, — деді әке.

— Желкеге мінген албастыдан арылған соң неге жүдейін, — деді баласы.

— Құдайға шүкір, әйтеуір — деді шал қуанып.

— Әке, шыда, көп ұзамай үйге барып қалармын. Сонан соң



саған кейістік болмас, — деді Сағындық ұзап бара жатқан әкесіне дауыстап.

05.05.1986

Жәкең

Біз ынғай Жәкеңнің шаруамен айналысып жүргенін көретінбіз. Жасы сексенді қусырып тастаған. Сексенді атағанда мыжырайған таяқты қарт елестейді ғой. Жок, біздің Жәкең тіпті де ондай емес. Шоқша сақалы мен сирек мұрты енді ғана бурылдана бастаған. Тісі бүтін кескіні әжімсіз, көзі өткір, сергек.

Жәкең колхоздың ауыр жүгін көтерген адам. Ұзақ ғұмырында еңбек пен мергендікті қатар атқарған. Әсіресе аңшылық жайлы сөз болғанда жүзі жайнап сала берер еді:

— Шіркін, мергендік деген мынау шولاқ ғұмырда қызығына тоймайтын кәсіп еді-ау. Көздің алысқа жетпеуі-ақ діңкемді құртады, әйтпесе...

Жамық ақсақал малын ертелі-кеш өріске айдап, кешке қарайлайды. Отын уақтайды, ер шабады. Ағаштан түйін түйеді. Жазда шалғысын аркалап, беліне балтасын қыстырып жүргені. Дамыл-тыныштығы жок.

Жанбыр күн бойы құяды да тұрады. Аспан асты ақ дария болып көлкіп кетеді. Мұндайда ішіміз пысса Жәкеңдікіне тартамыз. Қарттан өнегелі сөз естігіміз келеді. Осындай лайсанда да ол пұшпақ бөркін жымқыра киіп қорада жүр. Шекпенінің етегінен су сорғалайды. Қолында қара бақыраш.

— Жәке, үйде отырсаңыз етті ғой — дейміз баяғы

— Үйде отырмай өздерің неғып жүрсіндер? — дейді.

— Зерігіп кеттік.

— Әне солай, — дейді, жауын суын қара бақырашпен қара шелекке құйып сыртқа төге береді. Жұмысқа берілгендігі сонша жанында тұрған бізді де ұмытады. Бір кезде маңдай терін сүртіп:

— Адам мезгілсіз қартаймас үшін қол еңбегі деген жақсы ғой — дейді, күлімсіреп.

Жәкең қайысқа ауық-ауық су бүркіп қойып, әбзел сайман-



дарды жөндеп отыр. Сыртта сұрапыл көтерілген. Биік антеннаны сықырлата шайқап, алғашқы боран соқты. Теректің жалаңаш бұтақтары терезені сабалайды. Бәрі табиғи, бәрі өз кезегімен. Жәкең осыған шүкіршілік етулі. Қысты асыға күткелі қашан.

Мынадай сұрапылда аңдар мен құстар қалай тірлік етеді екен. Қиын-ау, панасыз жануарларға. Осы ойымды Жәкең айтқанымда қарт күліп:

— Олар ма? Олар қысты өздері іздеп барады, — деді.

Ертемен боран толастады. Дала ағарып жатыр. Долы жел ақ қарды қуалап, орман, өзектерге тығыпты. Қайыңдар ақ көрпеге аяқтарын орап тұр. Қурайлы сайлар, қызыл шіліктер қарға қақалыпты. Жүгірген аң, ұшқан құс жоқ. Тым-тырыс. Аспанда бүркіт қалықтайды.

Кенет қалың күртіктің ол жер, бұл жерінен қар бұрқылдап аспанға шапшыды. Қанаттары күнге жарқылдап ақ құрлар зымырап барады. Аяқ астынан орқоян зыта жөнелді. Атай мылтығын кезеніп көрді де, атпады. Қоян екпінімен ұзай берді.

— Неге атпадың?

— Барсын, мұндай ақылды жануарлар жасай берсін, — деп Жәкең рахаттана күліп тұр. — Қыста қалай тіршілік етеді дейсің, ә, көрмейсің бе, қысты өздері іздеп келген жоқ па?



АУЫЛ ЖІГІТІ

(Бір актiлi, екi кәрiнiстi пьеса)

Қатысушылар:

Құрманғали — революционер, 20 жаста.

Бошатай — оның әкесі, 60 жаста.

Мағиша — қалыңдығы, 17 жаста.

Итемiр — ауыл кедейі.

Третьяков — комбед бастығы, байырғы революционер.

Иванченко — кулак.

Бекен — атқамiнер, бай.

Кәжен — оның iнiсi.

БІРІНШІ СУРЕТ

1920 жылдың жазы. Ауыл маңы. Третьяков пен Құрманғали.

Третьяков. Сібір мен Қазақстанда егіс жұмыстарын тыңғылықты жүргізуді талап еткен Ленин жолдастың арнайы хатына жауап ретінде біздің болыстың барлық шаруалары қызу іске кірісіп еді, егін жақсы өсіп келеді.

Құрманғали. Кедейлер құрал-сайман жағынан көмек бергені үшін комбедке шексіз риза.

Третьяков. Байлар жағы қандай пікірде?

Құрманғали. Байлар кедейлерді әжуә ететін сияқты.

Третьяков. Қалай?

Құрманғали. Қалай болушы еді, бейнеттеніп салған егіндерді ертең большевиктер тартып алады дейді.

Третьяков. Мұндай сөздерді таратып жүрген қайсысы?

Құрманғали. Бекен мен оның шашбауын көтерушілер.

Третьяков. Сөздеріне ерушілер бар ма?

Құрманғали. Табылып қалады ғой, бірақ көпшілік тыңдар емес.

Третьяков. Айта берсін, айтпаса буржуй бола ма. Алға тартқан көшті бөгеуге ат төбеліндей байлардың шамасы келмейді-ақ.



Құрманғали. Жақын болашақта осынау далада мол астық өсіріледі. Тракторлар шығып, шаруаның ауырын жеңілдетеді /Ленин жолдас Россия шаруаларына жүз мың трактор беруді арман етіп отыр.

Третьяков. Өмір болса миллиондаған тракторлардың шыққанын көрерміз, Құрман.

Құрманғали. Астық разверсткасын қалай жандандырар екенбіз. Мал дайындау тағы бар. Жалпы жұмыс жетіп жатыр, Михаил Васильевич!

Третьяков. Солай. Кеше Петропавлға жиырма төрт көлік бидай жөнелттік. Астық салығын өрістетіп жатырмыз. Екі жүзге тарта ірі қара тапсырылды. Орыс байларында да, қазақ байларында да қаймағы бұзылмай тұрғандары әлі бар.

Құрманғали. Астық, мал разверсткасы жайында Комбедке баяндама жазып қойдым.

Третьяков. Біздің басты міндетіміз бұхараға Совет өкіметінің халық өкіметі екенін кеңінен ұғындыру. Ауыл кедейлері байлардың теріс үгітіне еретін сияқты.

Құрманғали. Бірақ барлығы бірдей емес көптің арасынан әр пікірлі адамдар шыға береді ғой. Негізінен кедей халық Совет өкіметінің не екенін түсініп келеді.

Третьяков. Қуанарлық жай. Ал Құрман, уақытым аз, сау бол, ісіңе сәттілік тілеймін. *(Третьяков шығады. Құрманғали соқашылар жаққа қарап тұрады.)*

Құрманғали. Мынау неге келеді тағы бір пәлені бастап жүр-ау! *(Бекен кіреді.)*

Бекен. Сен, шырағым, Совет өкіметінің оң көзі болып жүрсің рас па?

Құрманғали *(таңданып).* Иә!

Бекен. Рас болса сен мынаған жауап берші. Совет өкіметі жұртты теңдікте ұстайтыны рас па?

Құрманғали. Қандай шұбаңыз бар?

Бекен. Шұба ғана емес, шындықты айта келдім. Сонау кетіп бара жатқан Итемір өзі өкіметтен күш-көлік алуымен қоймай, жесір жеңгесі — Алыпқаш қатынына да әперіпті.

Құрманғали. Әперсін оларға біз бердік.

Бекен. Совет өкіметі әділ болатын болса, жұртты бірдей ұстайтын болса, бізді неге құралақан қалдырады.



Құрманғали. Бірдейлікті тар мағынада түсінеді екенсіз. Итемір сияқты кедей мен Бекен сияқты атқа мінер, ауқатты адам бірдей бола алмайды. Сіздің көп жылқыңыз бар. Итемір болса, тақыр кедей.

Бекен. Малың біз тартып алғанымыз жоқ қой.

Құрманғали. Сіздің малдарыңыз Итемірдің маңдай тері екенін білмейсіз бе? Совет өкіметі Бекендер мен Итемірлерді теңегенде ғана бірдейшілік болады.

Бекен. Солай ма, теңегендерінді көрерміз! *(Бекен шығады. Сахнаның екінші жағынан Бошатай келе жатады.)*

Құрманғали. Әке, осы үйдегі мезгілсіз соғымдарыңыз не? Бір жылқыны шілдеде сойып қақтап алыпсыңдар, мәнісін айтыңызшы?

Бошатай. Бұл кәсіп қой, «Құдай бергенге, құлай береді» деген емес пе. Сені Советтің болысы болады дегенге біздің үйге жақсы-жайсаңдар келгіш, ыңғай бір «Бошекең білсін, Бошекең сөйлесін», - десіп тұрғандары. Бекен бітеу байталын жетектетіп жіберіпті. «Бошекеңе сәлем де, сойып қақтап алсын, қонақ түсетін үй жүдеп отырғандары келіспес», - депті. Үш елі қазы шықты, іші майға бітіп тұр. Ертең Сман құдамды шақыртып уәдесін алам. Қонақ басы соя беретін қой жоқ. Семіз байталдың қазысын шайнатайын бір...

Құрманғали. Солай ма еді, әке!

Бошатай. Құдай бұйырса, асса екі ай, әйтпесе ай жарым-да отаулап келін түсірем. Еркек кіндікті зарыға күтіп едік. Сегіз қыздан кейін туған өзіңнен аярым жоқ.

Құрманғали. Мені болыс болады деп жүргендер кім?

Бошатай. Осы жұрттың бәрі де айтады. «Қайырлы болсын!»— деп тілек білдіріп кетті. Бошекең болыстың әкесі болып алшаң бассын бір!

Құрманғали. Бекер ғой әке, құр жорамал.

Бошатай *(тіксініп).* Жаным-ау, болыс, тым құрыса ауыл-най болмасаң неменеге сабылып жүрсің? Әлде поштабай Нұралы сияқты Третьяковтың шабарманымысың.

Құрманғали. Третьяков та, мен де большевиктерміз. Ленин партиясының тапсырмаларын орындаушы, қатардағы солдаттармыз.

Бошатай. Солдат қана болсаң жетіскен екенбіз!

Құрманғали *(ойлы).* Әке, сіз ғой ыңғай байлармен айты-



сып-тартысып келесіз. Бекен баяғыда шапқы үшін өзіңізге дүре соққанда «Қолдарым жағанда болар»,— деп ант еткенсіз. Ал сол Бекен бұл күнде сыңариықтап кіріп, ағайын, дос болып алған.

Бошатай. Оның рас әбден жақын тартып жүр. Бөтен ойы жоқ сияқты.

Құрманғали. Бөтен ойы бар. Байлар бізбен ешқашанда дос бола алмайды. Білесіз бе, кеше Колчакқа қарсы күрес жүргізгенімізде Бекен біздің ізімізге түсіп, ақтың әскеріне ұстап бермек болғаны анық еді ғой. Третьяков екеумізді өлтірген адамға мол сыйлық уәде еткенде осы Бекен мен Иванченко болатын.

Бошатай. Солай ма еді?!

Құрманғали. Солай, әке, Бекен семіз байталға екеумізді сатып алып, өзінің қара ниетіне пайдаланбақ. Сіз болсаңыз қанды қақпанға саусағыңызды сұғыпсыз.

Бошатай. Солай ма, балам?!

Құрманғали. Ақ көңілсіз ғой, әке, екі талайда «коммунист Құрманғали Бошатаев күш көрсетіп соғымына бір биені тартып сойды»,— деп, УҚОМ-ға арыз түсіруден де тайынбайды. Мүмкін емес пе?

Бошатай. Әбден мүмкін.

Құрманғали. Ленин бізге жеке бастың қамы үшін ешкімге қиянат жасама, қоғам үшін аянба деп отыр.

Бошатай. Жок, Құрманш, сен қорықпа байталды тартып алмағанымды жұрттың бәрі біледі. (Бошатай шығады. Итемір кіреді).

Құрманғали. Бұрнағы күні Көшербай екеуміз Бекеннің аулына барсақ күзекке тығылып отыр екен. Бара қолға алдық. Малың айдатып алып көрсек, өңкей қайқы бел кәрі мөшкелер, сіргелі торпақтар, ыңыршық болған арық өгіздер. Екі жүзге тарта қой-ешкі бар. Ірі қара жиырма-отыз тұяқ.

Итемір. Апырай, бар малы сол ма екен!

Құрманғали. Жок, қызығы бар. «Малым осы»,— деп қасарып отырып алды. Сойыстыққа жарайтын бірі жок. Орманды сүзіп еш жерден таба алмадық.

Итемір. Апырай, ә!

Құрманғали. Қарашілікке қарай тартсақ, көлденеңнен Қамза тұмағын бұлғап келеді. «Жоғыңды таптым! Бекеннің



жүзге тарта сауда өгіздері мына Қарғалының қалыңында», — демесі бар ма!

Итемір. Әп, бәрекелде!

Құрманғали. Үстінен түсірді Қамза. Бай құлақтар іштен шалып сүріндіруге құмар. Армияға азық-түлік керек. Азық-түлік әлділердің қолында. Олар астықты ұраға тығып, малдарын қойнау-қалтарысқа жасырып, етек-жеңдерін жинап отыр.

Итемір. Сөйтіп отыр.

Құрманғали. Қамза болмаса, Бекеннің сауда өгіздерін ешкім де таба алар емес. Бекен ақтар келсе алдынан айдап шығар еді,

Итемір. Дұрыс айтасың.

Құрманғали. Армияға, ашыққан завод-фабрика жұмысшыларына азық-түлік керек. Астықсыз революция жоқ. Біз оны алпауыттардан тартып аламыз. Соғыс коммунизмнің заңы — осылай!

Итемір. Бұрнағы күні кішкене Бике жақтан келе жатсам, Бекеннің айран көз інісі Кәжен кездесе кетті. «Әй, қара табан», — деді ол қамшысын бұлғап. «Сендерде күменезім болып мал-мүлкін, қатын-баласын ортақтастырып жатыр деп», — естіп едім. «Әлгі кейкі мұрын қайыс қараңды сенде ортаға салдың ба!» — дегені ғой. Шошып кеттім. «Ойбай, отағасы, ондай ештеңе болған жоқ», — дедім.

Құрманғали. Міне, қызықтың әкесі!

Итемір. Тұра тұр айтып болайын. Кәжен селкілдеп күлді де: «Болмасаңдар, ақиқат боларсыңдар, сөйтерсіңдер түбі!» — деп жүріп кетті. Аң-таңмын, үйге келсем, әйтеуір, қатын үйде екен.

Құрманғали *(томсарыңқы)*. Бұл байлардың іріткі үгіті. Халықты қалай да Совет өкіметіне қарсы қою. Мына Итекең нанып та қалған сияқты. Қауіпті үгіт. Байлар қолдан келген қасастығын істеп бағулы. Кешегі апатты солардың ісі емес деп кім айта алады.

Итемір. Сығандардың жұртынан қалған шаладан тұтанды десіп жүр ғой. Тексергенде солай деп тапқан жоқ па?

Құрманғали. Жо-жоқ, тіпті де олай емес. Алдымен сығандар ата-бабасы, зәу-затынан бері көше жүріп



жұртына от қалдырған пәндә емес. Бұл зымындықпен істеген арандатушылық. Көзбен көріп, қолмен ұстамаған соң, бас салып кінәлау қиын.

Итемір. Қайткен күнде зор апат. Жалпақтал отқа оранып бір мың көпене шөп жанды. Кедей ауылдың азғана малы азықсыз қалды.

Құрманғали. Жер бөлісте тартылып алынған «Жалпақталды» Бекен жалаңаяқтарға қалай қисын, өртеп тынды.

Итемір. Дұрыс айтасың, сол емей кім дейсің!

Құрманғали. Кедейлер сақ болу керек, жауың жаныңда жүр. *(Итемір шығады, Мағиша кіреді. Көзінде жас.)*

Құрманғали. Мағаш, түсінші жаулықпен айтылған сөз екенін ұқшы.

Мағиша *(солқылдан)*. Адалдығыңа күмәнданбаймын, Құрмаш, жұрттың өсегіне қорланам.

Құрманғали. Пәле баққан адамдар не демейді.

Мағиша. Бұл ауыл арасындағы қатын-қалаштың сөзі емес, білікті адамдардан Бекеннен, Смайылдан, Сүлейден тағы басқаларынан шыққан. «Құрманғали шошканың етін жейді, орыс қыздарымен жүреді, әбден шоқынып болған», — депті. Ескілікке шындап сенетін, әрі мінезі қатал әкем қазір қайсарлыққа әбден бекініп алды. Енді не істейміз.

Құрманғали. Иә, жаулық деген осы. Бекенмен ымыраға келмеспіз де. Елде болып жатқан не пәленің түп тамыры содан тарайды. Таптық қайшылықты жеке бастың ісімен ұштастырған екен-ау!

Мағиша. Қатты қорланам, Құрмаш!

Құрманғали. Маған шын сенсең, көлденең сөзге құлақ салма!

Мағиша. Әкемді сендіріп қойыпты. Әркімдер билік айтқан екен, тыңдамапты.

Құрманғали. Олай болса, қосылайық. Осы түннен қалмай! Бізге бөгет болар күш жоқ, түсінемісің, Мағаш, қосылайық!

Мағиша. Жо-жоқ, өйте алмаймын, әкемнің теріс батасын алу үлкен жаза. «Ата қарғысы — оқ», — дейді ғой. Әкем мүмкін райынан қайтар.

Құрманғали. Қарғыстан өлген адам жоқ. Адам туралап келген ажалдан ғана өледі. Әке өз баласын қарғап қайда барады.



Мағиша. Айтарым, аз күнге сабырлық ет. Ел арасының өзеурең кеткені мынау. Жұртты өшіктіре түсуден пайда жоқ. Қашанда мен сендік!

Құрманғали. Әкең біреуге байлап-матап салып жіберсе қайтем?

Мағиша. Ондай күн болса хабар берем, арашалап алмайсың ба?

(Мағиша шығады. Құрманғали жалғыз, ойға батқан. Сырттан айғай естіледі. Жылқының дүбірі.)

Бірінші дауыс. Құрық үстіне құрық сал, аяма жаудың малын!

Екінші дауыс. Қораға қарай тықсыр, қораға қарай!

Үшінші дауыс. Құрық сілте, бұғалық сал, байла!

Төртінші дауыс. Апырай, түбімізге жеткен екен ғой!
(Қолында келдегі бар Итемір шығады.)

Итемір. Құрыдық кой, құртты ғой, егінді жайпап кетті!

Құрманғали. Кім жайпады?

Итемір. Жылқы! Қартаң шірігір, Бекен аулының жылқылары!

Құрманғали. Жылқышысы кайда?

Итемір. Бір салып жығып кеткем. Егін жақтан жылқының даусы естілген соң, тұра жүгірдім. Жылқыны егінге қаптатып салып біреу тұр. Не болғанымды білмеймін жерден жұлып алған Қызыл кайыңның шоқпарымен қасқайта соқтым, ұшып түсті. Атын аударып алып жылқысын қуып келдім. (Ауыл адамдары Кәженді қаумалап кіргізді. Беті қан.)

Құрманғали. Уай, сен Бекеннің інісі Кәженсің ғой. Жарлылардың бейнетпен салған егінін таптатып жоқ қылатындай әкенді өлтірді ме көпшілік!

Кәжен. Қара басып ұйықтап қалып...

Итемір. Шікі өтірік, мен көргенде ат үстінде ояу тұрған.

Құрманғали. Байлам мынау: ауыл болып тәуір деген он жылқысын ұстап алыңдар!

Итемір. Бекен тартып әкетпей ме?

Құрманғали. Әкете алмайды.

Итемір. Бәрекелді ақыл ғой мынау! Сөйтеік табан ақы маңдайтеріміз!

Дауыстар. Уа, бұғалық қайда, бұғалық!



Итемір. Мен Бекеннің көк жорғасына бұғалық тастаймын. Бекеннен басқа жауым жоқ!

Құрманғали. Жылқыларды ұстай беріңдер, мен Третьяковқа хабарлаймын!

(Бәрі шығады, сахна бос. Сыртта жылқылар дүрлігіп шұрқырап жатады. Айғай-шу үдей түседі. Бекен мен Бошатай кіреді.)

Бошатай *(айғайлап).* Уа, келіңдер мұнда!

(Құрманғалидан басқасы кіреді. Барлығы ашынған, ендіккен.)

Бекен. Қалайық, қолдың кіріндей дүние үшін араз болмайық. Қаталық бізден, қара басып Кәжен қалғып кетіпті. Жылқы мал емес пе егіндеріңе түсіпті. Айыптымыз, ағайын. Егіннің шетін басқан екен деп он жылқыны матап алу, елдік емес. Осының бәрін мына Бошекең түсініп отыр. Бұл кісі аядай Жақсықұл түгіл, осы төңірек қанағат қылар билікті адам. Мен ештеңе демей-ақ қояйын, шешімін Бошекең өзі айтсын!

Бошатай. Жігіттер, ағайын арасынан өкпе-назы қашаннан болатұғын. Ондайда бұзылып-жарылып жатқан ел көргеміз жоқ. Ымыраға келетінбіз. Егінді көп зияндамаған деп отыр ғой...

Итемір. Ойбай, Бошеке, дымы қалмапты, құрыпты!

Бошатай. Бекер шығар, қызбалықты қояйық. Он жылқыны матап алу, оғаш көрініп-ақ тұр. Көк жорғаны бас қылып жылқыны қайырайық. Бір ту биені қалдырсын, қанағат етейік осыған.

Дауыстар. Ойбай-ау, аз ғой. Құлдыратып жібердің ғой, Бошеке!

Бошатай. Аз болмайды, айып төлеттің деп Бекен де өкпелемесін. Бар ағайынның жоқ ағайынға бөліп берер қол қайыры деп ұқсын! Осым қалай?

Бекен. *(Мырс-мырс күліп).* Әй, Бошеке-ай, жүйріксің-ау, жүйріксің! Сізге билікті әуелі баста бір берген соң, екі сөйлеуім ұнамас. Болсын. Мұндағы ағайын да ренжімесін!

Бошатай. Қалайық, келістік пе осыған! *(Көпшілік үндеспейді).*

Бекен. Осымен дау бітті, жылқыларды дереу босатыңдар. Тап қазір жіберіңдер! *(Бошатай мен Бекеннен басқасы шығады).*



Бошатай. Беке, шақшанды бері тасташы! Көрдің бе, Бошекеңнің тілін алмайтын кім бар мұнда?! Бошекеңнің бір үшкіргенінен қалды ма, кәне!

Бекен. Рас-рас, аузың уәлі ғой, Бошеке! (Жымыңдайды. Третьяков пен Құрманғали кіреді).

Құрманғали. Бұл не? Ұсталған жылқыларды неге босатып жатырсыздар?

Третьяков. Халықтың еңбекпен салған егінін күрту қаскүнемдік. Кінәлі адамдар жазаланады.

Құрманғали. Қаскүнемдіктің де шегі бар, кешірім болма-сын!

Третьяков. Жылқыларды қораға байлаңдар. Салт аттылар түгел тарасын. Бекен осында қалсын. Егінді көріп акт жасаймыз!

Бошатай. Ой, Мекайыл, оған рұқсат берген менікі. Олармен сөйлескем, біткен. Қазақта сондай закон бар!

Құрманғали. Әке, араласпаңыз. Бұл қазақ заңымен емес, Совет заңымен бітетін дау. Сөзіңіз өтпейді бұл араға. Бекеннің алдауына көнбеңіз!

Бошатай. Малшайт, мен оныкі отес. Ол маған по-шанайт етуге обозин!

Итемір (*таңдай қағып*). Опп-рр-ай, Бошекеңнің орысшаға жетігі-ай!

Третьяков. Бұл семьялық тартыстан әлдеқайда қиын да, мәнді де.

Құрманғали. Сотқа беру керек Бекенді! (*Дауыстар*). Беру керек!

Шымылдық.

ЕКІНШІ СУРЕТ

1921 жылдың қысы. Бекеннің үйі. Иванченко мен Бекен.

Иванченко. Кеше ғой сіз бен біз бет қаратпай тұрдық. Бүгін бір жетесізді көрсек, жерге кіре жаздаймыз.

Бекен. Таң атыруды қойды. Кеше «50 пұт астық өткізесің»,



— деп кетті. Астық бар ғой, соны ұстата салу обал. Оллаһи, жаның ашиды.

Иванченко. Астық татырма сайтандарға, аштан өлсін! Қара шыбындай қырылсын!

Бекен. Бермеуге лажым жоқ. Қандай қайласы бар астық бермеудің?

Иванченко. Ақымақ, уақытты ұта біл! (*Құлағына еңкейіп даусын бәсеңдетіп*). Ертең-ақ әлегі аспаннан келеді. Ұлы Россия әлі өлген жоқ.

Бекен. Аузыңа май Павл, сүйіншіге көк жорғаны бермін!

Иванченко. Тек сөзінде тұр.

Бекен. Тұрдым.

Иванченко. Сонымен оларға не дәлел айттың?

Бекен. «Астығым жоқ, егіндігім өнімсіз болды. Бар болса, өкіметтен аяймын ба?»— деп көлгірсідім.

Иванченко. Дұрыс. Ашық қарсы келсең, мерт қылады. Жетекшіл бол, біздің адамдар ертең-ақ келеді. Көрсетеміз сонда, сайтандарға!

Бекен. Әумин!

Иванченко. Аллаһ өзі жарылқайды деп текке қарап отыр-ма. Іштен шала біл!

Бекен. Қалай?

Иванченко. Өз адамы болып ал!

Бекен. Маған ешқашанда сенбейді. Бошатай баласы бұзық. Ол өткен жылы ағзам Колчак билеп тұрғанның өзінде «Партизандарға ат керек»,— деп жылқымды шауып алған. Қол қусырып қарап отырған мен жоқ!

Иванченко. Шаруалардың егініне жылқы жайып айып тартқаннан көрі сол егінді таза өртеп жіберген жөн еді.

Бекен. Онысын мүлдем сезікті боламыз. Алдыңда ғана «Жалпақталға» от қойып, мың көпене шөбін құрттық. Өрттің айыпкері көшпелі сығандар болды. Егінді өртеудің реті келмеді.

Иванченко. Продразверстканың малын талан-таражға салу жайлы тапсырманы да орындай алмадың!

Бекен. Көріне отқа түсуге болмайды.

Иванченко. Солай, жан сақтадым деші, қорқақпын қолымнан іс келмейтін бейшарамын деші.



Бекен. Қорқақ та емеспін, бейшара да емеспін, аянып жатқаным жоқ.

Иванченко. Бізде кейбір байлар астықтарын тыңғылықты жасырмай, Третьяковтың адамдары тауып әкетті. Ондайларды ашық ауыздар демегенде не дейсің. Қолыңнан түк келмесе, астығың мен малыңды жасыра біл. Большевиктерге бергенше, көзін жой!

Бекен. Аянар жаным жоқ!

Иванченко. Жағаласып өлейік. Бас біріктіріп тағы бір көтерілсек, сайтандарды аудара саламыз. Шетелдік қолдастарымыз тұс-тұстан түйреп жатыр. Большевиктердің жаны қыл үстінде. Осы тұста іштен қайырып шалсақ, аяқтары аспаннан келеді.

Бекен. Көпшілік олар жақта ғой.

Иванченко. Көпшілік қараңғы, сені мен менің ойлағанымызды ойлай алмайды. Большевиктер үгіттеп еді, оларға ерді, біз айтсақ бізге. Халық дегенің — қоралы қой...

Бекен. Жоқ, тіпті де олай емес. Осы күні өзеуреп-ақ тұр.

Иванченко. Қорықпа, Бекен, туыстарыңды арасына кіргіз. Әуелі кедей ағайындарыңды қаратып ал, көпшілікке ықпал етсін. Совет өкіметі жойылсын деген адам бір дән татырмасын. Олардың жаны — астық. Астық болмаса, сөзсіз құриды. Мә, мынаны ал! *(Тапаниша ұсынады).*

Бекен. Өзімде де бар.

Иванченко. Бар болса, інілеріңе бер. Большевиктердің мықтысы оңаша шықса, білдіртпей құрта салсын!

Бекен. Ол жағы белгілі ғой. *(Есік қағылады. Бекен тапанишаны қойнына жасырады. Иванченко екінші жақтан шығып кетеді. Третьяков пен Құрманғали кіреді.)*

Третьяков. Қайырлы кеш. Мезгілсіз қонақ, болдық па?

Бекен *(қалбалақтан).* Оқасы жоқ, төрлетіңіздер!

Третьяков. Мұнда құда түсе келгіміз жоқ.

Құрманғали *(Третьяковқа).* Танысыңыз, даланың кулагы Бекен Төлебаев деген кісі.

Третьяков. Білем, бұрын да көргем.

Бекен. Төрлетіндер, құрметті меймандар!

Третьяков. Кідіруге уақытымыз жоқ.

Құрманғали. Сіз астық салығы жөнінде хабарламаны алдыңыз ба?



Бекен. Қарғам-ау, ондай бидай қайдан келсін. Екі жүз пұт бидай бүкіл ауылда жоқ шығар.

Құрманғали. Ауылда болмаса, сізде бар. Кәне, қамбаңызды ашыңыз!

Бекен. Әбден болады, ашайын.

Третьяков. Жүріңіздер! *(Бәрі шығады сахна бос. Сырттағылардың дауыстары естіліп тұрады.)*

Бекен. Бар астығымыз осы. Елу пұт болмас. Артық астық қайдан келсін, міне, құдай, міне, құран!

Құрманғали. Басқа жерде астығыңыз жоқ па?

Бекен. Құдай ақына барым осы. Ашығып жатқан Россия халқынан аярым жоқ. Аз ғана жанға талшық қалдырып бәрін алыңыз! *(Аз үнсіздік).*

Третьяков. Таптым, мұнда ұра бар екен!

Құрманғали. Бәсе, байлар құдайдың өзін де алдар!

Третьяков. Үш жүз пудтай бидай жатыр. Артыңыздар түгел! *(Сыртта қызу жұмыс. Бекен кіреді.)*

Бекен. Құрыдым, біттім. Бүйткеннен өлгенім артық еді. Өлемін! *(Тапанишаны шекесіне тақайды.)* Жо-жок, өлтіремін, жоямын бәрін! *(Терезеден сыртқа кезенеді. Құрманғали кіреді)*

Құрманғали. Революциялық өкіметтің шешімімен астығыңыз алынғанына қолхат қалдырамын!

Бекен. Шырағым, қағаз маған астық болмайды. Бұл — анық талау! *(Құрманғали шығады).* Талауға түсіндер, малғұндар, адам басына мың пәле орнады деген осы. Малдың қырылып жатқаны анау. Жылқы мұздаққа тұяқ сала алмай, сілейіп қалды. Қайран жылқы аяқтарынан тік тұрған қалыпта жан тапсырулы. Қар астында домалап, жатқандары-ай! Есіл малдың! *(Кәжен кіреді).*

Кәжен. Көкала бие құлын тастады!

Бекен. Қай көкала бие?

Кәжен. Көк жорғаның енесі.

Бекен. Шын апат осы. Өзге мал бір төбе, көк аланың тұқымы бір төбе еді, сақтай алмадық!

Кәжен. Тебіндегі биелер күн сайын қолға келіп жатыр. Қатарға қосылғаны жоқ!

Бекен. Айтпа шырағым, әкемнің өлгенін естігендей қалдемін. Естіртпе маған. Жүйріктің тақымына түсіп, соққы көрген кәрі қасқыр болдым.



Кәжен. Обалыдағы, сабанды қашан тасимыз?

Бекен. Тасып та қойыпты. Жақында барсам, қаптаған жұрттың үстінен түстім. Ат, өгіз, сиыр жеккен топ маяны талқандап тиеп алыпты.

Кәжен. Ойпырмай, кім екен өздері?

Бекен. Жақсыкұл аулының кедейлері. Беттері даладай үсік. Аяғына жыртық етік киген Итемір бас болып көліктерін жолға түсіріп жүр.

Кәжен. Мыналары тонау ғой!

Бекен. «Уа, ағайын бұларың қалай, орыстан алған сабаным еді ғой»,— десем, Әкең Төлебайдан қалған сабан жоқ, далада жатқан сабан бәрімізге ортақ. Осы жерден кет, әйтпесе ашынған жұрт таптап кетер»,— дегені. Не айтарсың!

Кәжен. Күніміз туса көрерміз!

Бекен. Құрманғалиға жолығып: «Шырағым-ау, ел ұстаймын деген жігіт жұрттың қамын түгел ойлар болар еді. Жұтқа ұшырап жүген ұстап қалуға шақ тұрмыз. Сабанымды кедейлерге үлестіріп беріпсің, біз қайттік, деп едім, Құрманғали жұлып алғандай: «Сіздің жылқыңыз қырылса, үштің бірі қалады. Баға білсең қалпына түседі. Анау Итемірлердің бірлі-жарым күн көргіштері қаусап тұр. Көптің малы түгіл, жанына қауып төндірген арызыңды жұтқа айт», - дегені.

Кәжен. Қашанда қыңыр сөйлейтін әдеті ғой, антұрғанның. Сіз тілеп келтіріп пе екенсіз осы жұтты.

Бекен. «Жұтты сіз тілеп келтірдіңіз»,— дейді. Жетесіздің қай сөзі екен! Қара нөсер жаңбыр мен көк мұздақты мына толас таппайтын үскірікті құдайдан колка етіппін бе? Жылқым қырылсын деппін бе?

Кәжен. Әлде сезе ме екен?

Бекен. Жетесіз неме сезіктенеді-ау деймін. Бірде: — «Байлар кедейлердің шөбіне от қойып, егінін жылқыға таптатып жатыр!» — дегені бар.

Кәжен. Жақсыкұлдың пішендігіне күздігүні от қойғанымыз дұрыс болмады. Елу үйдің бар шөбі күйді... Күймегенде пұл беріп сатып алуға да болатын. Енді, міне, оларға да, бізге де жоқ.

Бекен. Ата-бабамның жері «Жалпақталдың» шөбін Жақсыкұлдан сатып алмақпын ба? Үйткенше, отқа күйсін! Маған да, оған да жоқ!



Кәжен. Қате болды, Беке, қате болды!

Бекен. Ештеңе етпейді, төгілген толмайды, өкініп болмайды. Қысқа қысас істемеген адам оңбайды. *(Иванченко кіреді)*

Иванченко. Тұр, Бекен, атқа мін!

Бекен. Туды ма сәтті күн, туды ма?!

Иванченко. Туды сол күн, сайтандардың сазайын тарттырамыз!

Бекен. Уа, құдай, ақ сарыбас құрмалдық! Кәжен, әкел көк жорғаны! Мақыжанға, Боздаққа хабарла, атқа мінсін!

Иванченко. Россия түгел көтерілді, бүгін түннен қалдырмай большевиктерді жоқ қыламыз!

Бекен. Уа, құдай, қолдай көр, жігіттер!..

Иванченко. Тез болыңдар!

Бекен. Қазір, қазір, жігіттер!

Иванченко. Эй, киргиздар-ай, нашар халықсыңдар-ау, тез болыңдар! *(Барлығы шығады. Сырттан аттардың дүбірі естіледі. Сахна бос. Көптен соң Бекен, Кәжен, Иванченколар кіреді. Кескіндері сұсты, қару-жарақты.)*

Иванченко. Третьяковты қалай да қолға түсіруіміз керек. Қауіпті жау сол. Қазір «Спасовқаға» аттанамыз!

Бекен. Тұтқынды қайтеміз.

Иванченко. Тергеу керек.

Бекен *(ойланып)*. Қолын босатамыз деп пәлеге қалмасақ. Шапшаңқой, қарулы жұдырықпен-ақ жайқап шығады.

Кәжен. Рас, алдап түсірмегенде алдырмайды екен!

Иванченко. Осынша қол бір адамды ала алмай ма?

Кәжен. Алады ғой, қан төгілетін еді. Үйінен бір ящик патрон мен винтовка шықты. Гранаталары тағы бар оңдыра ма?!

Иванченко. «Қорыққанға қос көрінеді» деген, әй, қырғыздар, нашар халықсыңдар-ау!

Бекен. Жоқ, Павыл, ол мықты жау, бетпе-бет келгенде өлім-жітім болуы сөзсіз. Кәжен алдап шығарды да жабыла бас салмадық па?

Кәжен. Соның өзінде аузымды бұзып үлгерді. Көзімді қарашы не істегенін!

Бекен. Мынауың күшке басым. Кәжен, шырағым, еңбек сенікі. Сен болмағанда оңайлықпен беріспейтін еді. Айланды асырдың!



Кәжен. Батыр аңғал ғой, менің «шыға ғой» дегеніме жүгіріп шыққаны. Ха-ха-ха!

Иванченко. Масаттана қоярлықтай ештеңе жоқ. Келтір тұтқынды! *(Қолы байлаулы Құрманғалиды кіргізеді.)*

Иванченко. Қолын шешіп тінтіңдер!

Құрманғали *(документтерін қорғап тінтушіні жақтан салып қалады.)* Тарт, сволочь, арам қолыңды!

Бекен. Ұстандар, жабылыңдар!

Иванченко *(партбилетті алып Бекенге береді).* Мә, Бекен, керегің.

Бекен *(қолдары қалтырап).* Осы ма, нақ сол ма?

Иванченко. Құдайы да, иманы да осы бұлардың!

Бекен *(билетке қарап қарқылдап).* Солай ма Бошекең баласы. Жеткен жерім осы де. Халықтың қарғысы оңдыра ма? Осылай болатынын қашаннан сезетінмін. Елге қанша қиянат жасағаныңды білемісің?

Құрманғали. Мен елге емес, сендерге жасадым. Кедей халықтың қарғысы емес алғысын алдым.

Бекен *(күліп).* Жалаңаяқтардың алғысы сені мына күйге әкелді, солай ма?

Құрманғали. Әкелсін, жалғыз-ақ өкінерім, алдап түсірдіңдер, қапыда қалдым.

Бекен. Қой, шырағым, райыңнан қайт, Бошекеңнің жалғыз баласысың, әкең ешкімге зияны жоқ адам, қызылдарға еріп желікпе! Ресей көтеріліп оларды жоқ қылды. Пір тұтқан Третьяковтың да қамауға алынды. Айтқанымды істе қасарғаннан пайда таппайсың!

Кәжен. Иә, сөйт, большевиктердің шаруасы бітті.

Құрманғали. Атар таңда өздеріңнің де шаруаларың бітеді.

Бекен *(қызыл билетті шетінен шымшып ұстан).* Шын-туайттап келгенде менің жауым сен емес, мынау. Осы қызыл билет. Бәтшағар, оттай қып-қызыл екен. Жалғыз тілегім көп алдында табаныңа салып құртшы. Кегім бітеді, күнәң да кешіріледі!

Құрманғали. Тілегіңді орындаймын, — орындамас бұрын менің де тілегім бар, соны сен де орында!

Бекен. О, бәрекелде, солай болса керек еді!



Кәжен. Иә солай, батырың икемге келе жатыр! *(Күліседі).*

Бекен. Орындаймын айт!

Құрманғали *(қатуланып).* Сонау сөредегі қара құранды жерге тастап аяғыңмен тапта, құрт көзімше!

Бекен. Ойбай, жұртым-ау, мына бұзылған не дейді. Кәлем шәріпті қай қорлағаны! *(Долданып).* Құрт мынаны, тапта аяғыңмен, әйтпесе, жүндей түтіп жіберемін! Жарық дүниені көруің жоқ, бол тез!

Құрманғали. Ленин партиясы жасай берсін! *(Билетті қағып алып төсіне басады. Бекендер жабылып байлап алады.)*

Бекен. Ал тұр солай! *(Барлығы шығады, көрші бөлмеден дауыстары естіліп тұрады.)*

Құрманғали *(жалғыз).* Өттеген-ай, қапы қалғаным. Атысып-шабысып жастығымды ала өлетін едім. Кәжен арам-за мұндайынды білсем етті. *(Ала шапанын сүйретіп молла кіреді.)*

Молла *(құранын ашып).* Алла уатағалла кәлем шарыпта әміршіге бағын. Харасат майданында сауал аз болар, сауаптан табылар деген. Хадиске бой ұсынған пәндәсіне алла уатағалла рақмет айтармын деген. Ойлан, Бекен, әфәндінің айтқанына көн. Әйтпесе, кәфир хауымынан табыласың!

Құрманғали. Аулақ кет, малғұн!

Молла. Ии-и, күнәһәр пәндә! *(Шығады).*

Құрманғали. Ұлы мұраттар жолында құрбан болу қорқынышты емес. Ажалдың андаусызда келгені өкінішті. Жастық өмір, сүйген жар, қарт ата-ана... Иә, ана, сен ұл тудым деп мақтанатын едің-ау! Перзентіңнің ез болмай ер болғанын қалайтынсың, иә, сөйтетінсің... *(Молла кіреді).*


Молла. О, құдайдың құлы, Мұхамметтің үмбеті Құрманғали Бошатай оғылы, тәубәға келіп райыңнан қайттың ба? Әйтпесе, күнфәйә күн иманыңды үйіремін!

Құрманғали. Жо-жоқ ешқашанда жауға бас имеймін!

Шымылдық.



Суреттер. Құжаттар. Шежіре



*КСРО Жазушылар Одагының мүшесі, жазушы
Зейнел-Ғаби Иманбаев*



Жазушының жары — Кәмеш Байқасқызы



Жазушының зайыбы мен балалары, солдан оңға қарай: Аяжан, Алтын, Марал, Зейін, София, Кәмеш Байқасқызы, Зейнұр, Зейнинамал, Ботагөз, Қуаныш, Ардақ




Жазушының қызы Маралдың отбасы. Отырғандар солдан оңға қарай: Марал Зейнел-Ғабиқызы, немересі Асылхан Айбарұлы, отазасы Абай Бейсембайұлы, алдында немересі Айдос Айдылұлы Абай, тұрған тұрғандар солдан оңға қарай: Айдын Абайұлы, оның келіншесі Көгершін Дауылбайқызы, Айбардың келіншесі Гүлмира Ерзажықызы, Айбар Абайұлы



*Бірінші қатарда - Муслима, Сәбит, Әлім, Мәлік Мұқанов.
Екінші қатарда - Ғазиз Балғожин, Зейнел-Ғаби Иманбаев,
Райымқұл Әбуталипов, Қуанышбай Сандыбаев,
Сәркен Барқытов*



*Айтыскер ақындар (оңнан солға қарай, бірінші қатарда):
Уахит Темірбеков, Самархан Жұмадиев, Темірғали
Қасенов; (екінші қатарда, оңнан солға қарай): Бақыт
Мұстафин, Қайкен Баекін, Зейнел-Ғаби Иманбаев, Әлі
Мұсаханов, Мәдет Мұхаметқалиев, Қуат Анафин*



Ғазез Балгожин, Зейнел-Ғаби Иманбаев, Әли Мұсаханов



Повозочное ауылындағы үйі



Облысымыздың жас жазушысы ЗЕЙ-
НЕЛ-ҒАБИ ИМАНБАЕВҚА:

Халықтың сүйікті ұлына
Айналды, қырандай самғайтын.
Бір кітап жазады жылына,
Оқысаң көз нұры талмайтын.
Қиялың «Сырымбет» тауына,
«Бастама» түлетіп ұшырды.
Баспаға тың өмір повестін,
«Қырдағы көктем» деп ұсынды.

«Ленин туы» газеті



Ортақкөл ауылындағы жазушының зираты



„СОРОК ЛЕТ ПОБЕДЫ
В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЕ
1941—1945 гг.“



УЧАСТНИКУ ТРУДОВОГО ФРОНТА

УДОСТОВЕРЕНИЕ

Иманбаев
Зейнел-Заби

В СООТВЕТСТВИИ С УКАЗОМ ПРЕЗИДИУМА
ВЕРХОВНОГО СОВЕТА СССР
от 12 апреля 1985 года
НАГРАЖДЕН ЮБИЛЕЙНОЙ МЕДАЛЬЮ

„СОРОК ЛЕТ ПОБЕДЫ
В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ
ВОЙНЕ 1941—1945 гг.“

ОТ ИМЕНИ ПРЕЗИДИУМА ВЕРХОВНОГО
СОВЕТА СССР МЕДАЛЬ ВРУЧЕНА

„7. май 1985 года

М. П.

Сергей Иванович
(должность и подпись лица,
ручающего медаль)

„ЗА ДОБЛЕСТНЫЙ ТРУД
В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЕ
1941—1945 гг.“



9 № 084243

УДОСТОВЕРЕНИЕ

ЗА ДОБЛЕСТНЫЙ И САМОТВЕР-
ЖЕННЫЙ ТРУД В ПЕРИОД
ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ

Иманбаев
Зейнел-Заби

УКАЗОМ ПРЕЗИДИУМА ВЕРХОВНОГО
СОВЕТА СССР от 6 июня 1945 года
НАГРАЖДЕН МЕДАЛЬЮ

„ЗА ДОБЛЕСТНЫЙ ТРУД
В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ
ВОЙНЕ 1941—1945 гг.“

ОТ ИМЕНИ ПРЕЗИДИУМА ВЕРХОВНОГО
СОВЕТА СССР МЕДАЛЬ ВРУЧЕНА

„12. июня 1945 г.

М. П.

Сергей Иванович
(должность и подпись лица,
ручающего медаль)



A circular medal with a profile of a man facing left. The text "1870-1970" is inscribed along the bottom edge of the medal. Above the medal is a rectangular ribbon bar with two vertical stripes.

Шамбаев

Зейнел-200м

НАГРАЖДЕН ЮБИЛЕЙНОЙ МЕДАЛЬЮ

„ЗА ДОБЛЕСТНЫЙ ТРУД.
В ОЗНАМЕНОВАНИЕ 100-ЛЕТИЯ
СО ДНЯ РОЖДЕНИЯ
ВЛАДИМИРА ИЛЬИЧА ЛЕНИНА“

Секретарь исполкома

Сергеевского

Районного

Совета депутатов трудящихся

М. П.

31 марта 1970 года



СССР:
СОВЕТСКИХ
СОЦИАЛИСТИЧЕСКИХ
РЕСПУБЛИК

УДОСТОВЕРЕНИЕ
К ЮБИЛЕЙНОЙ МЕДАЛИ
"ЗА ДОБЛЕСТНЫЙ ТРУД."
В ОЗНАМЕНОВАНИЕ 100-летия
со дня рождения
ВЛАДИМИРА ИЛЬИЧА ЛЕНИНА

Депутаттыққа сайланғандығы туралы
КУӘЛІК

№ 1 сайлау округінің номері мен аты

сайлау округінің Округтік сайлау комиссиясының дауыс беру протоколына және «Қазақ ССР еңбекшілер депутаттарының облыстық, аудандық, қалалық, поселкелік, ауылдық (селолық, станциялық, қыстақтық) Советтерінің сайлауы туралы Ереженің» 112 және 113 статьяларына сүйеніп, еңбекшілер депутаттарының Бағдаткері Сәткері сайлау аты

Советтің аты

Советінің сайлауы жөніндегі Округтік сайлау комиссиясы

Иманбаев
Фамилиясы,
Зейнет Табо
Әзні және әкесінің аты

жолдастың 135-е ж. 17 қысарт Күні
сайлау болған күн, ай

Қазақ ССР Сев. жазар облысы,
Треснов ауданындағы еңбекшілер депутаттарының Бағдаткері сайлауының Советінің аты

Советіне № 1 сайлау округінің аты сайлау округінен депутат болып сайланғандығын куәландырады.

Округтік сайлау комиссиясының председатели М. О.

Округтік сайлау комиссиясының секретари 18. қысарт 1956 жыл.

Құдалы берілген күн, ай

Депутаттыққа сайланғандығы туралы
КУӘЛІК

Пролетарии всех стран, соединяйтесь!

МАНДАТ №

Товарищ
является делегатом VI съезда писате-
лей Казахстана с правом РЕШАЮЩЕГО
голоса.

МАНДАТНАЯ КОМИССИЯ

Пролетарии всех стран, соединяйтесь!

МАНДАТ №92.

Товарищ Иманбаев З.Г.
является делегатом V съезда писателей
Казахстана с правом РЕШАЮЩЕГО
голоса.

МАНДАТНАЯ КОМИССИЯ.

Мәдениет және тұрмыс Орган Министерства культуры КазССР УДОСТОВЕРЕНИЕ № <u>67</u> Предъявитель сего <u>Иманбаев</u> <u>Зейнеп-Табиги</u> работает в редакции журнала Мәдениет және тұрмыс <u>внештатный</u> <u>корреспондентом К. Ц. Ц. Ц.</u> Редактор _____ Действительно по _____ 1955 г. Ответ. секретарь _____	КВЭЛИК № <u>67</u> <u>И. Иманбаев</u> жоғалды Мәдениет және тұрмыс журналының редакциясында _____ <u>Шаттан ТЫС</u> <u>М. И. И.</u> болып қызмет істейді. Қуәлік мерзімі <u>31-декабрь</u> 1966 ж. Редактор _____
---	--

 Время выдачи билета <u>27. X</u> 19<u>86</u>.	ОРДЕНА ЛЕНИНА СОЮЗ ПИСАТЕЛЕЙ СССР ЛИТЕРАТУРНЫЙ ФОНД СССР ЧЛЕНСКИЙ БИЛЕТ № <u>15223</u> Фамилия <u>Иманбаев</u> Имя и отчество <u>Зейнеп-Табиги</u> Время вступления в Литфонд СССР <u>1986г.</u> Председатель Правления Литфонда СССР <u>Иманбаев</u>
---	---

Правление Союза писателей Казахстана приглашает Вас принять участие в работе IV съезда писателей Казахстана.

Съезд открывается в помещении Дома партийного просвещения 9 марта 1989 года в 10 часов утра (Проспект Сталина, 83)

З. Иманбаев. З.
ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАРЫНЫҢ IV СЪЕЗІ
IV СЪЕЗД ПИСАТЕЛЕЙ КАЗАХСТАНА

Шақыру билеті
Пригласительный билет

ҚҰРМЕТТІ

ЖОЛДАС!

Қазақстан Жазушылар Одағының басқармасы Сізді республика жазушыларының IX съезінің жұмысына қатысуға шақырады.

Съезд 1986 жылғы 10 апрель күні сағат 10-да Қазақ ССР Жоғарғы Советі мәжіліс залында ашылады (Совет көшесі жағынан кіреді).

УВАЖАЕМЫЙ ТОВАРИЩ

ИМАНБАЕВ З.Г.

Правление Союза писателей Казахстана приглашает Вас принять участие в работе IX съезда писателей республики.


Съезд открывается 10 апреля 1986 года в 10 часов в зале заседаний Верховного Совета Казахской ССР (вход с улицы Советской).


Құрметті Иманбаев З.-Г. !

Қазақстан Жазушылар Одағының басқармасы Сізді Қазақстан Жазушылар Одағының VIII съезіне қатысуға шақырады.

Съезд 1981 жылдың 15—17 апрелінде Қазақ ССР Жоғарғы Советінің мәжіліс залында өтеді.

Съезд 15 апрельде сағат 10-да ашылады.





*КСРО Жазушылар Одагының мүшесі, жазушы
Зейнел-Ғаби Иманбаев*



Жазушының жары — Кәмеш Байқасқызы



Жазушының зайыбы мен балалары, солдан оңға қарай: Аяжан, Алтын, Марал, Зейін, София, Кәмеш Байқасқызы, Зейнұр, Зейнинамал, Ботагөз, Қуаныш, Ардақ




Жазушының қызы Маралдың отбасы. Отырғандар солдан оңға қарай: Марал Зейнет-Ғабиқызы, немересі Асылхан Айбарұлы, отазасы Абай Бейсембайұлы, алдында немересі Айдос Айдылұлы Абай, тұрған тұрғандар солдан оңға қарай: Айдын Абайұлы, оның келіншесі Көгершін Дауылбайқызы, Айбардың келіншесі Гүлмира Ержажықызы, Айбар Абайұлы



*Бірінші қатарда - Муслима, Сәбит, Әлім, Мәлік Мұқанов.
Екінші қатарда - Ғазиз Балғожин, Зейнел-Ғаби Иманбаев,
Райымқұл Әбуталипов, Қуанышбай Сандыбаев,
Сәркен Барқытов*



*Айтыскер ақындар (оңнан солға қарай, бірінші қатарда):
Уахит Темірбеков, Самархан Жұмадиев, Темірғали
Қасенов; (екінші қатарда, оңнан солға қарай): Бақыт
Мұстафин, Қайкен Баекін, Зейнел-Ғаби Иманбаев, Әлі
Мұсаханов, Мәдет Мұхаметқалиев, Қуат Анафин*



Ғазез Балгожин, Зейнел-Ғаби Иманбаев, Әли Мұсаханов



Повозочное ауылындағы үйі



Облысымыздың жас жазушысы ЗЕЙ-
НЕЛ-ҒАБИ ИМАНБАЕВҚА:

Халықтың сүйікті ұлына
Айналды, қырандай самғайтын.
Бір кітап жазады жылына,
Оқысаң көз нұры талмайтын.
Қиялың «Сырымбет» тауына,
«Бастама» түлетіп ұшырды.
Баспаға тың өмір повестін,
«Қырдағы көктем» деп ұсынды.

«Ленин туы» газеті



Ортақкөл ауылындағы жазушының зираты



„СОРОК ЛЕТ ПОБЕДЫ
В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЕ
1941—1945 гг.“



УЧАСТНИКУ ТРУДОВОГО ФРОНТА

УДОСТОВЕРЕНИЕ

Иманбаев
Зейнел-Заби

В СООТВЕТСТВИИ С УКАЗОМ ПРЕЗИДИУМА
ВЕРХОВНОГО СОВЕТА СССР
от 12 апреля 1985 года
НАГРАЖДЕН ЮБИЛЕЙНОЙ МЕДАЛЬЮ

„СОРОК ЛЕТ ПОБЕДЫ
В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ
ВОЙНЕ 1941—1945 гг.“

От имени ПРЕЗИДИУМА ВЕРХОВНОГО
СОВЕТА СССР МЕДАЛЬ ВРУЧЕНА

„7. май 1985 года

М. П.

Сергей Иванович
(должность и подпись лица,
ручающего медаль)

„ЗА ДОБЛЕСТНЫЙ ТРУД
В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЕ
1941—1945 гг.“



9 № 084243

УДОСТОВЕРЕНИЕ

ЗА ДОБЛЕСТНЫЙ И САМОТВЕР-
ЖЕННЫЙ ТРУД В ПЕРИОД
ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ

Иманбаев
Зейнел-Заби

УКАЗОМ ПРЕЗИДИУМА ВЕРХОВНОГО
СОВЕТА СССР от 6 июня 1945 года
НАГРАЖДЕН МЕДАЛЬЮ

„ЗА ДОБЛЕСТНЫЙ ТРУД
В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ
ВОЙНЕ 1941—1945 гг.“

От имени ПРЕЗИДИУМА ВЕРХОВНОГО
СОВЕТА СССР МЕДАЛЬ ВРУЧЕНА

„12. июня 1945 г.

М. П.

Сергей Иванович
(должность и подпись лица,
ручающего медаль)



„ЗА ДОБЛЕСТНЫЙ ТРУД, В ОЗНАМЕНОВАНИЕ
100-ЛЕТИЯ СО ДНЯ РОЖДЕНИЯ
ВЛАДИМИРА ИЛЬИЧА ЛЕНИНА“



УДОСТОВЕРЕНИЕ

Шамбаев

Зейнелл-Заби

ОТ ИМЕНИ ПРЕЗИДИУМА ВЕРХОВНОГО
СОВЕТА СССР

НАГРАЖДЕН ЮБИЛЕЙНОЙ МЕДАЛЬЮ

„ЗА ДОБЛЕСТНЫЙ ТРУД,
В ОЗНАМЕНОВАНИЕ 100-ЛЕТИЯ
СО ДНЯ РОЖДЕНИЯ
ВЛАДИМИРА ИЛЬИЧА ЛЕНИНА“

Секретарь исполкома

Сергеевского

Районного

Совета депутатов трудящихся

М. П.

31 марта 1970 года.

и Советского

31 марта 1970 года.

31 марта 1970 года.

31 марта 1970 года.

31 марта 1970 года.

31 марта 1970 года.

31 марта 1970 года.

31 марта 1970 года.

31 марта 1970 года.

31 марта 1970 года.

31 марта 1970 года.

31 марта 1970 года.

31 марта 1970 года.

31 марта 1970 года.

31 марта 1970 года.

31 марта 1970 года.

31 марта 1970 года.

31 марта 1970 года.

31 марта 1970 года.

31 марта 1970 года.

31 марта 1970 года.

31 марта 1970 года.

31 марта 1970 года.

31 марта 1970 года.

31 марта 1970 года.

31 марта 1970 года.

31 марта 1970 года.

31 марта 1970 года.

31 марта 1970 года.

31 марта 1970 года.

31 марта 1970 года.

31 марта 1970 года.

СССР
СОВЕТСКИХ
СОЦИАЛИСТИЧЕСКИХ
РЕСПУБЛИК

УДОСТОВЕРЕНИЕ
К ЮБИЛЕЙНОЙ МЕДАЛИ
„ЗА ДОБЛЕСТНЫЙ ТРУД,
В ОЗНАМЕНОВАНИЕ 100-ЛЕТИЯ
СО ДНЯ РОЖДЕНИЯ
ВЛАДИМИРА ИЛЬИЧА ЛЕНИНА“

Депутаттыққа сайланғандығы туралы
КУӘЛІК

№ 1 сайлау округінің номері мен аты

сайлау округінің Округтік сайлау комиссиясының дауыс беру протоколына және «Қазақ ССР еңбекшілер депутаттарының облыстық, аудандық, қалалық, поселкелік, ауылдық (селолық, станциялық, қыстақтық) Советтерінің сайлауы туралы Ереженің» 112 және 113 статьяларына сүйеніп, еңбекшілер депутаттарының Бағдаткері Сәтжан сайлау аты

Советтің аты Советтің сайлау жөніндегі Округтік сайлау комиссиясы

Иманбаев фамилиясы
Зейнет Табо өзінің және әйелінің аты

жолдастың 135-е ж. 17 қысашы Күні
сайлау болған күні, ай

Қазақ ССР Сев. Қазақ облысы,
Треснов ауданындағы еңбекшілер депутаттарының Бағдаткері Сәтжан сайлау аты Советтің аты

Советіне № 1 сайлау округінің аты сайлау округінен депутат болып сайланғандығын куәландырады.

Округтік сайлау комиссиясының председатели М. О.
Округтік сайлау комиссиясының секретари 18. қысашы 1956 жыл.
құжат берілген күні, ай

Депутаттыққа сайланғандығы туралы
КУӘЛІК

Пролетарии всех стран, соединяйтесь!

МАНДАТ №

Товарищ
является делегатом VI съезда писате-
лей Казахстана с правом РЕШАЮЩЕГО
голоса.

МАНДАТНАЯ КОМИССИЯ

Пролетарии всех стран, соединяйтесь!

МАНДАТ №92.

Товарищ Иманбаев З.Г.
является делегатом V съезда писателей
Казахстана с правом РЕШАЮЩЕГО
голоса.

МАНДАТНАЯ КОМИССИЯ.

Мәдениет және тұрмыс ОРГАН МИНИСТЕРСТВА КУЛЬТУРЫ КАЗССР УДОСТОВЕРЕНИЕ № <u>67</u> Предъявитель сего <u>Иманбаев</u> <u>Зейнеп-Табиги</u> работает в редакции журнала Мәдениет және тұрмыс <u>внештатный</u> <u>корреспондентом К. Ц. Ц. Ц.</u> Редактор _____ Действительно по _____ 1955 г. Ответ. секретарь _____	КУЭЛІК № <u>67</u> <u>І. Иманбаев</u> жоғалды Мәдениет және тұрмыс журналының редакциясында _____ <u>Шаттан ТЫС</u> <u>Мініші</u> болып қызмет істейді. Куәлік мерзімі <u>31-декабрь</u> 1966 ж. Редактор _____
---	---

